

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және "Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 113 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 9-10, 58-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

1. Паспорт

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Атауы	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама)
Өзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1) тармақшасы; Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген менеджменттің заманауи құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу қажеттігі туралы тапсырмасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 28-тармағы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы; Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Орындауға жауапты	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Іске асыруға жауаптылар	1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері; 2) Жобалық тәсілдемеге сәйкес Мемлекеттік бағдарламаның Басқарушы кеңесі инвестициялық бағдарламаларды, агроөнеркәсіптік кешенмен (бұдан әрі – АӨК) аралас кіші бағдарламаларды және өңірлердегі АӨК-ні дамыту бағдарламаларын іске асыруға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың саяси лауазымды адамдарының дербес жауапкершілігін бекітіп береді. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінде Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын басқаруға жобалық тәсілдеме енгізу пилоттық болады.
Басты мақсаты	Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімін 5 жыл ішінде 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту.

Еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға 2015 жылғы 1,2 млн. теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн. теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылы 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Міндеттер	1)	Азық-түлік	қауіпсіздігін	қамтамасыз	ету;
	2)	АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін	қамтамасыз	ету;	
	3)	Жер ресурстарын	пайдалану	тиімділігін	арттыру;
	4)	Су ресурстарын	пайдалану	тиімділігін	арттыру;
	5)	Өткізу нарықтарының қолжетімділігін және экспортты дамытуды	қамтамасыз	ету;	
	6)	Аграрлық ғылымды, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілері құзыретінің деңгейін дамытуды	қамтамасыз	ету;	
	7)	АӨК-дегі өндірісті техникалық жарақтау және қарқындалу деңгейін	арттыру;		
	8)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және АӨК-ге цифрлық технологияларды енгізуді	қамтамасыз	ету;	
	9)	Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайына қанағаттануы деңгейін	арттыру.		

Іске асыру мерзімі 2017 – 2021 жылдар

	2021	жылы	мынадай	көрсеткіштерге	қол	жеткізу:
Нысаналы индикаторлар	1)	2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі индексі (2017 жылы – 112 %, 2018 жылы – 118 %, 2019 жылы – 196 %, 2020 жылы – 228 %, 2021 жылы – 267				%)
	2)	2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі (2017 жылы – 108 %, 2018 жылы – 113 %, 2019 жылы – 154,2 %, 2020 жылы – 170,5 %, 2021 жылы – 190,2				%)
	3)	2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі (2017 жылы – 159 %, 2018 жылы – 185 %, 2019 жылы – 304 %, 2020 жылы – 395,3 %, 2021 жылы – 516				%)
	4)	2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда тамақ өнімдері өндірісіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі (2017 жылы – 102 %, 2018 жылы – 122 %, 2019 жылы – 185,2 %, 2020 жылы – 204,5 %, 2021 жылы – 221,9				%)
	5)	азық-түлік тауарлары импортының көлемі (2017 жылы – 2 466 млн. АҚШ доллары, 2018 жылы – 2 377 млн. АҚШ доллары, 2019 жылы – 2 288 млн. АҚШ доллары, 2020 жылы – 2 196 млн. АҚШ доллары, 2021 жылы – 2 105 млн. АҚШ доллары)				
	6)	өнеркәсіпте қайталама және айналымды сумен жабдықтау жүйелеріндегі су көлемі: қайталама (2017 жылы – 0,7 км3, 2018 жылы – 0,71 км3, 2019 жылы – 0,73 км3, 2020 жылы – 0,75 км3, 2021 жылы – 0,77 км3)				км3)
		айналымды (2017 жылы – 7,33 км3, 2018 жылы – 7,38 км3, 2019 жылы – 7,46 км3, 2020 жылы – 7,54 км3, 2021 жылы – 7,62 км3)				км3)
	7)	өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі (2017 жылы – 1 081,0 млн. АҚШ доллары, 2018 жылы – 1 150,0 млн. АҚШ доллары, 2019 жылы – 1 270,0 млн. АҚШ доллары, 2020 жылы – 1 650,0 млн. АҚШ доллары, 2021 жылы – 2 400,0 млн. АҚШ доллары)				
	8)	суаруға арналған су шығысы (2017 жылы – 8 608 текше м/га, 2018 жылы – 8 223 текше м/га, 2019 жылы – 7 873 текше м/га, 2020 жылы – 7 548 текше м/га, 2021 жылы – 7 348 текше м/га)				
		Мемлекеттік бағдарламаны 2017 – 2021 жылдары іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар барлығы 2 947,1 млрд. теңгені (РБ – 1 829,5 млрд. теңге*, ЖБ – 849,9 млрд. теңге*, басқа көздер – 267,8 млрд. теңге) құрайды, оның ішінде:				
Қаржыландыру көздері мен көлемі	2021	жылы	мынадай	көрсеткіштерге	қол	жеткізу:
	барлығы	–	372,7	млрд.		теңге;
	РБ	–	232,5	млрд.		теңге;
	ЖБ	–140,2		млрд.		теңге;

2018					жылы:
барлығы	—	454,4	млрд.	теңге;	
РБ	—	262	млрд.	теңге;	
ЖБ	—	150,1	млрд.	теңге;	
басқа көздер	—	42,3	млрд.	теңге;	
2019				жылы:	
барлығы	—	507,6	млрд.	теңге;	
РБ	—	290,6	млрд.	теңге;	
ЖБ	—	156,7	млрд.	теңге;	
басқа көздер	—	60,2	млрд.	теңге;	
2020				жылы:	
барлығы	—	745,6	млрд.	теңге;	
РБ	—	468,4	млрд.	теңге;	
ЖБ	—	200,6	млрд.	теңге;	
басқа көздер	—	76,5	млрд.	теңге;	
2021				жылы:	
барлығы	—	866,8	млрд.	теңге;	
РБ	—	576,0	млрд.	теңге;	
ЖБ	—	202,1	млрд.	теңге;	
басқа көздер – 88,6 млрд. теңге					

* сомалар инвестициялық бағдарламалар, АӨК-мен аралас кіші бағдарламалар және өңірлердегі АӨК-ні дамыту бағдарламалары негізінде тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады

** Мемлекеттік бағдарламаның нәтижелер көрсеткіштерін орындау тиісті қаржы жылдарына арналған қаржыландыру көлемдерінен айқындалатын болады.

2. Кіріспе

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Агроөнеркәсіптік кешендегі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын экономиканың маңызды секторының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) АӨК одан әрі даму перспективасы бар: өткізу нарықтары, егістіктер, суармалы егіншілікті дамыту перспективасы бар, май, ет секторларының экспорттық позициялары күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан аса қысқа мерзімде әлемдегі ең ірі экспорттаушы елдердің қатарына кірді.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) және Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) мүшелігі мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілікке жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты АӨК-ні мемлекеттік реттеудің рөлі аса маңызды.

Тәуелсіздік кезеңінде тоғыз бағдарламалық құжат әзірленді, олардың негізінде АӨК саласындағы мемлекеттік саясат іске асырылды: 1991 – 1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған "Ауыл" әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 1993 – 1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000 – 2002 жылдарға арналған бағдарламасы, 2003 – 2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың 2006 – 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытудың 2006 – 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасы және Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі "Агробизнес-2017" бағдарламасы.

Осы Мемлекеттік бағдарлама:

1) Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген мемлекеттік секторда менеджменттің заманауи құралдарын және корпоративтік басқарудың қағидаттарын енгізу қажеттігі туралы тапсырмасына;

2) Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі кеңейтілген отырысында берілген Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу қажеттігі туралы тапсырмасына;

3) "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында және "Қазақстан-2050" стратегиясында белгіленген Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттарына;

4) Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына;

5) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Осылайша, осы Мемлекеттік бағдарлама агроөнеркәсіптік кешеніндегі еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайтуға бағытталған.

Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың "Агробизнес-2017" бағдарламасы мен Қазақстанның су

ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасын интеграциялау негізінде әзірленді.


Мақсаттарға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (осы Мемлекеттік бағдарламаға 1-қосымша) іске асыру жолымен қол жеткізілетін болады.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Ауыл шаруашылығында елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) шамамен 5 %-ы жасалады.

2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,3 трлн. теңгені, 2016 жылы 3,7 трлн. теңгені, 2017 жылы 4,1 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2015 жылдың деңгейінен 23,1 %-ға төмен.

1-диаграмма. Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің серпіні, млрд. теңге



АӨК саласын SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленеді;	елдің ЖІӨ-сіндегі ауыл шаруашылығы өнімдері үлесінің төмендігі (4,8 %);

<p>Қазақстан жан басына шаққандағы егістік жерлердің алаңы бойынша әлемде екінші орынды иеленеді; 1,4 млн. гектар суармалы жерлердің болуы;</p> <p>Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді;</p> <p>Іргелес елдердегі (ТМД, Орталық Азия, Қытай) азық-түлік өнімдеріне деген өсіп жатқан сұраныс</p>	<p>жоғары жұмыспен қамтылу (жұмыспен қамтылған халықтан 18 %) және ауыл тұрғындарының көптігі (барлық халықтан 43 %) аясында жұмыс өнімділігінің төмендігі;</p> <p>экспорт үлесінің төмендігі;</p> <p>сауда-логистика инфрақұрылымының дамымағандығы және электрондық сауданың іс жүзінде жоқтығы;</p> <p>технологиялар трансферті деңгейінің төмендігі;</p> <p>ғылыми зерттеулер ауыл шаруашылығы өндірісінің қажеттіліктеріне бағдарланған;</p> <p>нашар ғылыми зерттеулерді және технологиялар трансфертін жеке қаржыландырудың іс жүзінде жоқтығы;</p> <p>ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі деңгейінің жеткіліксіздігі;</p> <p>капиталды көп қажетсіну;</p> <p>өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығы;</p> <p>АӨК-ні жеткіліксіз қаржыландыру, оның ішінде "арзан және ұзақ" ақшаның жоқтығы;</p> <p>табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік;</p> <p>су ресурстарының шектеулілігі және 44 % ағынның іргелес елдер аумақтарында қалыптасуы;</p> <p>АӨК субъектілерінің бәсекелестігі мен рентабельділігі деңгейінің төмендігі;</p> <p>өндірістің жалпы көлемінде жеке қосалқы шаруашылықтар өндіретін бәсекеге қабілетсіз, төмен сапалы өнім жоғары үлес алады</p>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<p>ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлері бойынша өндіріс көлемін ұлғайту;</p> <p>технологияларды енгізуге және инвестициялар тартуға жағдай жасау, оның ішінде АӨК-ні ауқымды цифрландыру;</p> <p>перспективалы салалар бойынша жеткізілімдер географиясы мен экспорт көлемін ұлғайту;</p> <p>органикалық өнімдерді өндіру мен экспорттау әлеуетінің жоғарылығы;</p> <p>суармалы жерлер алаңын ұлғайту және олардың тиімділігін арттыру;</p> <p>аграрлық ғылымды еңбек өнімділігі мен АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың драйверіне айналдыру үшін жағдай жасау;</p> <p>жұмыртқаны терең өңдеу әрі сұйық және ұнтақ өнімдер алу</p>	<p>ауа райы жағдайының тұрақсыздығы, табиғи-климаттық жағдайдың қолайсыз өзгеруі, су ресурстары көлемінің тапшылығы;</p> <p>жануарлар мен өсімдік ауруларының таралуы, табиғи ортаның ластануы;</p> <p>ДСҰ-ға, ЕАЭО-ға кірумен байланысты жекелеген өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтарда бәсекелестіктің артуы;</p> <p>саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі</p>

3.1. Азық-түлік қауіпсіздігі

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

ҚР-ның азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және мықты мемлекетті қалыптастырудың, оның ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсімінің басты шарттарының бірі болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздікті заңнамалық деңгейде қамтамасыз ету үшін азық-түлік қауіпсіздігінің қажеттілігі "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы ҚР Заңында бекітіліп берілген.

ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер ҚР үшін ХХІ ғасырдың он ғаламдық сынының бірі ретінде белгіленген.

ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі отырысында Президент азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің ең маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылатынын атап өтті.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жаһандану процестерінің дамуы - Қазақстанның ЕАЭО мен ДСҰ-ға кіруі жағдайында ерекше өзекті болып отыр.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі ҚР Заңына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшемшарттары мыналар болып табылады:

- 1) азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі;
- 2) азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі;
- 3) тамақ өнімдері қауіпсіздігінің кепілдігі.

Азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі

Азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі – республиканың барлық аумағында азық-түлік тауарларының уақыттың әр сәтінде және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде болуы.

Өсімдік шаруашылығы. 2015 жылы жалпы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлемі 1,8 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 5,8 %-ға төмен. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 55,2 %-ды құрады.

2016 жылы аталған көрсеткіш 2,0 трлн. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың деңгейінен нақты мәнде 12,2 %-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы сала үлесі 55,3 %-ды құрады.

Осыған ұқсас көрсеткіш 2017 жылы 2,3 трлн. теңгені құрады, бұл 2016 жылдың деңгейінен нақты мәнде 11,2 %-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы сала үлесі 55,4 %-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы соңғы 5 жылда 21 млн. гектарды құрады және болмашы ғана өзгерді, негізгі өзгерістер оның құрылымында байқалды. Егістердің айтарлықтай үлесі бидайға бөлінген, бірақ монодақылдылықтан бас тартуға бағытталған өсімдік шаруашылығын әртараптандыру саясатының және басқа дақылдардың алаңын кеңейтудің арқасында 2011 жылдан бастап бидай егістері 13,8 млн. гектардан 2017 жылы 12,0 млн. гектарға дейін қысқарды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 2-қосымша).

Көрсетілген жылдары арпа алаңы 534,7 мың гектарға немесе 34,7 %-ға, сұлы 69,6 мың гектарға (46,6 %), жүгері (маис) 38,9 мың гектарға (39,1 %), майлы дақылдар 664,5 мың гектарға (36,6 %), азықтық дақылдар 831,5 мың гектарға (31,7 %), көкөніс-бақша дақылдары 42,1 мың гектарға (21,4 %) өсті.

2-диаграмма. 2013 – 2017 жылдардағы егіс алаңдарының серпіні, млн. гектар

2011 – 2017 жылдары дәнді дақылдардың егіс алаңы 16,2 млн. гектардан 15,4 млн. гектарға дейін қысқарды. Соңғы 5 жылда (2013 – 2017 жылдары) орташа жылдық астық жиналымы 19,1 млн. тоннаны құрады, бұл 2008 – 2012 жылдардағы ұқсас көрсеткіштен 7,8 %-ға артық. Бұл ретте дәнді дақылдардың орташа түсімділігі гектарына 12,6 центнерді (12,3 %-ға артық) құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 3-қосымша).

Майлы дақылдардың егіс алаңы 2017 жылы 2,5 млн. гектарды немесе жалпы егіс алаңының 9,8 %-ын құрады. 2011 жылмен салыстырғанда майлы дақылдардың жалпы алаңындағы күнбағыстың үлес салмағы 16,3 пайыздық тармаққа қысқарды, бұл ретте рапстың үлесі 1,7 пайыздық тармаққа, зығырдың үлесі 17,1 пайыздық тармаққа, сояның үлесі 1,3 пайыздық тармаққа ұлғайды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 4-қосымша).


2017 жылы азықтық дақылдар алаңы 3,5 млн. гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 31,7 %-ға артық. Жалпы егіс алаңына қарағанда азықтық дақылдардың егіс алаңының үлесі 15,8 %-ды құрады, ол 2011 жылы 12,4 %-ды құраған болатын.

Көрсетілген кезеңде көпжылдық шөптер алаңы 18,9 %-ға, біржылдық шөптер алаңы 2,2 есеге өсті. Алайда, азықтық дақылдардың жалпы жиналымы мал шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз (осы Мемлекеттік бағдарламаға 5-қосымша).


2011 – 2017 жылдар аралығындағы кезеңде көкөніс дақылдарының егіс алаңы 12,5 %-ға ұлғайды, бұл ретте өндіріс 31,7 %-ға ұлғайды. Ішкі тұтынудағы импорттың үлесі 2017 жылы 7,5 %-ды құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 6-қосымша).

3-диаграмма. 2011 – 2017 жылдардағы майлы дақылдардың егіс алаңдары мен жалпы жиналымы құрылымы

Егіс алаңдары, **мың га**



Жалпы жиналымы, мың га



2017 жылы жабық топырақтағы құрылысжайлар алаңы 1150,1 гектарды, жылыжай көкөністерінің жалпы жиналымы 175,4 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 147,6 мың тоннаға немесе 6,3 есеге артық. Халықтың маусымаралық кезеңде жылыжай көкөністерімен қамтамасыз етілуі 39,6 %-ды құрайды.

2017 жылы картоптың егіс алаңы 183,5 мың гектарды, жалпы жиналымы 3 551,1 мың тоннаны құрады. Бұл ретте картоптың жалпы жиналымы 2011 жылмен салыстырғанда 15,4 %-ға өсті (осы Мемлекеттік бағдарламаға 7-қосымша). Бұл ретте ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) өндіретін картоп толығымен қалалардың базарларына, тұқымға және экспортқа кетеді.

2017 жылы жеміс-жидек дақылдары мен жүзімдіктердің алаңы 59,8 мың гектарды, жалпы жиналымы 334,6 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылдың

деңгейінен тиісінше 9,5 %-ға және 43,4 %-ға артық. Көрсетілген көлем республика халқының қажеттілігін 19,4 %-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тапшылық импорттық өнімдер есебінен жабылады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 8-қосымша).

2017 жылы қант қызылшасының егіс алаңы 19,2 мың гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 8,6 %-ға аз. Соңғы 5 жылда (2013 – 2017 жылдары) қант қызылшасы өндірісінің орташа жылдық көлемі 214,2 мың тоннаны құрады, бұл 2008 – 2012 жылдар көрсеткіштерімен салыстырғанда 51,1 мың тоннаға немесе 31,3 %-ға көп. Қант қызылшасы өндірісі көлемінің жеткіліксіздігі себебінен республикаға жыл сайын орта есеппен 255 мың тонна көлемінде құрақ қант шикізаты импортталады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 9-қосымша).


Шитті мақта өндірісі Оңтүстік Қазақстан облысында шоғырланған. 2011 – 2017 жылдар аралығындағы кезеңде әртараптандыру бойынша қабылданған шаралар шеңберінде мақтаның егіс алаңдарының төмендеуі 26,0 мың гектарды немесе 16,2 %-ды құрады, орташа жылдық түсімділік гектарына 26,9 центнер болғанда, шитті мақтаның жалпы жиналымы 5,6 мың тоннаға немесе 1,7 %-ға азайды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 10-қосымша).

Өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірістік шығындарының құрылымында шығымдылыққа тікелей ықпал ететін шығындар (тұқымдар, жанар-жағармай материалдары, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары мен негізгі құралдардың амортизациясы) 70 %-ға дейінгіні құрайды.

2016 жылы АШТӨ-нің дәнді дақылдардың (бидай, арпа, сұлы) егіс алаңының 1 гектарына арналған өндірістік шығындары орта есеппен 1 гектарға 31657 – 36834 теңгені, астыққа арналған жүгері бойынша 114488 теңгені, майлы дақылдар бойынша 26487 теңгеден (рапс) 40159 теңгеге (күнбағыс) дейінгіні, қант қызылшасы бойынша 215407 теңгені құрады.


Республикада ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өндіру мен өткізуді 325 аттестатталған тұқым өндіруші жүзеге асырады, бұл ретте олардың басым көпшілігі (66 %) дәнді дақылдар тұқымын өндірумен айналысады, майлы дақылдар бойынша – 69, азықтық шөптер бойынша – 56, жүгері бойынша – 13, қант қызылшасы бойынша – 2 субъект аттестатталған. Осыған байланысты республикада өндірілген көрсетілген дақылдар тұқымдарының көлемі оларға деген қажеттілікті жаппайды және тұқым импортының айтарлықтай үлесі байқалады.

4-диаграмма. Әртүрлі репродукциялар тұқымдары себілген егістер үлесі, %



Органикалық тыңайтқыштар енгізілген алаң 2015 жылы шамамен 69 мың гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 29,1 %-ға төмен, 2017 жылы 117 мың гектарды құрады, бұл 2015 жылдың деңгейінен 70 %-ға жоғары. Егістік алаңы 21-22 млн. гектар болған кездегі республиканың органикалық тыңайтқыштарға деген жыл сайынғы қажеттілігі ғылыми негізделген енгізу нормасы гектарына 5 тонна болғанда шамамен 100-110 млн. тоннаны құрайды.

5-диаграмма. Тыңайтқыштарды қолдану серпіні



2013 – 2017 жылдары орташа есеппен жыл сайын 121,0 мың тонна әсер етуші заттағы минералды тыңайтқыш енгізілді. Ауыл шаруашылығының минералды тыңайтқыштарға деген жыл сайынғы қажеттілігі әсер етуші затта 1,0 млн. тоннаны немесе нақты салмақта шамамен 2,5 млн. тоннаны құрайды. Бұл ретте 48 %-ы азотты тыңайтқыштардың үлесіне, 51 %-ы фосфорлы тыңайтқыштардың үлесіне, 1 %-ы калийлі тыңайтқыштардың үлесіне тиесілі (осы Мемлекеттік бағдарламаға 11-қосымша).

Мал шаруашылығы. Жалпы мал шаруашылығы өнімінің көлемі 2015 жылы 1,5 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 3,8 %-ға жоғары, 2016 жылы 1,6 трлн. теңгені құрады, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда нақты мәнде 102,8 %-ға жоғары, 2017 жылы 1,8 трлн. теңгені құрады, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда нақты мәнде 103,9 %-ға жоғары.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 44,4 %-ды құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара мал басының саны 2011 жылмен салыстырғанда 8,4 %-ға, жылқы 28,8 %-ға, қой 1,6 %-ға, құс 8,4 %-ға ұлғайған, 2017 жылдың 1 қаңтарына ірі қара мал басы саны 18,6 %-ға, жылқылар 40,6 %-ға, қойлар 0,5 %-ға, құстар 12,3 %-ға ұлғайды, 2018 жылдың 1 қаңтарына ірі қара мал басы саны 12,5 %-ға, жылқылар 50,3 %-ға, қойлар 1,3 %-ға, құстар 21,4 %-ға ұлғайды.

2015 жылы мал шаруашылығы өнімдері өндірісінде жеке қосалқы шаруашылықтардың (бұдан әрі – ЖҚШ) үлесіне жалпы өндіріс көлемінің ет бойынша 62 %-ы, сүт бойынша 80 %-ы, жұмыртқа бойынша 26 %-ы тиесілі, 2016 жылы жалпы өндіріс көлемінің ет бойынша 59,7 %-ы, сүт бойынша 77,2 %-ы, жұмыртқа бойынша 26,5 %-ы тиесілі, 2017 жылы жалпы өндіріс көлемінің ет бойынша 56,3 %-ы, сүт бойынша 74,6 %-ы, жұмыртқа бойынша 24,0 %-ы тиесілі болды.

2015 жылы шаруашылықтардағы жануарларды сою немесе мал мен құстың барлық түрлерін союға өткізу шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша сойылған салмақта 931,0 мың тоннаны құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 11,1 %-ға артық, 2016 жылы 960,7 мың тоннаны құрады, бұл 14,6 %-ға жоғары, 2017 жылы 1017,6 мың тоннаны құрады, бұл тиісінше 21,4 %-ға жоғары.

6-диаграмма. Жануарлар басының саны, млн. бас

2015 жылдың қорытындылары бойынша тұтыну құрылымындағы сиыр еті импортының үлесі 3,7 %-ды, шошқа еті бойынша 3,9 %-ды, жылқы еті бойынша 3 %-ды, қой еті бойынша 0,01 %-ды құрады, 2017 жылдың қорытындылары бойынша тиісінше сиыр еті бойынша 3,4 %-ды, шошқа еті бойынша 2,5 %-ды құрады, бұл аталған өнім түрлерінің экспорттық әлеуеті жоғары екендігін білдіреді. Құс еті өндірісінің өсуіне қарамастан, аталған өнім бойынша импортқа тәуелділік дәрежесі жоғары (53,5 %) күйінде қалып отыр.

Барлық түрдегі сүт өндірісі 2015 жылы 5182,4 мың тоннаны, 2016 жылы 5341,6 мың тоннаны, 2017 жылы 5503,4 мың тоннаны құрады. Сүтті өңдеу өнімдерін тұтыну құрылымындағы импорттың үлесі 8,0 %-дан 12,5 %-ға дейінгіні құрайды.

Жұмыртқаның ішкі өндірісі ішкі нарық қажеттілігін толық өтейді. Тауарлық жұмыртқа экспорты 2015 жылы жалпы өндіріс көлемінің шамамен 2 %-ын, 2016 жылы 3,2 %-ын, 2017 жылы 6,8 %-ын құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 12-қосымша).

Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірістік шығындары құрылымында азықтар 65 – 70 %-ды құрайды. Сиыр етінің өнеркәсіптік негіздегі өндірісінің өзіндік құнының 1 килограммы 870 – 930 теңгені, сүттің 1 литрі 70 – 75 теңгені, құс етінің 1 килограммы 430- – 450 теңгені, жұмыртқаның 1 данасы 15 – 15,5 теңгені, қой етінің 1 килограммы 690 – 720 теңгені, шошқа етінің 1 килограммы 610 – 620 теңгені, жылқы етінің 1 килограммы 550 теңгені құрайды.

Соңғы бес жыл ішінде отандық АШТӨ-дегі ауыл шаруашылығы жануарларының орташа өнімділігі артты, бірақ дамыған елдер деңгейінен төмен күйінде қалып отыр. Мысалы, елдегі орташа сүт сауылымы 2015 жылы бір сауын сиырға 2200 кг құрады, ал Канадада бұл көрсеткіш 4 есеге жоғары, 2016 жылы 2324 кг, 2017 жылы 2337 кг құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 13-қосымша).

Қазіргі уақытта бір шартты мал басына 14 центнер азықтық бірлік өндіріледі, бұл зоотехникалық нормалардан 2 есеге төмен. 2015 жылы құрамажем өндірісі кәсіпорындардың жиынтық қуаттылығы 2,5 млн. тонна кезінде 1,2 млн. тоннаны құрады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен құстың асыл тұқымды басының үлесі айтарлықтай ұлғайып, 2015 жылдың қорытындылары бойынша: ірі қара мал – 10,6, қой – 15,1 %, шошқа – 19,9 %, жылқы – 7,9 %, түйе – 13,1 % және құс – 17,1 % құрады, 2016 жылдың қорытындылары бойынша: ірі қара мал – 11 %-ды, қой – 14,7, шошқа – 18,7 %, жылқы 7,8 %, түйе 12,7 % және құс 18,5 % құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 14-қосымша).

Акваөсіру. Бүгінде Қазақстанда негізгі балық ресурстары табиғи су айдындарынан ауланады, бұл ретте акваөсіру нашар дамыған. Айталық, 2015 жылы балық өсіру көлемі 0,7 мың тоннаны, 2016 жылы 1,8 мың тоннаны, 2017 жылы 2,7 мың тоннаны, ал балық және басқа да су жануарларын аулау 2015 жылы 41,5 мың тоннаны, 2016 жылы 44,0 мың тоннаны, 2017 жылы 40,7 мың тоннаны құрады.

Балық өсіруді 120-дан астам балық өсіру шаруашылығы, оның ішінде: 80 көлдік-тауарлық балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – КТБӨШ), 19 тоғандық, тұйықталған сумен қамтамасыз ету қондырғылары (бұдан әрі – ТСҚЕК) бар 15 индустриялық балық өсіру шаруашылығы, 3 бассейндік және 4 шарбақты балық өсіру шаруашылығы жүзеге асырады.

Жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған балықтың ішкі нарығы 70 мың тонна деңгейінде бағаланады. Ішкі тұтынудағы импорттың үлесі 75 %-ды құрайды.

Балық өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың қуаты жылына 87 мың тоннаны құрайды, 2015 – 2017 жылдардағы жүктемесі 43 %-дан аспайды.

Балық өңдейтін қуаттылықтардың орналасуы ірі кәсіпшілік су айдындарына байланыстырылған. Негізгі шығару көлемі Атырау және Қызылорда облыстарына тиесілі.

2015 жылы жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балық өндіру көлемі 24,7 мың тоннаны, дайындалған немесе консервіленген балық өндіру көлемі 9,4 мың тоннаны құрады. 2017 жылдың қорытындылары бойынша жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балық өндіру көлемі 26,4 мың тоннаны құрады, бұл 2016 жылмен (27,2 мың тонна) салыстырғанда 2,8 %-ға аз. 2017 жылы дайындалған немесе консервіленген балық өндіру көлемі 11,7 мың тоннаны, 2016 жылы 7,5 мың тоннаны құрады.

2015 жылы жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балық экспорты 52,6 млн. АҚШ доллары сомасына 24,9 мың тоннаны, 2016 жылы 49,5 млн. АҚШ доллары сомасына 23,2 мың тоннаны, 2017 жылы 50,8 млн. АҚШ доллары сомасына 20,2 мың тоннаны құрады. Балық пен балық өнімдері импорты 61,5 млн. АҚШ доллары сомасына 52,2 мың тоннаны, 2016 жылы 60,7 млн. АҚШ доллары сомасына 48,9 мың тоннаны, 2017 жылы 70,9 млн. АҚШ доллары сомасына 45,4 мың тоннаны құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 15-қосымша).

Азық-түлік тауарларының өндіріс көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны тұтастай алғанда тұрғындардың тұтынуы мен кірісі өсімінің қарқынына жете

алмауда, нәтижесінде нарықтағы бос тауаша импорт есебінен толтырылып, оның ішкі тұтынуғағы үлесі қомақты күйінде қалып отыр.

Тағам өнімдері өндірісінің жалпы шығарылымы 2015 жылы 1,1 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 12,5 %-ға жоғары. 2017 жылы 1 478,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылмен (1 448,4 млрд. теңге) салыстырғанда 4,1 %-ға жоғары.

Сала кәсіпорындары 2017 жылы республикалық өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 6,5 %-ын, өңдеу өнеркәсібі көлемінің 16 %-ын өндірді.

2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы заттай мәнде ет және ет-өсімдік консервілері өндірісі 11,2 %-ға (7 450 тоннадан 8 288 тоннаға дейін), өңделген сүт 2 %-ға (472,4 мың тоннадан 481,8 мың тоннаға дейін), сары май 7,9 %-ға (15 600 тоннадан 16 840 тоннаға дейін), қатты ірімшік 19 %-ға (3 568 тоннадан 4 256 тоннаға дейін), ұн 3,7 %-ға (3 974,1 мың тоннадан 4 221,7 мың тоннаға дейін), макарон өнімдері 7,2 %-ға (152,4 мың тоннадан 163,4 мың тоннаға дейін), жарма 22,6 %-ға (57,5 мың тоннадан 70,5 мың тоннаға дейін), өсімдік майы 15,1 %-ға (312,3 мың тоннадан 359,6 мың тоннаға дейін), өңделген күріш 6,7 %-ға (173,9 мың тоннадан 185,7 мың тоннаға дейін), қант қызылшасынан алынған қант 32,4 %-ға, жүгері крахмалы 29 %-ға (9,6 мың тоннадан 12,4 мың тоннаға дейін), крахмалды сірне 14,7 %-ға (55,2 мың тоннадан 63,3 мың тоннаға дейін), жеміс және көкөніс шырындары 5,8 %-ға (141,9 млн. литрден 150,1 млн. литрге дейін), консервіленген көкөністер 15,7 %-ға (19 мың тоннадан 22 мың тоннаға дейін), өңделген картоп 8,1 %-ға (627 тоннадан 678 тоннаға дейін), шоколад 10 %-ға (106,0 мың тоннадан 116,9 мың тоннаға дейін), алкогольсіз сусындар 5,7 %-ға (1 126,1 млн. литрден 1 190,9 млн. литрге дейін) ұлғайды.

2017 жылдың деректері бойынша тамақ өнімдері өндірісінің құрылымында негізгі үлесті астық өңдеу саласы (20 %), сүт (16,2 %), ет өңдеу саласы (14 %), нан-тоқаш саласы (13,5 %), май-тоң май саласы (8,7 %), жеміс-көкөніс саласы (7,1 %) және өзге де салалар (20,5 %) құрайды.

7-диаграмма. 2015 жылғы ақшалай мәндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңделген өнімдері өндірісі, млн. теңге

Елдің ауыл шаруашылығы шикізатының өңделген және тамақ өнеркәсібі өнімдері бойынша сыртқы саудадағы тауар айналымының көлемі 2015 жылы 3,2 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2011 жылдың көлемінен (3,8 млрд. АҚШ доллары) 15,8 %-ға төмен, 2017 жылы 3,435 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2011 жылдың көлемінен 9,57 %-ға төмен.

Ауыл шаруашылығы шикізатының өңделген және тамақ өнеркәсібі өнімдері бойынша экспорт көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 2017 жылы 12,04 %-ға (0,964 млрд. АҚШ долларынан 1,081 млрд. АҚШ долларына дейін) ұлғайды.

Импорт көлемі 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 21,1 %-ға азайып, 2,2 млрд. АҚШ долларын құрады, 2017 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 16,9 %-ға төмендеп, 2,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

Анағұрлым жоғары технологиялы өндіріс бойынша импорттың жоғары үлесі сақталуда. Орташа есеппен бес жылда мал шаруашылығы өнімдерінің өңделген өнімдері бойынша импорттың анағұрлым жоғары үлесі ірімшік пен сүзбеге (46 %), шұжық өнімдеріне (41 %), ет және ет-өсімдік консервілеріне (42 %) және сары майға (36,4 %) тиесілі. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өңделген өнімдері бойынша импорттың анағұрлым жоғары үлесі қант (42 %) бойынша байқалады, ал құрақ қант шикізатын әкелу есебінен импорт 97 %-ға дейін жетеді. Бұл ретте қант зауыттарының өндірістік қуаттылықтары 37,1 %-ға жүктелген. 2017 жылы қант бойынша импорт үлесі 38,9 %-ды, қант өндіру жөніндегі қуаттылықтардың жүктелуі 54,1 %-ды құрады.

2015 жылы жеміс пен көкөніс өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың жүктелуі 27 % деңгейі кезінде жеміс-көкөніс консервілерінің импорты 98,7 мың тоннаны немесе ішкі тұтынудың 84 %-ын құрады. 2017 жылы жеміс-көкөніс консервілерінің импорты 93,3 мың тоннаны немесе ішкі тұтынудың 80,3 %-ын құрады, бұл ретте өндірістік қуаттылықтардың жүктемесі 22,5 %-ды құрады. Ішкі тұтынудағы май-тоң май өнімдері импортының үлесі 30 – 40 %-ға жетеді. Бұл ретте май-тоң май кәсіпорындарының қуаты 45 – 50 %-ға жүктелген. Өндірістік қуаттылықтарды жүктеуге арналған сапалы шикізаттың жетіспеушілігі проблемасы жалпы бүкіл өңдеу саласы үшін өткір мәселе. Жарма мен ұн өндірісі ішкі тұтынуды толығымен қамтамасыз етеді (осы Мемлекеттік бағдарламаға 16-қосымша).

8-диаграмма. АӨК өнімдерінің экспорты, импорты және сальдосы, млрд. АҚШ доллары

2017 жылы картоптың өңделген өнімдері өндірісі 0,678 мың тоннаны құрады, ішкі тұтынудағы импорт үлесі өткен жылдардың деңгейінде (97,9 %) қалды. Картоп өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттылықтардың жүктелуі 36,6 %-ды құрады.

9-диаграмма. 2015 жылы өңделген өнімдерді өндіру және өткізу, %

Жүргізілген талдау тамақ өнімдерінің ішкі нарығында, оның ішінде отандық кәсіпорындарда дәстүрлі түрде шығарылатын сары май мен өсімдік майы,

ірімшік пен сүзбе, шұжық өнімдері мен қант, жеміс-көкөніс және ет консервілері сияқты азық-түлік тауарларының түрлері бойынша айтарлықтай дәрежеде импорт барын көрсетіп отыр. Бұл ретте елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу үлесінің төмендігі және өңдеуші кәсіпорындардың өндірістік қуаттылықтарының жете жүктелмегендігі байқалады.

Отандық өнімдердің импорттық өнімдермен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің төмендігін екі блокқа бөлуге болады.

Бірінші блок – бұл өндірістік сипаттағы мәселелер. Атап айтқанда: өндіріс өнімділігінің салыстырмалы төмендігі; өндірілетін шикізаттың қанағаттанарлықсыз сапасы, әдеттегідей өнеркәсіптік өңдеуге жарамсыздығы; экономикалық тиімді қарқынды өндірісті жүргізу және жаңа технологияларды енгізу мүмкін емес өндірістің жеке қосалқы шаруашылықтарда көп шоғырлануына байланысты өндірістің маусымдылығы және жыл бойы өңдеуші кәсіпорындарға шикізаттың әркелкі түсуі; тамақ және өңдеу өнеркәсіптерінің негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорларының белсенді бөлігінің жоғары деңгейде тозуы, мұның бәрі, түптеп келгенде, дайын өнімнің өзіндік құнының көтерілуіне және оның нарықта бәсекеге қабілетсіз болуына алып келеді.

Сондай-ақ импорттың көп бөлігі Ресейде және Беларусь Республикасында өндірілген өнімдерге тиесілі екенін атап өткен жөн, мұнда табиғи-климаттық жағдай қолайлырақ және ЕАЭО-ның жұмыс істеуі жағдайында белгілі бір міндеттердің болуына байланысты сыртқы саудалық реттеу шараларын қолдану мүмкіндігі жоқ.

Бұдан басқа ЕАЭО мемлекеттері арасындағы сауда-саттық жөніндегі қолда бар статистика көбінесе нақты тауар айналымын дұрыс көрсетпейді, ол нақты жағдайды көрсетуді және дұрыс шешімдер қабылдауды қиындатады.

Екінші блок – бұл өнімдерді өткізумен байланысты мәселелер.

Талдау ішкі тұтынудағы импорттың жоғары үлесінің негізгі себебі нарықта бұрмаланған арзан өнімдердің болуы болып табылатынын көрсетіп отыр және соның салдары отандық өндірушілердің бәсеке қабілетсіздігіне, отандық АШТӨ-нің дайын өнім өткізуі кезінде оларға басымдықтың берілмеуіне алып келуде.

Қолда бар шикізат базасы сауда-логистика жүйелерінің дамымағандығынан жыл бойы сапалы шикізатты бірқалыпты жеткізуді қамтамасыз етпейді, тауарды сату алдында дайындау (жуу, өлшеп салу, кептіру, калибрлеу мен тасымалдау және т.б.) жөніндегі объектілер жоқ. Жалпы өткізу жүйесіне интеграциялану деңгейінің жеткіліксіздігі отандық өндірістің дамуын тежеуде. Бұдан басқа,

инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуының жалпы жай-күйі ауылда өмір сүрудің тартымдылығын төмендетеді және АӨК-нің дамуына кедергі келтіреді.

Сондай-ақ отандық өнімдерді жүйелі өткізу үшін жағдай жасалмаған. Ұлттық және мемлекеттік компаниялардың, мемлекеттік мекемелердің, әскер мен басқа да құрылымдардың қажеттіліктері үшін азық-түлік тауарларын өткізу бойынша пайдаланылмаған әлеует бар.

Қазақстанда азық-түліктің тұрақты физикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге кедергі келтіретін проблемалар:

Халықаралық тәсілдемелерге сәйкес азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің маңызды өлшемшарттарының бірі ауызсудың қолжетімділігі болып табылады. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауылдық жерлерде ауызсуға қол жеткізу проблемасы толықтай шешілмеген. Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) ақпаратына сәйкес орталықтандырылған сумен жабдықтаумен жалпы халық саны 6,2 млн. адамды құрайтын 3461 ауылдық елді мекен немесе Қазақстанның барлық ауыл тұрғындарының 51,5 %-ы қамтамасыз етілген. Тасымалданатын суды 61 елді мекен пайдаланады, орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жүйесі 3099 елді мекенде бар. Қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қолжетімділік – 87 %.

Ауыл халқын ауызсумен қамтамасыз етуге кедергі келтіретін факторлардың бірі мемлекеттік органдар арасындағы функциялардың бытыраңқылығы болып табылады.

Айталық, Су кодексіне сәйкес ауылдық елді мекендер шегіндегі сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі құзыреттер ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне (бұдан әрі – ИДМ), ал ауылдық елді мекендер шегінен тыс жерлердегі сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі құзыреттер ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жатады. Екі уәкілетті орган арасындағы келісілмеген іс-қимыл өз кезегінде ауыл халқын ауызсумен қамтамасыз ету мерзімінің созылуына және бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына әкеп соқтырады.

Осыған байланысты ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі құзыретті бір орталық мемлекеттік органға жүктеу жөніндегі мәселені пысықтау қажет.

Бұл ауылдық елді мекендердің шегінде де, шегінен тыс жерлерде де сумен жабдықтау жүйелерін бір мезгілде салу немесе реконструкциялау жөніндегі кешенді тәсілдемені және салынған ауызсумен жабдықтау объектілерін кепілдікпен сапалы ұстау мен пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның шалғайдағы аудандарына азық-түлік жеткізу автомобиль жолдары жай-күйінің нашарлауымен күрделенген. "Қазжол ҒЗИ" АҚ деректері бойынша 2012 жылы автомобиль жолдарының 68 %-ы күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қажет еткен, жолдардың 11 %-ы қанағаттанарлық жай-күйде, 21 %-ы қанағаттанарлықсыз жай-күйде болған. ИДМ деректері бойынша Қазақстанның автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 2015 жылдың 1 қаңтарына 96 421 шақырымды құрады, ол автомобиль жолдарының тығыздығын ел аумағының 100 шаршы шақырымына шаққанда 3,54 шақырым деңгейінде қамтамасыз етеді.

Жекелеген өңірлерде жеміс-көкөніс өнімдері мен тамақ өнімдерін сақтайтын қойма инфрақұрылымы жеткілікті түрде дамымаған. Тұтыну орындарында сақтау қағидаттарына сүйенсек, жеміс-көкөніс өнімдері мен тамақ өнімдерін сақтау қуаттылықтарының тапшылығы Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында байқалады. Сақтау қуаттылықтарының жалпы тапшылығы жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау үшін 300 мың тонна және мәжбүрлеп салқындата отырып тамақ өнімдерін сақтау үшін 350 мың тонна мөлшерінде бағаланады.

Сауда-логистика орталықтарының (бұдан әрі – СЛО), заманауи форматтағы сауда желілерінің, көтерме-тарату және логистика орталықтарының дамуы жеткілікті деңгейде емес.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 160 бұйрығымен бекітілген халықты сауда алаңдарымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері сақталмайды.

Нәтижесінде Қазақстанда тауар қозғалысының процесімен байланысты шығасылардан үнемдеу тиімділігін барынша пайдалану мақсатында азық-түлік тауарлары ағынының қозғалысын үйлестіру және оңтайландыру жоқ, тауар қозғалысының барлық кезеңдерінде логистика шығасыларын есепке алу жолға қойылмаған, көліктік шығыстарды барынша төмендету мақсатында бір тасымалдау процесіне бірнеше жеткізушінің жеткізілімін шоғырландыру, ағындарды басқарудың ақпараттық жүйесі жоқ. Нәтижесінде делдалдар саны көбейді және өндіруші мен сауда желілері арасындағы тауарларға қойылатын үстеме баға шамамен 50 %-ды құрайды. Сондай-ақ азық-түлік тауарлары бағаларының құбылмалылығы сақталуда. Мысалы, жеміс-көкөніс өнімдерінің бағалары индексі жыл ішінде 300 %-ға дейін құбылуы мүмкін.

Бұдан басқа Қазақстанда іс жүзінде факторинг нарығы дамымаған, нәтижесінде жеткізушілер мен ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігі төмендейді.

Бүгінгі күні тамақ және өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі өндірістік қорлардың жаңару қарқыны импортты алмастыру негізінде ішкі нарықты отандық өнімдермен толықтай қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Бұл ретте өңдеуші кәсіпорындардың орташа жылдық қуатын пайдалану жоғары деңгейде жүргізілмеуде.

Мысалы, 2017 жылы өсімдік майын өндіру жөніндегі кәсіпорындардың қуаттылықтарын пайдалану 45 %-ды, қант өндіру бойынша 50 %-ды, ұн бойынша 49 %-ды, ет бойынша 53,5 %-ды және сүт бойынша 61 %-ды құрады.

Оларды жете жүктеу проблемалы болып отыр, өйткені бұл ең алдымен негізгі қорлардың белсенді бөлігінің жоғары моральдық және физикалық тұрғыдан тозуына негізделген.

Өңдеуші кәсіпорындардың деректері бойынша 2017 жылы негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің тозуы қант өнеркәсібі бойынша 60 %-ға, балық өнеркәсібі бойынша 40 %-ға, өсімдік майын өндіру бойынша 35 %-ға, сүт өнеркәсібі бойынша 35 %-ға және ұн тарту өнеркәсібі бойынша 50 %-ға жетті.

Азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі

Азық-түлік өнімдерінің экономикалық қолжетімділігі – қазіргі азық-түлік тауарларын тұтыну құрылымы, бағалар жүйесі, кірістер деңгейі, әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктер жағдайындағы тұтынудың физиологиялық нормаларына сәйкес халықтың азық-түлік тауарларын сатып алу мүмкіндігі.

Қазақстанда азық-түліктің тұрақты экономикалық қолжетімділігіне кедергі келтіретін проблемалар.

Қазақстанда азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі дамыған елдер мен ЕАЭО елдеріне қарағанда төмен. Азық-түлік сатып алуға бағытталған Қазақстан халқы табысының бөлігі дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштеріне қарағанда әлдеқайда жоғары. Мысалы, Қазақстан үшін бұл көрсеткіш халықтың ең аз қамтылған 10 % тобы үшін 52,3 %-ды, Ресей үшін 44,8 %-ды, Беларусь үшін 49,1 %-ды, Еуропалық одақтың 25 елі үшін 25-30 %-ды, АҚШ үшін 22 %-ды құрайды.

Қазіргі қолданыстағы ең төменгі тұтыну нормалары нақты шындықты көрсетпейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – СК) деректері бойынша жан басына шаққандағы ет және ет өнімдерін жылдық нақты тұтыну бекітілген ең төменгі

тұтыну нормаларынан 68,7 %-ға, жемістер бойынша 53,4 %-ға, көкөністер бойынша 7,7 %-ға, қара шай бойынша 325,4 %-ға жоғары.

Нәтижесінде азық-түлік себетінің және бюджеттен төленетін барлық кейінгі төлемдердің есептемесі бұрмаланған кіріс деректері негізінде қалыптасады, осыған байланысты ішкі нарықта қисынға келетін төлеуге қабілетті сұраныс жасаумен байланысты проблемалар туындайды. Мысалы, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша КС деректеріне сәйкес азық-түлік себетінің шамасы айына 11 441 теңгені құрады (орташа есеппен алғанда 2014 жылғы деректер), бұл бір орташа статистикалық тұрғынның айына дәл сондай мұқтаждықтарына жұмсайтын нақты шығыстарынан 3,9 есеге аз.

Бұдан басқа кедейлік шегі тұтыну себетінің құнынан 40 % мөлшеріндегі айлық кіріс ретінде айқындалатынын атап өткен жөн. Азық-түлік себеті құнының үлесі тұтыну себетінің құнында 60 %-ды құрайды. Осылайша кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халықтың мемлекет кепілдік берген кірістері азық-түлік себетін жаппайды және денсаулықты сақтау үшін тамаққа деген ең төмен физиологиялық талаптарды қамтамасыз етпейді.

Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдерінің бағаларын мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі төмен. Бөлшек бағалардың бастапқы және шекті мәндері бойынша мемлекеттік саясатты қолдану тетігі пысықталмаған. Айталық, нарық жағдайында кезкелген азық-түлік тауарларының түрлері бағаларының өсуін шектеуді жүзеге асыру мүмкін емес және Қазақстандағы қазіргі сауда нүктелерін физикалық тұрғыдан қамту ақылға сыйымсыз.

Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің кепілдігі

Бүгінгі күні тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар шешілмеген мәселелер бар.

Тәуекелдерді тиімді басқару үшін қажетті тамақ өнімдерін өндіруден бастап тұтынуға дейінгі тізбектің тәуекелдерін талдау мен сыни бақылау нүктелерінің жүйесі барлық деңгейлерде (макро және микро деңгейде) жеткілікті түрде дамымаған.

Тамақ өнімдерінің сәйкестікті декларациялау түрінде ЕАЭО талаптарына сәйкестігін растау, яғни өндірушінің өз дәлелдері негізінде талаптарға сәйкестікті растау, сондай-ақ осы талаптарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің деңгейінің төмендігі өндірушілерге техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін өнімдер өндіруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, халықаралық тұрғыдан танылған ХАССП жүйесін енгізген тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары пайызының төмен екендігі байқалады.

Қолданыстағы жүйе сәйкестікті растау (бағалау) жөніндегі рәсімдердің дұрыс жүргізілуіне тиісті дәрежеде бақылау жүргізуге мүмкіндік бермейді,

сондай-ақ аталған талаптарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің деңгейінің төмен болуы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін, оның ішінде бұрмаланған өнімдер өндіруге мүмкіндік береді.

Тамақ өнімдерінің қадағалануы толық көлемде жүзеге асырылмайды (өнімнің өндірілгеннен бастап өткізілгенге дейінгі қозғалысын қадағалайтын бірыңғай ақпараттық база жоқ).

Жедел ден қою шараларын қабылдау үшін сәйкес емес өнімдерді айқындау туралы ақпаратпен алмасу бойынша ветеринария, фитосанитария, техникалық реттеу және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы уәкілетті органдардың, кеден органдарының сектораралық өзара іс-қимылдары тиісті деңгейде қамтамасыз етілмейді.

Айқындалған сәйкес емес өнімдерді сауда желілерінен алып тастау және кәдеге жарату тетігі жоқ.

Зертханалық желіні жаңғырту және тиісті мамандардың біліктілігін арттыра отырып, тамақ өнімдерін зерттеу әдістемелерімен қамтамасыз ету жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу қажет етіледі.

Кеден бекеттеріндегі өткізу пункттерінің жеткіліксіз техникалық жарақталуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің әкелінуін бақылаудың тиімділігін төмендетеді. Республиканың бүкіл Мемлекеттік шекарасы бойынша, әсіресе, Орталық Азия елдерімен шекаралас жерлерде демаркацияның жоқтығы, сондай-ақ адами фактордың араласуы контрабандалық жүк әкелінуі себептерінің бірі болып табылады.

Сондай-ақ ЕАЭО-ны құру шеңберіндегі барынша тығыз интеграцияға байланысты ұлттық тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту қажет.

Жалпы, ҚР-да азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық пайымы – бұл 2030 жылға дейін Қазақстан экономикасының, оның ішінде АӨК-нің қорғалуын қамтамасыз ету, бұл жағдайда мемлекет тұтынудың физиологиялық нормалары мен демографиялық өсуді қанағаттандыру үшін жеткілікті сапалы және қауіпсіз тамақ өнімдерінің бүкіл халыққа физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әлемдік практикаға шолу

Халықаралық тәсілдемелер (Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (бұдан әрі – ФАО), TheStateofFoodInsecurityintheWorld, FAO 2012 қараңыз, 2010 жылғы 1 ақпандағы Ресей Федерациясының Азық-түлік қауіпсіздігі доктринасы, 1996 жылғы 13 қарашадағы Азық-түлік қауіпсіздігі туралы Рим декларациясы қабылдаған) өз

элементтерінің әрбір элементі бойынша азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін айқындау үшін мынадай негізгі талаптарды тұжырымдайды.

Азық-түлік тәуелсіздігі. АӨК-нің ауқымды өсімін молайту үшін табиғи ресурстары бар елдер арасында тұтынылатын азық-түліктің 80 %-ын дербес қамтамасыз ету қабілеті ретіндегі азық-түлік тәуелсіздігінің деңгейін анықтау әдістемесі кең тараған. Ел азық-түліктің жекелеген түрлерін өндіруге маманданған жағдайда, азық-түліктің аталған түрінің экспорты азық-түлік бойынша сыртқы сауда теңгерімінің оң сальдосын алуға мүмкіндік беруі тиіс.

Әлемдегі елдер мен экономикалардың алуан түрлілігін ескере отырып, ФАО тамақ өнімдерін сатып алуды қамтамасыз етудің экономикалық мүмкіндігі бойынша жекелеген елдердің азық-түлік тәуелсіздігі деңгейін өлшейді. Бұл көрсеткіш елден шығатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміндегі азық-түлік импортының үлесімен өлшенеді.

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі – ел халқының салауатты өмір салтын жүргізуге арналған қоректік тағамға физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін ассортиментте және мөлшерде азық-түлікке қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етумен айқындалады.

ФАО-ның азық-түліктің физикалық қолжетімділігін өлшеуге арналған негізгі индикаторлары елдің бүкіл аумағына азық-түлік жеткізу мүмкіндігін айқындайтын жолдардың (жабыны бар) тығыздығы және 1 километрден аспайтын қашықтықтағы ауызсу көздеріне қолжетімділігі бар халық үлесі болып табылады.

Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі – халықтың өзге де игіліктерді тұтыну деңгейін төмендетпестен, қалыптасқан қалауларына сүйене отырып, азық-түліктің қажетті мөлшерін сатып алуға арналған кірісінің жеткіліктілігімен айқындалады.

Жекелеген елдің халқы үшін азық-түліктің экономикалық қолжетімділігінің барынша объективті көрсеткіші ретінде ФАО халықтың барынша аз қамтылған топтарының шығыстары құрылымындағы азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалатын шығыстар үлесін қарастырады.

Тамақ қауіпсіздігі. Халықаралық қоғамдастық ФАО шеңберінде де, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДСҰ) құзыреттерінде де тамақ қауіпсіздігі мәселелерін шешеді. Тамақ қауіпсіздігі жүйесін құрудың негізгі тәсілдемелері 2004 жылы ФАО мен ДДСҰ бастамасы бойынша өткізілген халықаралық конференцияның нәтижелері бойынша жасалған "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жөніндегі Пекин декларациясында" баяндалған.

Пекин декларациясына сәйкес елдер үшін ұсынылатын тамақ қауіпсіздігі жүйесінің элементтері:

1) өндірістен тұтынуға дейін бүкіл тізбекті қамтитын, жалпыға ортақ заңнамалық жүйе шеңберінде тәуелсіз және сенуге лайық қоғамдық денсаулық сақтау органдары ретінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы құзыретті органдардың болуы;

2) тамақ өнімдерін өндіруден бастап тұтынуға дейінгі бүкіл тізбектің тәуекелдері мен сыни бақылау нүктелерін талдауға негізделген транспарентті нормативтік-құқықтық құжаттардың болуы;

3) тамақ қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманы барабар және тиімді сақтауды қамтамасыз ету;

4) адам мен етті және сүтті малдың ауруларын эпидемиологиялық қадағалау жүйелерімен өзара байланысты, тамақпен қатысты аурулардың таралуы мен пайда болуы туралы жедел және дұрыс ақпарат алуды қамтамасыз ететін тамақ өнімдері мен тамақтану рационын және тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесіндегі тәуекел факторларын мониторингтеу бағдарламасының болуы;

5) сапасыз тамақ өнімдерін қадағалау және алып қою рәсімдері мен жүйелерінің болуы.

Осы өлшемшарттарға сәйкес Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісінің және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеудің әртүрлі өнімдерін өндіру мен тұтыну бір-бірінен ерекшеленеді, сондықтан азық-түлік қауіпсіздігінің әрбір элементі бойынша ахуалға байланысты әр өнімге сараланған тәсілдеме қажет.

Бұдан басқа, АШТӨ үшін жүргізіліп жатқан реформалар, кредит беру және субсидиялау жүйелерінің өзгеруі, мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктерінің берілуі, экспорттық өткізу нарықтары және ауыл шаруашылығын жүргізудің әлеуетті, перспективалы бағыттары туралы сапалы және қолжетімді ақпарат беру қажет. Мұның бәрі АӨК-ні дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ақпараттық сүйемелдеудің барлық ресурстарын, оның ішінде телеарналарды, баспа БАҚ-ты, интернет-ресурстарды және әлеуметтік желілерді қамти отырып, толық ауқымды түсіндіруге арналған және имидждік контент құрылатындығын білдіреді.

3.2. АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігі және АӨК субъектілеріне салық салу

Қазіргі уақытта қаржылық қолдау шараларының мынадай түрлері бар: субсидиялау, лизинг, сақтандыру, жеңілдетілген кредит беру және салық салу.

2015 жылы мемлекеттік қолдау 65 субсидия түрін қамтыған. Бұл ретте тауарлық-спецификалық субсидиялардың үлесі 47,3 %-ды, қаржы құралдарының үлесі 20,4 %-ды құрады.

Субсидиялар тиімділігіне жүргізілген талдау тауарлық-спецификалық субсидиялар (алаң бірлігіне, өнім бірлігіне) АШТӨ-ні өзінің тиімділігін арттыруға тікелей ынталандырмайтынын көрсетті.

Қазіргі уақытта ДСҰ шеңберінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тікелей шараларынан бас тарту үрдістері үстемдік алуда. ДСҰ-да және әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында ауыл шаруашылығындағы тікелей субсидиялар деңгейі барынша төмен және саланы бәсекеге қабілеттілік пен өндіріс тиімділігін өсіру есебінен дамытып отырған Кернс тобының елдері (Аустралия, Аргентина, Жаңа Зеландия, Канада және басқалары) үлкен мәнге ие болуда. Ауыл шаруашылығын тікелей қолдауды пайдаланбайтын Кернс тобы елдерінің тәжірибесі субсидияларды алып тастағаннан кейінгі кезеңде өндіріс факторларының жиынтық өнімділігінің барынша жоғары өсімін көрсетуде.

Қазақстанға қатысты бұл әрбір ел ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың өзіндік жүйесін әзірлейтінін куәландырады, бастысы, осы қолдау өндірушілерді жер мен жануарлардың өнімділігін арттыруға ынталандыруы, экспортты ынталандыруы тиіс.

10-диаграмма. Өсімдік шаруашылығын субсидиялау серпіні, млрд. теңге

Өсімдік шаруашылығындағы субсидиялау құралдары ауыл шаруашылығының басым дақылдары мен бақтарды гектарлық субсидиялауға бағытталған. Сонымен бірге, талдау осы субсидиялау түрі тиімділігінің төмен болатынын көрсетті: біріншіден, ол АШТӨ-ні агротехнологиялар деңгейін, өндірілетін өнімнің түсімділігі мен сапасын арттыруға ынталандырмайды; екіншіден, көбіне гектарлық субсидиялау жөніндегі шешімдерді ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – ВАК) мүшелері егістіктердің бар-жоғын іс жүзінде тексерусіз қабылдайды; үшіншіден, АШТӨ орындалған жұмыстардың көлемдерін (егістік алқабының мөлшерлерін) асыра көрсетеді.

Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығында минералды тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтердің) және биопрепараттардың, тұқымдардың, шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына, сондай-ақ ақ қант өндірісі үшін қант қызылшасын сатып алуға жұмсалған шығындардың құны субсидияланады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 17-қосымша).

11-диаграмма. Мал шаруашылығы салаларын субсидиялау серпіні, млрд. теңге

Мал шаруашылығындағы субсидиялау құралдары асыл тұқымды жануарларды сатып алу құнын арзандатуға, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге, ауыл шаруашылығы жануарларын жасанды ұрықтандыруға жұмсалған шығындарға, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру құнын арзандатуға бағытталған (осы Мемлекеттік бағдарламаға 18-қосымша).

Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 3 есеге, 2016 жылы тиісінше 3,8 есеге, 2017 жылы 3 есеге өсті. Мемлекеттік қолдау шараларымен мал шаруашылығының барлық бағыттары қамтылған.

Акваөсіруді субсидиялау құралдары акваөсіру (балық өсіру) өнімдерінің құнын арзандатуға бағытталған.

2014 жылдан бастап АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде салынған инвестициялардың капитал сыйымдылығын төмендету және өзін-өзі ақтауын арттыру жолымен тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында АӨК субъектілері инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау бағдарламасы іске асырылуда.

Инвестициялық субсидиялау құралы 19 бағыт (48 паспорт) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына, техникаға және жабдыққа арналған инвестициялық шығындарды ішінара өтеуге (20 %-дан 80 %-ға дейін) бағытталған. Осы мемлекеттік қолдау шарасы іске асырыла бастағаннан бері (2014 – 2017 жылдар) осы мемлекеттік қолдау шарасымен жалпы субсидиялар сомасы 120,8 млрд. теңгеге 12 726 АӨК субъектісі субсидияланып, тартылған инвестициялар сомасы 482,4 млрд. теңгені құрады.

Бюджеттік қаражаттың 49,9 млрд. теңгеден астам негізгі көлемі немесе 41 %-ы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялауға тиесілі болды. Субсидиялаумен 2014 – 2017 жылдары сатып алынған техника қамтылды.

Шамамен 30 %-ы немесе 35,9 млрд. теңге мал шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобаларды субсидиялауға бағытталды.

Өсімдік шаруашылығындағы жобаларды қолдауға 19,7 млрд. теңге немесе 16 %-ы, өңдеу саласындағы жобаларды қолдауға тиісінше 13,5 млрд. теңге немесе 11 %-ы бағытталды.

Қалған 1,8 млрд. теңге (2 %) ауыл шаруашылығы кооперативтерін субсидиялауға бағытталатын болады.

АӨК субъектілерінің кредиттері, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарларының, технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы

мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша кредиттік/лизингтік шарттар бойынша пайыздық мөлшерleme: айналым қаражатын толтыру, негізгі құралдарды сатып алу және т.б. үшін ұлттық валютада 7 %-ға, шетелдік валютада 5 %-ға арзандатылуда; мал шаруашылығы мен азық өндірісі саласында ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу үшін сыйақы мөлшерлемесі ұлттық валютада жылына 10 %-ға және шетелдік валютада 7 %-ға арзандатылуда.

2014 – 2017 жылдары пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жалпы негізгі борыш сомасы 407,0 млрд. теңге болатын 13 553 АӨК субъектісінің міндеттемелері бойынша, оның ішінде АӨК субъектілері сатып алған 14 800 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бойынша жүзеге асырылды.

Қызмет түрлері бойынша қатысушылардың негізгі үлесінің 48,8 %-ы өсімдік шаруашылығы саласына, 29,8 %-ы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, 7,8 %-ы мал шаруашылығына және 13,4 %-ы өзге де қызмет түрлеріне тиесілі.

АӨК субъектілерінің кредиттік жүктемесін және олардың банкротқа ұшырау тәуекелдерін төмендету мақсатында 2013 жылдан бастап АӨК субъектілерінің міндеттемелерін қаржылық сауықтыру шаралары іске асырылуда. Қаржылық сауықтыру талаптарында кредит беру мерзімдерін 9 жылға дейін ұзарту, сыйақы мөлшерлемесін 14 %-ға (оның 7 %-ы бюджеттен субсидияланады) дейін төмендету, сондай-ақ қаржы институттарының айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығаруы көзделеді.

2013 – 2015 жылдары АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруды іске асыру кезінде жалпы берешек сомасы 520 млрд. теңгеге 404 АӨК субъектісінің өтінімдері мақұлданды. 2016 жылдан бастап қаржылық сауықтыру бағдарламасына қатысу үшін жаңа өтінімдер қабылдау жүзеге асырылмайды.

2013 – 2014 жылдары АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 7,2 млрд. теңге бөлінді. 2015 жылы 18,9 млрд. теңге (оның ішінде 5,8 млрд. теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты) бөлініп, толықтай игерілді. Республикалық бюджетте (бұдан әрі – РБ) 2016 жылға 24,7 млрд. теңге мөлшерінде қаражат көзделген. Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін жыл сайын шамамен 20 млрд. теңге қажет етіледі, бұл 2024 жылға дейін 164,3 млрд. теңгені құрайды.

12-диаграмма. 2013 – 2016 жылдардағы жалпы салалық субсидиялар серпіні, млн. теңге

Қызмет түрлері бойынша сауықтырылатын берешектің негізгі үлесінің 73 %-ы өсімдік шаруашылығы саласына, 2 %-ы мал шаруашылығына, 3 %-ы ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге және 22 %-ы басқа да қызмет түрлеріне тиесілі.

Берешекті сауықтандыруға мақұлданған жалпы соманың 72 %-ы немесе 376,4 млрд. теңгесі ірі аграрлық холдингтердің қарыздарына тиесілі.

АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру мен кепілдендіруді субсидиялау шеңберінде сақтандыру компаниясының немесе кепілгердің тарифтік мөлшерлемесі субсидияланады. 2015 жылы сақтандырумен қамтамасыз ету арқылы 3 АШТӨ-ге кредит берілді, тартылған кредиттің жалпы сомасы 7,9 млрд. теңгені құрады.

Дайындаушы ұйымдарға қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сомасын субсидиялау есептелген ҚҚС мөлшерінде дайындаушы ұйымдардың өнімін арзандату мақсатында 2016 жылы басталды. 15 дайындаушы ұйымға 140 млн. теңге сомасына төлем жүргізілді. 2017 жылы 28 дайындаушы ұйым 474,2 млн. теңге бюджеттік субсидиялар алды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректеріне сәйкес ауыл шаруашылығына берілген кредиттер көлемі қысқаруда. АӨК саласындағы кредиттер үлесі 2017 жылы 4 %-ды құрады, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен екі есеге төмен.

2017 жылы АӨК субъектілеріне берілген кредиттер сомасы 664 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылғыдан 23 %-ға аз.

13-диаграмма. Берілген АӨК кредиттері сомасы, млрд. теңге



2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) мен "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ) ауыл шаруашылығындағы жиынтық кредиттік портфелі 1 317 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 53 %-ы ЕДБ-ға, 47 %-ы "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобына тиесілі.

2017 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша АӨК субъектілерінің ЕДБ алдындағы мерзімі өткен берешектерінің сомасы 88,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 10 %-ға аз.

ЕДБ қысқа мерзімді өндірістік процесті қамтамасыз етуге арналған айналым қаражатын толықтыру үшін басым түрде ірі, орныққан шаруашылықтарға кредит береді. Бұл ретте банктік кредит беру құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі тоқтамастан қысқаруда. Айталық, 2012 жылы ол 6,2 %-ды, 2017 жылы 1,6 %-ды құрады.

Ауыл шаруашылығына кредит беру нарығында нарықтағыдан айтарлықтай төмен сыйақы мөлшерлемелері бойынша кредит беру және лизинг қызметтерін көрсететін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның қаржы институттары алда келеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығына салынатын ұзақ мерзімді инвестициялар, негізінен, мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді болатын жағдай орын алды.

2011 – 2017 жылдары "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары арқылы республикалық бюджет қаражатынан 652 млрд. теңге, оның ішінде 438 млрд. теңгесі қысқа мерзімді бюджеттік кредиттер түрінде бөлініп, 214 млрд. теңгесі компаниялардың жарғылық капиталдарын толықтыруға бағытталды.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ шағын және орта бизнесті инвестициялық қолдауға бағдарланған. "ҚазАгроҚаржы" АҚ арқылы жыл сайын елімізде 60 %-дан астам техника сатып алынуда. ЕДБ мен басқа да жеке қаржы ұйымдары аграрлық сектордағы шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) қаржыландыруға болмашы ғана қатысуда.

Қазіргі уақытта агробизнесті дамыту үшін АӨК субъектілерінде кредиттік ресурстар қымбат және қысқа мерзімді болғандықтан және өтімділігі жоғары кепілмен қамтамасыз етудің жоқтығына байланысты қаржыландыруға қолжетімділік жоқ.

Кредиттік серіктестіктер (бұдан әрі – КС) республика аумағының 93 %-ын қамтиды, яғни іс жүзінде барлық аудандарда орналасқан, арзан кредиттік ресурстар береді, халықты жұмыспен қамтамасыз етеді және ауыл халқы үшін ең қолжетімді қаржы құралы болып табылады.

АӨК субъектілерінде өтімді кепілмен қамтамасыз етудің жетіспеушілігіне және ауылдық жерлерде қаржылық ұйымдардың аз болуына байланысты қазіргі уақытта КС ауыл халқын қолжетімді қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша пәрменді құрал болып табылады.

Германия, Ирландия, Польша, Вьетнам, Ресей, Литва сияқты елдердегі кредиттік кооперацияны дамыту тәжірибесін зерделеу жүйенің өзінің негізінде қатысушылардың жинақтарын қабылдауға мүмкіндік беретін кредиттік кооперацияның кредиттік-жинақтау қағидаты жатқанын көрсетеді, бұл ретте бірқатар елдерде осы жинақтарға да мемлекет кепілдік береді; жүйелер мемлекет (елдердің орталық/ұлттық банктері) тарапынан не өзін-өзі реттейтін ұйымдар (ӨРҰ) арқылы реттеледі; өтімділікті басқару жөніндегі функцияларды екінші деңгейдегі кредиттік институттарға/апекстік ұйымға/қауымдастыққа беру арқылы жүйе қаражатын шоғырландыру мүмкіндігі бар. Осы жүйелердің жоғары даму нәтижесі халықты қаржылық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікпен қамту және оларды кеңейту болып табылады.

Халықаралық тәжірибеге жүргізілген талдау кредиттік кооперация жүйесін одан әрі дамыту жүйеге әлеуетті қатысушылар үшін де, инвесторлар үшін де оның қаржылық тұрақтылығы мен тартымдылығын арттыруға ықпал ететін қолданыстағы тетіктерді жетілдірумен және жаңаларын енгізумен байланысты екендігін көрсетеді.

Қолданыстағы сақтандыру жүйесі міндетті және ерікті сақтандырудан тұрады.

Міндетті сақтандырудың құқықтық негізі дәнді, майлы дақылдарды, қант қызылшасы мен мақтаны сақтандыруды міндеттейтін "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" ҚР Заңы (бұдан әрі – Заң) болып табылады.

14-диаграмма. Сақтандыру компаниялары мен өзара сақтандыру қоғамдары (ӨСК) санының өсу серпіні



Қазіргі уақытта осы нарықта тек екі сақтандыру компаниясы жұмыс істейді, өзара сақтандыру қоғамдарының (бұдан әрі – ӨСК) саны бүгінгі күні белгісіз, сақтандыру төлемдерін өтеуге 14 ӨСК жүгінді. Егістердің айтарлықтай бөлігін ӨСК тек формальды түрде сақтандыруда.

Заң қолданылған уақытта (2006 – 2015 жылдар) (Заң 2004 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) жылына орта есеппен 5,4 млн. гектар егіс алаңы сақтандырылды, оның ішінде 558 мың гектары (10 %-ы) қолайсыз табиғи құбылыстарға ұшырады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 19-қосымша).

Сақтандырудың міндетті нысанына қарамастан, Заң сақтандыруды танымал етуге ықпал етпеді – сақтандырылған егістіктер үлесі жыл сайын төмендеуде және қазіргі уақытта 50 %-дан сәл ғана асады.

15-диаграмма. Сақтандырылған егістер серпіні, мың га

2004 жылы белгіленген сақтандыру тарифтерінің, сондай-ақ 2009 жылы белгіленген шығындар нормативтері мөлшерлерінің өзекті еместігі сақтандырудың формальды болуына алып келді – АШТӨ шамамен 1 гектарға 100 теңге мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын төлеп, сақтандыру жағдайы орын алған кезде 3 500 теңге көлемінде сақтандыру төлемін алады, ал оның ең төменгі өндірістік шығындары шамамен 15 000 теңгені құрайды.

Осылайша сақтандырудың қолданыстағы жүйесі сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының шығындарын өтеумен байланысты оның негізгі мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі негізгі міндетті шешпейді.

Ауыл шаруашылығындағы ерікті сақтандыру техника мен ауыл шаруашылығы жануарларын лизингке беру кезінде уақытша нысанда қолданылады. Уақытша нысан лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына қолданылады.

АӨК субъектілерінің қаржы институттары алдындағы міндеттемелерін кепілдендіруді негізінен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӨКК) мен ЕДБ жүзеге асырады.

ЕДБ мен ӨКК кепілдіктер шығару үшін орта есеппен кепілдік сомасының 1 %-ынан 7 %-ына дейін комиссия алады.

"Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ) 2011 – 2016 жылдары ӨКК-нің кепілдігімен жалпы сомасы 85,8 млрд. теңгеге 9 063 АШТӨ-ні қаржыландырды.

Мемлекеттік қаржылық қолдау шаралары саласында мынадай проблемалар бар:

1) көптеген АШТӨ үшін кредиттер мен субсидиялардың қолжетімділігі дәрежесінің төмендігі;

2) субсидиялаудың түпкілікті нәтиже мен өңірлердің мамандануына байланысты болмауы;

3) саланың кредиттік тәуекелдерінің жоғары болуына байланысты АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру мен кепілдендіруді субсидиялау тетігіне сақтандыру компаниялары мен кепілгерлердің тиісінше қызығушылығының жоқтығы;

4) дайындаушы ұйымдарға ҚҚС сомасын субсидиялау тетігінің жетілдірілмегендігі: субсидиялар жыл қорытындылары бойынша төленеді; субсидиялар жылдық жиынтық кіріс құрамында есепке алынады, бұл субсидияларды төлеудің негізгі шарты болып табылатын ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен үлесті төмендетеді;

5) ауылдық жерлерде жеке қаржы ұйымдары танымалдығының әлсіз болуынан қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығындағы бәсекелестік деңгейінің төмен болуы;

6) ҚР Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдарының ынтымақтастығы бағдарламаларының шеңберінде АӨК-ні қаржыландыруға нысаналы ұзақ мерзімді қарыздардың болмауы;

7) саланың табиғи-климаттық, эпизоотиялық, фитосанитариялық, карантиндік, экономикалық тәуекелдерінің жоғары болуы;

8) жеке қаржы ұйымдарында ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің болмауы;

9) Заңға және тиісінше 2004 және 2009 жылдары белгіленген шығындар нормативтеріне сәйкес астық дақылдарын сақтандыру бойынша қолданыстағы тарифтер АШТӨ-ні шеккен шығындарды толыққанды өтеу сомасымен қамтамасыз етпейді;

10) заңнама сақтандыру компанияларына агротехнологиялардың сақталуын талап етуге мүмкіндік бермейді және клиент сақтандыру талаптарына анық сәйкес келмеген кезде сақтандырудан бас тарту мүмкіндігін көздемейді;

11) АӨК субъектілерінің міндеттемелерін кепілдендіру құралдарының дамымағандығы;

12) бүгінгі күні бизнесі өз анықтамасы бойынша ірі болып табылмайтын АӨК субъектілерінде қаржы ұйымдарында жеткілікті қаржыландыруды кепілдіксіз алу мүмкіндігі жоқ, өйткені АӨК субъектілері үшін, оның ішінде ісін енді бастаған кәсіпкерлер үшін де қаржыландырудың қолжетімділігі мәселесіндегі басты проблемалардың бірі кепілмен қамтамасыз етудің болмауы немесе оның жеткіліксіздігі болып табылады;

13) ӨСҚ қызметінің сақтандыру компанияларының қызметінен ерекшелігі оны мемлекеттік реттеуші органдар бақыламайды;

14) заңнаманың жетілмегендігі ӨСҚ-ға сақтандырушы рөлінде де, сақтанушы рөлінде де болуға мүмкіндік береді, бұл сақтандыру мәнін бұрмалайды;

15) қаржы құралдарын таңдаудың шектеулілігі АШТӨ-ге жаңа қаржыландыру көздерін табуға мүмкіндік бермейді;

16) кредиттік кооперация проблемалары. Қазіргі уақытта кредиттік серіктестіктер қызметін реттейтін заңнаманың жетілмегендігінен ҚР-да кредиттік кооперация жүйесінде жаңа даму деңгейіне шығуға мүмкіндік бермейтін мынадай негізгі проблемалар бар:

қатысушылардан жинақтар қабылдау мүмкіндігінің болмауы салдарынан бір қаржыландыру көзіне тәуелділік;

кредиттік серіктестіктердің институционалдық дамуының әлсіздігі;

реттеу жүйесінің жоқтығы;

КС арасындағы интеграцияның жоқтығы;

кредиттік кооперацияның негізгі қағидаттарының бекітілмегендігі.

АӨК субъектілеріне салық салу

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша АӨК субъектілері үшін 2018 жылға дейін заңнамада арнайы салық режимдері көзделген болатын:

1) шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін – бірыңғай жер салығы (бұдан әрі – БЖС). Салық органдарының деректері бойынша 2014 жылы БЖС төлеуші субъектілер саны 125,4 мың бірлікті, шаруа (фермерлік) қожалықтарда (бұдан әрі – Ш(Ф)Қ) жұмыс істейтіндер 476,2 мың адамды құрады, бюджетке 4,1 млрд. теңге төленді;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру өнімдерін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін. Салық органдарының деректері

бойынша 2014 жылы аталған режимді қолданған субъектілердің саны 1,9 мыңды құрады, 117,4 мың адам жұмыс істеді, бюджетке 12,1 млрд. теңге салық және басқа төлемдер төленді.

Салық құрылымында ең жоғары үлеске ҚҚС ие (орта есеппен 5 жыл ішінде – 53,5 %).

Оның ауыл шаруашылығы түсімдерінің жалпы құрылымындағы айтарлықтай үлесіне қарамастан, барлық экономика салалары бойынша жалпы түсімдер құрылымында ҚҚС 1,6 %-ды құрайды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 20-қосымша).

ҚҚС бойынша жеңілдік көзделген – есептелген ҚҚС сомасын 70 %-ға азайту. Аталған жеңілдікті пайдаланатын субъектілердің жалпы саны – 1147, жеңілдік сомасы 5899 млн. теңгені құрайды:

1) ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар бойынша – 3117 млн. теңге;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру өнімдерін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша – 2782 млн. теңге.

Шығындар сомасындағы салықтың үлес салмағы ауыл шаруашылығында 6 %-ды құрайды.

2015 жылы саланың рентабельділігі шығындылыққа байланысты минус 11 %-ды құрады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда АӨК субъектілеріне жеңілдікпен салық салудың 5 режимі қолданылады және аграрлық сектор үшін жекелеген салықтық жеңілдіктер көзделген. Сонымен бірге қолда бар әлеуетті тиімді пайдалануға ынталандыру үшін салық салу мәселелері туындайды.

3.3. Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігі

Қазақстанның ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңы 177,8 млн. гектарды, оның ішінде жайылымдар – 146,9 млн. гектарды, егістіктер мен тыңайған жерлер – 26,7 млн. гектарды, шабындықтар 4,2 млн. гектарды құрайды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 21-қосымша).

Ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуын бақылауды жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органдар – ЖАО-ның жер инспекциялары жүзеге асырады.

2012 – 2014 жылдары жүргізілген түгендеу қорытындылары бойынша 7,4 млн. гектар пайдаланылмайтын жерлер, оның ішінде 0,9 млн. гектар егістіктер, 1,2 млн. гектар тыңайған жерлер, 0,08 млн. гектар шабындықтар, 5,2 млн. гектар жайылымдар, 0,01 млн. гектар көп жылдық екпелер анықталды.

Пайдаланылмайтын 7,4 млн. гектар жерлердің 3,36 млн. гектарын бұрынғы жер пайдаланушылар игере бастады, 3,0 млн. гектары бойынша жалдау

шарттары бұзылды, оның ішінде 1,7 млн. гектары ауыл шаруашылығы айналымына тартылды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 22-қосымша).

Республиканың барлық өңірлерінде жер сапасы нашарлауының, қарашірік, қоректік заттар құрамы, өсімдіктердің түрлік құрамы және олардың өнімділігі төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалып отыр, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуетін төмендетеді (осы Мемлекеттік бағдарламаға 23-қосымша).

Егістік алқаптардың құнарлылығын арттыру мен жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар толық көлемде жүргізілмейді.

2017 жылдың қорытындылары бойынша тәлімі жерлер құрылымындағы қарашірігі аз топырақ (4 %-дан аз) 20,4 млн. гектарды немесе зерттеп-қаралған егістіктің 75,6 %-ын, құрамында қарашірігі орташа (4 – 6 %) топырақ 6,3 млн. гектарды немесе 23,4 %-ды, құрамында қарашірігі жоғары (6 %-дан көп) топырақ 0,27 млн. гектарды немесе 1,0 %-ды құраған. Суармалы егіншілік шаруашылығы жағдайында аз қамтамасыз етілгендері 1,29 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алаңының 98,1 %-ы, орташа қамтамасыз етілгендері 0,026 млн. гектар немесе 1,9 %-ы болып табылады. Суармалы егістік құрылымындағы қарашірігі жоғары топырақ 0,11 мың гектарды немесе зерттеп-қаралған егістік алаңының 0,01 %-ын алып жатыр.

Құрамындағы жеңіл гидролизделетін азоты аз топырақ 14,1 млн. гектар алаңды немесе тәлімі жердегі зерттеп-қаралған егістік алаңының 52,5 %-ын алып жатыр, жеңіл гидролизделетін азоты орташа топырақ 6,2 млн. гектарды немесе 22,9 %-ды, жеңіл гидролизделетін азоты жоғары топырақ 6,6 млн. гектарды немесе 24,6 %-ды алып жатыр. Суармалы егіншілік жағдайында аз қамтамасыз етілгені – 1,29 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алаңының 97,7 %-ы, орташа қамтамасыз етілгені – 0,02 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алаңының 1,5 %-ы және жоғары қамтамасыз етілгені – 0,01 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алаңының 0,8 %-ы.

Тәлімі жер құрылымындағы жылжымалы фосформен аз қамтамасыз етілген топырақ 13,2 млн. гектарға немесе 49,1 %-ына, орташа қамтамасыз етілген топырақ 10,4 млн. гектарға немесе 38,7 %-ына және жоғары қамтамасыз етілген топырақ 3,3 млн. гектарға немесе 12,2 %-ына тиесілі. Суармалы егіншілік жағдайында құрамында жылжымалы фосфоры аз топырақ 388,2 гектар алаңды немесе зерттеп-қаралған егістік алаңының 29,5 %-ын, құрамында жылжымалы фосфоры орташа топырақ 663,2 мың гектар алаңды немесе зерттеп-қаралған егістік алаңының 50,4 %-ын және құрамында жылжымалы фосфоры жоғары топырақ 265,4 мың гектар алаңды немесе зерттеп-қаралған егістік алаңының 20,2 %-ын алып жатыр.

Тәлімі егіншілік жағдайында егістік жерлер жылжымалы калиймен былайша қамтамасыз етілген: аз қамтамасыз етілгені – 0,2 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алқабының 0,8 %-ы, орташа қамтамасыз етілгені – 1,01 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алқабының 4,3 %-ы, жоғары қамтамасыз етілгені – 22,5 млн. гектар немесе зерттеп-қаралған егістіктер алқабының 94,9 %-ы. Суармалы егіншілік жағдайында құрамында жылжымалы калий аз топырақ 0,13 млн. гектар алаңды немесе 9,6 %-ды, құрамында жылжымалы калий орташа топырақ 0,35 млн. гектар алаңды немесе 26,7 %-ды және құрамында жылжымалы калий жоғары топырақ 0,84 млн. гектар алаңды немесе 63,8 %-ды алып жатыр.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы қызметімен мал шаруашылығынан атмосфераға парниктік газдардың айтарлық эмиссиясы, негізінен, жануарлардың энтералдық ферментациясы процесінде метанның, көңді сақтау мен пайдалану кезінде метан мен көмірқышқыл газының, жайылған жануарлардың экскременттерінен жайылымдарда көмірқышқыл газының шығарындылары, өсімдік шаруашылығынан топыраққа минералды және органикалық тыңайтқыштардың енгізілуімен, топыраққа өнімнің биологиялық қалдықтарының түсуімен, топырақтағы органикалық заттардың минералдануынан азоттың бөлініп шығуымен байланысты көмірқышқыл газы мен азотты қосылыстардың шығарындылары, күріш өндірісінен метанның шығарындылары бірге жүреді.

Мысалы, ұдайы ауыспалы егісте болатын егістікте топырақ көміртегісінің запасы 0-30 см топырақ шамасында 1990 жылға қарағанда 2015 жылға орта есеппен 17 %-ға азайған, осыған байланысты технологияларды жаңғыртусыз және тиісінше басқарусыз ауыл шаруашылығы өндірісінің ауқымын ұлғайтумен көмірқышқыл газы ағынының және егістіктер мен жайылымдық жерлердің топырағынан азот тотығының күшеюі бірге жүретін болады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жай-күйін сипаттайтын топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қараулардың сапалы материалдарымен небәрі 27,8 млн. гектар қамтамасыз етілген, бұл жалпы қажеттіліктің 14,8 %-ын құрайды (2017 жылы – 32,3 млн. гектар, 17,4 %).

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапалық жай-күйі туралы ақпарат оларды ұтымды және тиімді пайдаланудың негізі болып табылады.

Бұдан басқа ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы тікелей олардың кадастрлық (бағалау) құнына әсер етеді, ол түзету коэффициенттерін қолдана отырып, жерге төлемақының базалық мөлшерлемелері негізінде айқындалады.

Топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қараулардың сапалы материалдарының болмауынан коэффициенттер 1990 жылға дейін дайындалған материалдар бойынша қолданылып келеді.

Жоғарыда көрсетілген зерттеп-қараулардың нәтижелері өзге де іздестіру, жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыс түрлерімен қатар ҚР мемлекеттік жер кадастры (бұдан әрі – МЖК) мәліметтерінің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

МЖК жүргізуді ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – КЕАҚ) жүзеге асырады. МЖК жүргізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру мен ұйымдастыруды ҚР АШМ-ның Жер ресурстарын басқару комитеті жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы туралы дұрыс ақпарат алу үшін кемінде 66 млн. гектар алаңда кең ауқымды топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қарау мен топырағын бонитирлеуді жүргізу қажет.

Жүргізілген іздестірулер қорытындылары бойынша топырақтық және геоботаникалық карталар қағаз тасығыштарда сақталады, бұл оларды тиісті ақпаратты халыққа және мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсету үшін пайдалануды айтарлықтай қиындатып отыр.

Осыған байланысты оларды пайдаланудың барлық кезеңі ішінде өзгерістер енгізу, талдау жүргізу, қажетті анықтамалар, кестелер, диаграммалар және тағы басқаларды қалыптастыра отырып, топырақ және өсімдік қабаты параметрлерінің өзгеру серпінін қадағалау мүмкіндігі үшін топырақтық және геоботаникалық іздестірулердің қолда бар материалдарын электрондық форматқа көшіру және жаңа материалдарды электрондық форматта дайындау қажеттілігі туындауда.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен бөлінетін жыл сайынғы қаржыландыру көлемі ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жай-күйі туралы өзекті ақпарат алудың қазіргі қажеттілігін қанағаттандырмайды және ұлғайтуды қажет етеді.

Әлемдік тәжірибе (АҚШ, Канада, Аргентина, Италия, Польша және тағы басқалар) жер ресурстарын тиімді басқару үшін ауыл шаруашылығы карталары, танаптар карталары, жайылым айналымдары жоспарлары және тағы басқа түрдегі ақпаратты қамтитын дерекқор құру қажет екендігін көрсетіп отыр.

Электрондық карта ауыл шаруашылығы алқаптары (суармалы, тәлімі егістіктер; тыңайған жерлер; шабындықтар мен жайылымдар, оның ішінде түбегейлі жақсартылғаны, көлтабандап суарылатыны, бонитет балы, қарашірік,

минералды заттар құрамы және тағы басқалар) туралы ақпарат алу үшін жерлерді ғылыми негізделген зерттеулер, іздестірулер негізінде жасалады. Аталған карта ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қағаз тәсілімен сауда-саттықтар (конкурстар, аукциондар) өткізуде жер учаскелерін алу кезінде төрешілдік пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын проблемалар болады. Осыған байланысты "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының аяқталуына қарай 2021 жылы жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттықтар (конкурстар, аукциондар) өткізуді толықтай электрондық форматқа көшіру жоспарланып отыр.

Жер қатынастары саласында мынадай проблемалар бар:

1) ауыл шаруашылығы алқаптарын топырақтық және геоботаникалық зерттеп-қарау, топырақты бонитирлеу бойынша сапалы материалдар көлемінің аз болуы;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кадастрлық құнын айқындау үшін өзекті деректердің жоқтығы;

3) шалғайдағы жайылымдарды суландырудың жеткіліксіздігіне байланысты оларды игеру деңгейінің төмендігі;

4) ауыл шаруашылығынан бөлінетін көмірқышқыл газының шығарындылары;

5) пайдаланылмайтын жайылымдарды тиімді пайдаланушыларға қайта бөлу қажеттігі;

6) алып қойылған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тарту;

7) жерлердің ұтымды пайдаланылуын, топырақтың жай-күйі мен оның құнарлылығын жүйелі мониторингтеудің жоқтығы;

8) жерлерді тиімді пайдалану;

9) нақты егіншілік элементтерін енгізу деңгейінің жеткіліксіздігі.

3.4. Су шаруашылығы

Қазақстандағы су ресурстарының негізгі көлемін жерүсті сулары орташа жылдық 100,5 км³ көлемінде қамтамасыз етеді. Оның ішінде 56 %-ы жергілікті, ал қалған 44 %-ы Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресей мен Қырғызстаннан келетін трансшекаралық өзендер ағысы есебінен қалыптасады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 24-қосымша).

Тұщы судың қосымша көздері пайдалануға бекітілген запасы 15,6 км³ (оның ішінде қазіргі уақытта жылына 1,05 км³ өндіріледі) құрайтын жерасты сулары, тұщыландырылған теңіз сулары мен өзге де көздер болып табылады.

Экономика салаларының мұқтаждықтары үшін өзен ағынының ресурстарын толықтай пайдалану мүмкін емес. Атап айтқанда, Сырдария, Жайық, Іле, Тобыл, Ертіс, Есіл, Торғай, Шу өзендері бойынша экологиялық санитариялық талаптарды және балық шаруашылығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін міндетті су жіберудің жиынтық көлемі жылына шамамен 30,1 км³ құрайды. Ертіс пен Есіл өзендерінен көліктік-энергетикалық су жіберу 9,6 км³ құрайды.

Су қоймаларында және өзен арналарында булану мен сүзілуден болатын өзен ағынының шығыны 13,5 км³ болып бағаланады, жазықтағы өзендердің көктемгі су тасу ағыны шамамен 4,5 км³ құрайды, ол сондай-ақ кемиді және таралып кетеді.

Осылайша 57,9 км³ көлеміндегі көрсетілген қажетті су шығындары кезінде республика экономикасында пайдалануға болатын су ресурстарының бар көлемі жылдың орташа сулылығы жағдайында 42,8 км³ аспайды.

Орташа суы аз жылдары (75 % қамтамасыз етілу) және су аз жылдары (95 % қамтамасыз етілу) су ресурстарының жалпы көлемі тиісінше 76,1 км³ және 58,2 км³ дейін төмендейді, ал пайдалануға болатын су 32,6 км³ және 25,5 км³ дейін төмендейді (осы Мемлекеттік бағдарламаға 25-қосымша).

16-диаграмма. Қазақстанның су бассейндерінің қамтамасыз етілуі, км³

2015 жылы жалпы алынған су көлемі 22,8 км³ құрады (2016 жылы – 24,8 км³, 2017 жылы – 25,3 км³), оның ішінде ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін жылына 15,5 км³ (2016 жылы – жылына 15,1 км³, 2017 жылы – жылына 16,3 км³), оның жылына 12,2 км³ 1,35 млн. гектар алаңдағы тұрақты суару мұқтаждықтарына бұрып алынады (2016 жылы – 1,34 млн. гектар алаңда жылына 11,6 км³, 2017 жылы – 1,39 млн. гектар алаңда 11,9 км³), ал қалған жылына 3,3 км³ (2016 жылы – жылына 3,5 км³, 2017 жылы – жылына 4,4 км³) ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, көлтабандап суару, шабындықтарға су жайылту және жайылымдарды суландыру арасында бөлінген.

Ауыл шаруашылығы тұтынушылары үшін суды тасымалдау кезіндегі шығындар ирригациялық жүйелердегі пайдалы әсер коэффициентінің (бұдан әрі – ПӘК) төмендігімен (0,6-дан 0,65-ке дейін) түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығында су беру мен суарудың су үнемдегіш технологияларын пайдалану пайдаланылатын суармалы жерлердің кемінде 7 %-ын немесе 95,8 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығының мұқтаждықтарына су алудың болжамды орташа көлемі жылына 21 км³ құрайды.

Түпкілікті тұтынушы үшін су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнының төмендігі АШТӨ-нің су ресурстарын тиімсіз тұтынуына алып келеді

және су үнемдеу тұрғысынан тиімсіз технологияларды және ауыл шаруашылығы дақылдарын пайдалануға итермелемейді, су шаруашылығы және ирригациялық жүйелерге техникалық қызмет көрсетуге, оларды пайдалануға және жөндеуге мүмкіндік бермейді.

Өнеркәсіптің қажеттілігіне су тарту көлемі жылына 3,8 км³ құрайды, оның ішінде жылына 3,2 км³ пайдалануды және 0,6 км³ қайтарымсыз су тұтынуды құрайды. 2040 жылға қарай өнеркәсіптің суды қайтарымсыз тұтынуының жылына 2,6 км³-ге дейін (жылына орта есеппен 1,1 %-ға) ұлғаюы күтілуде, бұл өндірістің жылына 4 %-ға өсіміне және өнеркәсіптің жыл сайын қолда бар қуаттылықтар бойынша суды пайдалану тиімділігін жылына 0,5 %-ға арттыру жағдайына, сондай-ақ жаңа қуаттылықтар тиімділігінің қолда барымен салыстырғанда 30 %-ға жақсартылуына байланысты. Өсімді негізінен, газды, мұнайды өндіру және өңдеу, тау-кен өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі салалары қамтамасыз етеді.

Су ресурстарының сапасын бағалау

Су объектілерінің ластануы себебінен судың сапасы қанағаттанарлықсыз болып табылады. 2012 жылы 88 су айдынының 13-і ғана ластану көрсеткіші бойынша "таза" деп сыныпталған. Оның үстіне деректер уақыт өткен сайын судың ластану деңгейінің өсіп отырғанын куәландыруда (2006 жылдан бастап судың ластану көрсеткіші 8 ірі су айдыны үшін өскен).

Республиканың жерүсті су объектілерін тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, коммуналдық қызметтер қарқынды ластауда. Ластаушы салалар жыл сайын шамамен 50 %-ға жуық суды тазартпастан төгеді, бұл жылына 1,5-2 км³ тазартылмаған ағынды білдіреді. Су бұру жүйелерінің қолжетімділігі бойынша кейін қалу себебінен Қазақстанда елді мекендердің сарқынды суларының небәрі 29 %-ы ғана жіберу алдында қайталама тазартудан өтеді (Ұлыбританияда 94 %, Израиль мен Сингапурде 100 %). Өндіріс пен тұтыну қалдықтары орналасқан учаскелерде жерасты сулары да ластануға ұшырайды.

Сонымен бірге өзендер суларының сапасы тұрақты бақылау жүргізілетін, ұйымдастырылатын сарқынды су жіберуге ғана емес, айтарлықтай шамада елді мекендер аумағынан түрлі қалдықтардың (аршынды жыныстар үйінділері, күл үйінділері), танаптардан шайылып келетін химикаттардың су көздеріне алаңдық шайылуына да байланысты болады.

Су объектілеріне түсетін антропогендік жүктемелер және олардың қалпына келу қабілеті арасындағы теңгерімсіздік экологиялық саламатсыздықтың іс жүзінде барлық ірі өзендер бассейндеріне тән болуына алып келді және шын мәнінде экологиялық қауіп-қатер тудырады.

Судың зиянды әсер етуін болдырмау

Климаттық жағдай қалыпты жылдарда су объектілері халықтың тіршілігінде және ел экономикасында ерекше проблема тудырмайды. Су ағынының қалыптасу жағдайы бойынша экстремалды немесе соған жақын жылдарда, тіпті, жазда толықтай құрғап қалатын су ағындарының өзі төтенше жағдай туындау қатерін төндіреді.

Көктемгі немесе көктемгі-жазғы судың толуына байланысты туындаған су тасқындары іс жүзінде Қазақстанның барлық өңірлеріндегі өзендерде кездеседі. Мұндай ахуалдардың туындау ықтималдылығы Оңтүстік Қазақстандағы өзендерде ақпан-маусымда, Оңтүстік-Шығыс пен Шығыс Қазақстанның таулы өзендерінде наурыз-шілдеде, жазықтағы өзендерде наурыз-маусымда туындайды.

Судың зиянды әсер етуіне байланысты төтенше жағдайлар сүтежегіш және суреттегіш гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйінің нашарлауы нәтижесінде туындауы мүмкін (2010 жылғы Қызылағаш су қоймасындағы авария).

Қазақстанда төтенше жағдайлардың ықтимал көзі болуы мүмкін, түрлі ведомстволық қатыстылығы мен меншік түріне ие 1732 гидротехникалық құрылыстар бар.

Ұзақ пайдалану мен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының аз көлемде жүргізілуіне байланысты су шаруашылығы объектілерінде құрылыстардың негізгі конструкциясының бұзылуы, су қоймаларының бақпақтануы орын алады және әсіресе, көктемгі судың толуы мен тасуы кезінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жоғарғы ықтималдылығы туындайды.

Сумен қамтамасыз етілудің су аздығы циклі еліміздің экономикасына, әсіресе ауыл шаруашылығына едәуір залал келтіреді.

Соңғы жылдары судың зиянды әсер етуімен байланысты төтенше жағдайларды болдырмау үшін Сырдария өзенінде Көксарай қарсы реттегішін салу, Сырдария өзенінің арнасын және Арал теңізінің солтүстік бөлігін реттеу (I фаза) сияқты ірі су шаруашылығы жобалары іске асырылды.

Су саласындағы қолданыстағы мемлекеттік саясатты талдау

Қазақстанда басқарушылық және шаруашылық функцияларды бөле отырып, нарықтық қатынастар жағдайында су саласын дамытудың негізі жасалды. Су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидаты енгізілді.

Су саласын дамытудың, жер қойнауын, оның ішінде жерасты суларының ресурстарын ұтымды және кешенді зерделеу мен пайдаланудың заңнамалық базасын құру мақсатында ҚР Су кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Заңы, сондай-ақ тиісті заңға тәуелді актілер қабылданды.

Су ресурстарын басқару саласында мыналар байқалуда:

1) мүдделі мемлекеттік органдардың түрлі функциялары арасында қажетті үйлестірудің, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар, коммуналдық қызметтер, өнеркәсіптік кәсіпорындар, су пайдаланушылар тарапынан нормативтік талаптарды сақтау жүйесінде ашықтықтың, жеткілікті мониторинг пен бақылау жүйесінің жоқтығы;

2) су шаруашылығы инфрақұрылымы объектілерінде фрагменттелген меншіктің болуы және инвестицияларға қатысты шешімдер қабылдау схемасының нақты болмауы су саласындағы іс-шараларды жоспарлау мен жобалау кезінде барлық салалар мүдделері ескерілген жүйелі және кешенді тәсілдеменің болмауына алып келуде;

3) барлық деңгейлерде инфрақұрылым объектілерін жеткілікті түгендемеу жоспарлау мен инвестициялау саласында шешімдер қабылдаудың тиісті негіздемелерінің болмауына, сондай-ақ су шаруашылығы объектілерінің тозуына байланысты пайда болатын сумен жабдықтау мен су ресурстарының сапасы саласындағы тәуекелдерді жете түсінбеуге алып келуде;

4) су ресурстарын басқару саласында қажетті дағдылары мен біліктілігі бар кадрлар, сондай-ақ инспекциялық қызметтерде персонал санының жеткіліксіздігі.

Тариф белгілеу саласында

Ауыл шаруашылығы мен коммуналдық шаруашылықта, өнеркәсіпте тарифтердің ағымдағы деңгейлері мен құрылымдары кезінде суды үнемдеуді ынталандыру жөніндегі елеулі шаралардың болмауы су тұтыну тиімділігінің төмендігіне себеп болып табылады. Қазіргі уақытта суға жұмсалатын шығындар негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары құнының 1 %-ынан төмен (бидай үшін 0,9 %, мақта үшін 0,1 %), бұл басқа елдерге (Үндістан, ҚХР, Аустралия, ОАР, АҚШ және Израиль сияқты елдерде бидай үшін 4-13 %, мақта үшін 2-10 %) қарағанда анағұрлым аз. Абсолютті мәнде ауыл шаруашылығындағы судың ағымдағы тарифтерінің деңгейі әлемдегі ең төмен тарифтердің қатарына жатады, бұл Аустралия, Ұлыбритания, ҚХР, Греция сияқты елдерге қарағанда 2-10 есе, Израильге қарағанда 20 есе аз. Түпкілікті тұтынушы үшін судың тарифі өте төмен болғанына қарамастан (ауыл шаруашылығында орташа тариф текше метріне 0,5 теңгені құрайды), ол су ресурстарын тиімді пайдалануды ынталандырмайды. Сұраныстың ұлғаюына қарай өсе түсетін немесе суландыру технологияларына байланысты тарифтермен салыстырғанда ағымдағы тарифтер бірыңғай мөлшерлемені көздейді және тиімді су тұтынуды экономикалық тұрғыдан қандай да бір ынталандыруды көздемейді. Бұдан басқа кейбір тарифтік субсидиялар жағымсыз ынталандыруға итермелейді, ол су үнемдеу тұрғысынан

тиімсіз технологиялар мен ауыл шаруашылығы дақылдарын пайдалануға итермелейді (мысалы, күріш танаптарын суландыруға 50 % субсидия).

Өнеркәсіптік тұтынушылар үшін тарифтер деңгейі текше метріне 120-260 теңге аралығында құбылып отырады, осылайша басқа елдерде қолданылатын тарифтер деңгейімен салыстыруға келеді. Пайдаланылатын тарифтік деңгей сумен қамтамасыз етудің толық құнын (күрделі шығыстар және операциялық шығындар) жабады. Өнеркәсіптік тұтынушылар сумен жабдықтау құнын жабуден қатар коммуналдық тұтынушыларды субсидиялауға мәжбүр: Семей қаласында өнеркәсіптік тұтынушыларға арналған тариф толық құнның 186 %-ын жабады (оның ішінде операциялық шығындарды және күрделі шығыстарды қоса алғанда, бірақ қажетті жаңғыртуға кететін инвестицияларды қоспағанда), ал коммуналдық тұтынушыларға арналған тарифтер толық құнның 62 %-ын ғана жабады. Өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған ағымдағы тарифтер су тұтыну деңгейімен ғана байланысты, бұл қайталама және айналымды су тұтынуды пайдалану үшін іс жүзінде ынталандыру тудырмайды.

Коммуналдық тұтынушыларға арналған тарифтер деңгейі айтарлықтай төмен және әдетте операциялық шығындарды толығымен жаба алмайды (мысалы, Семей қаласында операциялық шығындарды жабу 78 %-ды құрайды). Қазақстанда тарифтердің орташа деңгейі басқа елдерге қарағанда төмен (Қазақстанда орташа тариф Ресей, Украина, ҚХР, Аустралия сияқты бірқатар елдердегі 1,2 АҚШ долларын құрайтын орташа тарифпен салыстырғанда 0,5 АҚШ долларын құрайды). Қазіргі уақытта шаруашылық-ауызсумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шоттың орташа сомасы үй шаруашылығының орташа табысының бар-жоғы 0,2 %-ын ғана құрайды, басқа елдерде орташа көрсеткіш 0,8 %-ды құрайды (Ресейде – 0,5 %, Германияда – 1,1 %).

Тарифтер деңгейінің төмен болуы нәтижесінде су тегін ресурс ретінде қабылданып, тұтынушылардың көбі суды үнемдеп пайдалануға тырыспайды. Бұл түпкілікті тұтынушылардың су ресурстарын пайдалану тиімділігінің төмендігіне және ауыл шаруашылығы тұтынушылары мен халықтың суды үнемсіз шығындауына әкеп соқтырады. Өнеркәсіп секторындағы су тұтынуға арналған ағымдағы тарифтер су үнемдеу технологияларына қаражат инвестициялау үшін болмашы ғана экономикалық ынталандыруды көздейді.

Су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер де сарқынды сулардың ластану деңгейін төмендету мен су тазартуды тиісінше ынталандыруды қамтамасыз етпейді. Өнеркәсіптер үшін сарқынды суға арналған тарифтер су сапасы мен оны тазарту деңгейіне тәуелді емес.

Қазақстанда егжей-тегжейлі әзірленген әдістемелердің болуына қарамастан, су сапасын ұдайы және жер-жерде мониторингтеудің болмауына және залалды өтеу тетігінің әлсіздігіне байланысты оларды қолдану қиын. Қазақстандағы сарқынды су сапасын реттейтін нормативтік база басқа елдерге қарағанда едәуір артта қалған.

Ауыл шаруашылығында сарқынды суға арналған тарифтер қолданылмайды, соның салдарынан дренаж жүйелерін қолдау үшін қандай да болмасын ынталандыру шаралары жоқ.

Жоспарлау мен басқаруды жүзеге асыру мақсатында ұлттық ауқымда су тұтынуды бақылау жүйесін қалыптастыру үшін жаппай есепке алу аспаптарымен қамтамасыз ету қажет. Бүгінгі күні коммуналдық сектор онымен 80 %-ға ғана (қосылулар санының) қамтамасыз етілген, оның үстіне олардың көп бөлігі тозған (10 жылдан артық пайдаланылуда), ал оларға қызмет көрсету мен оны ауыстыру жеткілікті деңгейде жиі жүргізілмейді.

Дара есепке алу аспаптарымен қамтамасыз ету 30 %-дан кем, бұл тарифтер көмегімен түпкі тұтынушылар арасында су үнемдеуді ынталандыру үшін қосымша кедергілер тудырады.

Ауыл шаруашылығында есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етудің ағымдағы деңгейі 60 %-дан кем, бұл ретте өлшеу жүргізу технологияларының көп бөлігі тозған, нәтижесінде су тұтынудың жалпы көлемінің 30 %-ынан астамы өлшенбейді. Бұдан басқа ауыл шаруашылығында су тұтынуды есепке алу толық емес, өлшеу көбінесе қолмен жүзеге асырылады, ал деректер жергілікті деңгейде сақталады. Бұл су шаруашылығын басқару жүйесінің дамыған елдер тіршілік ететін "тұтын да төле" қағидатымен жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді.

ҚР-ның су қауіпсіздігі тұрғысынан трансшекаралық ынтымақтастығы

ҚР-ның географиялық орналасуына байланысты оның 8 өзен бассейнінің 7-еуінің ағыны көршілес мемлекеттерде (ҚХР, Орталық Азия елдері, Ресей) қалыптасады және трансшекаралық сипатқа ие.

Су қорының 44 %-ы сыртқы көздер есебінен толығынын ескерсек, су қауіпсіздігі тұрғысынан ҚР трансшекаралық ынтымақтастығы мәселесі өте маңызды болып табылады және стратегиялық әрі кешенді тәсілдемені қажет етеді.

Осыған байланысты, су ресурстарын басқарудың ішкі мәселелерін шешумен қатар, ҚХР-мен, Ресеймен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Өзбекстанмен трансшекаралық өзендерді пайдалану, қорғау және олардың суын бөлу саласында, сондай-ақ БҰҰ жүйесі ұйымдарымен және басқа да халықаралық ұйымдармен және елдермен су ресурстарын басқару, су үнемдеу және су

заңнамасы, озық технологияларды тарту және енгізу тәжірибесімен алмасу саласында тиімді өзара іс-қимыл жүргізу аса маңызды болып табылады.

Шу мен Талас өзендері бойынша Қазақстанның ынтымақтастығы оң үрдіс болып табылады: 2006 жылы құрылған Шу-Талас комиссиясы екі жақты келісім аясында жұмыс істейтін бірлескен органның үлгісі болды. Шу-Талас комиссиясы модельдік құралға айналды, оның көмегімен өзендердің төменгі ағысында орналасқан елдер ағыс бойынша жоғары орналасқан елдер аумағындағы бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылысжайларды басқаруға қатыса алады.

Трансшекаралық ынтымақтастықтың тағы бір оң мысалы ретінде 2011 жылы қол қойылған ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендердің су сапасын қорғау туралы екіжақты келісімді атауға болады.

Қазақстан бірқатар шекаралас мемлекеттермен жасалған халықаралық келісімдердің, сондай-ақ халықаралық конвенциялардың тарапы болып табылады. Шекаралас елдермен жасалған келісімдердің нормаларын іске асыру үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүзеге асырылады.

Су шаруашылығы саласында мынадай проблемалар бар:

1) су қоймаларының, су шаруашылығы және гидромелиорациялық маңызы бар магистральдық және таратушы каналдардың қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі;

2) су үнемдеуге қойылатын нормативтік талаптар мен су ресурстарын пайдалану жөніндегі бақылаудың жетілдірілмегендігі;

3) су беру жөніндегі қызметтердің ағымдағы құны (тариф) су шаруашылығы жүйелерін тиімді ұстау, оған техникалық қызмет көрсету және оны дамыту талаптарына сай келмейді;

4) суды есепке алудың қанағаттанғысыз жай-күйі және су үнемдеудің жеткіліксіз ынталандырылуы;

5) ирригациялық инфрақұрылымның бір суарылатын алап шегінде теңгерімді бөлшектенуі;

6) еріген қар суларын жинақтауға арналған су қоймаларының жетіспеушілігі;

7) тасқындар, су басу, су объектілері жағалауларының өзгеруі, аумақтарды жерасты суларының басуы, жерлердің батпақтануы және сортаңдануы, су эрозиясы, судың аздығы салдарынан судың зиянды әсер етуінен болатын материалдық залалдың өсу үрдісі;

8) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалану жөніндегі кәсіпорындардың нашар материалдық-техникалық жарақталуы;

9) өнеркәсіптегі қайталама және айналымды суды тұтыну тиімділігінің төмендігі.

3.5. Өткізу мен экспорттау нарықтарының қолжетімділігі

Қазақстанның географиялық орналасуына, ауыл шаруашылығы өнімдері нарығының сыйымдылығына, тасымал қолжетімділігіне жүргізілген талдау негізінде ЕАЭО, ТМД, Қытай, Иран, Ауғанстан және Парсы шығанағы елдері ықтимал өткізу нарықтары болып табылатыны туралы қорытынды жасауға болады.

2015 жылдың қорытындылары бойынша экспортталған өнімдер көлемі бойынша мыналар көшбасшы болып табылады:

- 1) өсімдік шаруашылығы өнімдері – бидай, арпа, жүгері, майлы дақылдар;
- 2) мал шаруашылығы өнімдері – сиыр еті, қой еті, шошқа еті, құс еті.

2017 жылдың қорытындылары бойынша мыналар көшбасшы болып табылады:

- 1) өсімдік шаруашылығы өнімдері – бидай, ұн, арпа, зығыр тұқымы, мақта талшығы, күнбағыс тұқымы;
- 2) мал шаруашылығы өнімдері – балықтың жон еті, мұздатылған балық, үй құсының еті мен тағамдық қосалқы өнімдері, сүт және кілегей.

Жалпы, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты елдердің импорт құрылымында өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша Қазақстаннан әкелінетін өнім 86 %-дан асады.

Мал шаруашылығы өнімдері бойынша отандық өндіріспен ішкі қамтамасыз етілуді ескерсек, сиыр еті мен қой еті экспорттық әлеуетке ие. Бұл өнімдер импортының ең үлкен көлемі Қытайда, Ресейде, Иранда және Парсы шығанағы елдерінде байқалады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 26-қосымша).

Дегенмен, мынадай проблемалар бар:

1) дамыған көлік-логистика инфрақұрылымының жоқтығы (тозған инфрақұрылым, теміржолмен өткізу қабілетінің төмендігі, маусымда вагондардың жетіспеушілігі, өту пункттеріне жақын маңда сақтауға арналған қоймалардың жоқтығы);

2) АӨК субъектілеріне қатысты монополияға қарсы қызметті реттеу саласындағы заңнаманың жетілдірілмегендігі;

3) АӨК субъектілерінің уақтылы және сапалы маркетингтік ақпаратпен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі;

4) экспорттық өнімдерге арналған рұқсат беру құжаттарын қарау мен беру мерзімдерінің ұзақтығы;

5) өздерінің ішкі нарығын қорғайтын импорттаушы елдер тарапынан саудадағы кедергілер (импорттаушы елдердің мал шаруашылығы және өсімдік

шаруашылығы өнімдеріне қоятын ветеринариялық және фитосанитариялық талаптары);

б) ауыл шаруашылығы өнімдерінің брендтерін ішкі және сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша әлсіз жұмыс.

Органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі

Қарқынды ауыл шаруашылығын жүргізуге көшу, генетикалық-түрлендірілген организмдерді (бұдан әрі – ГТО), улы химикаттарды, минералды тыңайтқыштарды, антибиотиктерді және жануарлардың өнімділігін ынталандырғыштарды кеңінен пайдалану қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына ғана емес, жалпы қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Топырақтың, өсімдіктердің, жануарлардың биоәлеуетін барынша пайдаланудың көмегімен органикалық ауыл шаруашылығы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тәуекелдерді барынша төмендетуге ықпал етеді, сондай-ақ ауыл тұрғындарына өз кірістерінің деңгейін арттыруға, өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазақстандық ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін экоөнімдер өндірісі перспективалы, бірақ әлі жеткілікті дәрежеде дамымаған болып табылады, бұл оларға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл – инновациялық бағыт және оның негізгі міндеттерінің бірі – жергілікті дәстүр мен мәдениетті сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығын жүргізудің аға буыннан мұра болып қалған оң тәжірибесін пайдалану.

Бұдан басқа органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізу Қазақстан АӨК-сінің объективті, ұлттық бәсекелестік артықшылығы болып табылады.

"Органикалық өнім өндіру туралы" ҚР Заңы пестицидтерді, синтетикалық минералды тыңайтқыштарды, өсімді реттегіштерді, жасанды тамақ қоспаларын пайдаланудан бас тартуды көздейді, сондай-ақ ГТО-ны пайдалануға тыйым салады. Органикалық өнімдер алумен топырақты, табиғи экожүйелерді дұрыс жағдайда ұстап тұру және жақсарту бірге жүреді, дамудың тұрақты болмауына байланысты қатерді барынша азайтады, халықтың денсаулығы және саламаттылығы үшін жағдай жасайды.

Органикалық өнімдер өндірісінің және айналымының ұлттық жүйесі халықаралық жүйемен сәйкес болуы және Қазақстандағы ауыл шаруашылығының ерекшелігін есепке алуы тиіс.

Органикалық ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесін қалыптастыру индустриялық ауыл шаруашылығы өндірісінен бас тартуды білдірмейді: ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің органикалық та, индустриялық та жүйесі ішкі және халықаралық нарықтардағы органикалық өнімдерге деген ағымдағы және мүмкін болатын қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын аграрлық

технологияға біртіндеп трансформациялана отырып, бір-біріне параллель тиімді жұмыс істей алады.

2016 жылғы жағдай бойынша ресми статистика органикалық өнімдер өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындарды есепке алуды жүргізбейді.

Қазақ агроөнеркәсіптік кешен экономикасы мен ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша республика аумағында 29 органикалық өнімдер өндіруші және өндеуге, сақтауға, тасымалдауға және органикалық өніммен байланысты басқа да операцияларға сертификатталған 19 компания жұмыс істейді. 2015 жылы органикалық өнімдер өндірісі шамамен 300 мың тоннаны құрады, оның ішінде шамамен 10 млн. АҚШ доллары сомасына 62 мың тонна өнім Ұлыбританияға, Италияға, Германияға, Францияға, Бельгияға, Нидерландыға, Польшаға, Ресейге, Украинаға және басқа да елдерге экспортталды (осы Мемлекеттік бағдарламаға 27-қосымша).

Органикалық өнімдер өндірісінің дамуын мынадай проблемалар тежейді:

1) елімізде органикалық өнімдер өндірісін сертификаттайтын өз жүйеміздің жоқтығы;

2) елімізде өнім сапасын айқындау жөніндегі мамандандырылған зертханалардың жоқтығы;

3) АШТӨ мен халықтың органикалық өнімдер өндіру мен оны тұтынудың артықшылықтары туралы аз хабардар етілгендігі;

4) Қазақстан АӨК-сіндегі қалдықтарды барынша азайту мен қайта пайдалану деңгейінің жеткіліксіздігі.

Сауда-логистика инфрақұрылымы

Қазіргі уақытта 90 %-дан астам жеміс-көкөніс өнімдері отандық өндіріс (негізінен еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлері) өнімдері болып табылады, ал қалған бөлігі негізінен Ресейден, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан және Тәжікстаннан импортталады. Көкөніс пен картопты тұтыну ең үлкен бөлікті (жалпы мөлшердің 91 %-ы), жемістерді тұтыну небәрі 9 %-ды құрайды.

Бұл ретте тез бұзылатын өнімдер құны алаңдаушылық туғызып отыр, сондай-ақ олардың сапасы тұтынушылар мен сауда желілерінің өсіп келе жатқан талаптарына сәйкес келмеуде. Өйткені фермерлер өндірісі көптеген шағын және ұсақ бөлшектерге бөлінген, олардың өз өнімдерін буып-түюге, тасымалдауға немесе тікелей өткізуге арналған құралдары жоқ. Сондай-ақ ұйымдастырылған логистика жоқ және жеміс-көкөніс өнімдеріне маманданған, яғни өнімдерді жинау мен фургондарға бөлуді жүзеге асыратын тасымалдаушылар жоқ.

Азық-түлік тауарларының өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысы бейберекет режимде жүзеге асырылуда. Мысалы, жеміс-көкөніс өнімін делдалдар тікелей фермерлер мен ЖҚШ иелерінің танаптарынан сатып алады.

Ет өнімдері нарықтарында да жағдай осыған ұқсас, онда көптеген ұсақ тауар өндірушілер өз бетінше, санитариялық талаптарды сақтамастан, мал союды жүзеге асырады және етті көтерме бағамен өткізу үшін базарларға тасымалдайды.

Бұдан басқа дәнді дақылдардың орташа жылдық өсуі жағдайында тасымалдау мен сақтау бойынша қуаттылықтардың тапшылығы өсуде, бидайды дәстүрлі өткізу нарықтарына экспорттау кезінде қиындықтар туындауда.

Бұл проблемаларды шешу үшін елімізде көлік логистикасы мен қойма инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар қабылдануда. Айталық, Қазақстан аумағында 21 көліктік-логистикалық орталық жұмыс істейді. Сонымен бірге қолда бар заманауи инфрақұрылым қуаттылықтары проблемаларды толықтай жою үшін жеткіліксіз.

Логистикалық тізбектегі әлсіз буын сауда болып табылады. Азық-түлік тауарларының ішкі және сыртқы ағыны негізінен шағын кәсіпорындарға тиесілі – нарықтың 81 %-ы (орташа кәсіпорындар – 10 %, ірі кәсіпорындар – 9 %).

Көтерме сауда негізінен әртүрлі жерлерде орындалады және көптеген бөлшек сауда базарлары таңертең ерте көтерме базарлардың функциясын орындайды. Бұл ретте Қазақстанның әрбір қаласында азық-түлік жеткізудің ескі орталықтандырылған жүйесі мұраға қалған, ескі азық-түлік қоймаларында орналасқан мамандандырылған көтерме базарлар бар.

Сөз жеміс-көкөніс өнімдері, сондай-ақ ет пен басқа да тез бүлінетін азық-түлік өнімдері, шұжық өнімдері және т.б. сатылатын айтарлықтай үлкен емес ғимараттар туралы болып отыр.

Жалпы барлық көтерме базарларды жеке кәсіпорындар басқарады, олар осы ғимараттар мен жер учаскесінің иелері не оны жалға алушылар болып табылады. Бірақ көбінесе көтерме базарларды жергілікті атқарушы биліктер береді.

Бұл базарлар әрқашан өнімді автомобильдерден және сауда пункттерінен (базар операторларының екі санаты келесі тарауда сипатталады) өткізетін көтерме бағамен сатушыларды қабылдауға арналған әртүрлі бөлімдерден тұрады. Сатып алушылар көтерме және бөлшек сауда қызметі араласып жатқан көтерме базарларға кіре алады.

Базарлар сауданы ұйымдастыру бойынша өз функцияларын осы деңгейде орындайтыны анық. Сонымен бірге өнімдерді өткізу шарттары, атап айтқанда, тез бұзылатын өнімдерді өткізу шарттары гигиеналық-санитариялық талаптарға сәйкес келмейді.

Бұл жоғары баға, маусымаралық кезеңде бағаның тұрақтамауы, ірі партияларды қалыптастырудағы қиындық, азық-түлік тауарларын тұрақты жеткізудің қамтамасыз етілмеуі сияқты салдарға алып келеді.

Проблемалар:

- 1) сауда-логистика инфрақұрылымының дамымағандығы;
- 2) бақыланбайтын делдалдар буындары санының болуы;
- 3) бөлшек сауда кәсіпорындары мен АШТӨ арасында байланыстың жоқтығы;
- 4) азық-түлік тауарларының республиканың өңірлері арасындағы қозғалысы кезінде оларды бөлу жүйесінде шығындар мен шығыстардың болуы;
- 5) дәнді дақылдар мен олардың өңделген өнімдерін экспорттау кезінде тасымалдау қуаттылықтарының тапшылығы;
- 6) электрондық сауда деңгейінің төмендігі;
- 7) экспорт үшін ірі, тұрақты партиялар қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің жоқтығы.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау, техникалық реттеу

Фитосанитариялық қауіпсіздік

Қазақстан аумағында ауыл шаруашылығы өндірісіне залал келтіретін көптеген зиянды организмдер таралған. Өртүрлі өңірлерде ауыл шаруашылығы дақылдарына қорек талғамайтындардың шамамен 50-ге таяу түрі және машықтанған зиянкестердің 100-ден астам түрі, аурулардың 70-тен астам түрі және арамшөптердің 30 түрі зиян келтіреді. Олардың жекелеген түрлері (шегіртке тектестер, астықтың сұр көбелегі, бақашық қандала, гессен шыбыны, астық қоңызы, мақта көбелегі мен өрмекші кене, колорадо қоңызы, сарышұнақтар мен тышқан тәріздес кеміргіштер, астық дақылдарының септориозы мен тат ауруы) кезең-кезеңімен жаппай көбеюге және таралуға қабілетті, экономикалық, экологиялық залал келтіретін аса қауіпті болып табылады. Аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуы ауыл шаруашылығы дақылдары түсімінің 15-30 %-ын жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Қолайлы фитосанитариялық жағдай тұрақты өнім алудың және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін ұлғайту мен өнім сапасын арттыру шарттарының бірі өсімдіктерді зиянкестерден, өсімдіктер аурулары мен арамшөптерден қорғау болып табылады. Ауыл шаруашылығы алқаптарындағы зиянды организмдерді уақтылы анықтау және болжау, аса қауіпті зиянды организмдерді және карантиндік организмдерді зерттеу, олардың азық-түлік

қауіпсіздігіне әсер етуін шектеу жолдарын табу кезек күттірмейтін және басым міндеттер болып табылады.

Аса қауіпті зиянды организмдердің жоғары қауіп-қатерінің өзектілігін оларға қарсы химиялық өңдеу көлемінің ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық зиянкестері мен ауруларына қарсы бүкіл қорғау іс-шараларының жалпы алаңның 91,3-99,1 %-ын құрайтынынан көруге болады.

Фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде әртүрлі фитосанитариялық мақсаттағы пестицидтер – инсектицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, тұқым дәрілеуіштер, биопрепараттар мен басқа да препараттар пайдаланылады. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне 800-ден астам шетелдік және отандық өндіріс пестицидтері енгізілген. Адам денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау мақсатында фитосанитариялық мониторинг және фитосанитариялық іс-шаралар жүргізуге, пестицидтерді тасымалдауға, сақтауға, қолдануға және зарарсыздандыруға, пестицидтерге тіркеуге арналған сынақтар және өндірістік сынақтар жүргізуге мемлекеттік фитосанитарлық бақылау жүзеге асырылады.

Өзара ынтымақтастық туралы келісімдерге сәйкес фитосанитариялық жағдай туралы ақпаратпен алмасу және аса қауіпті зиянды организмдерді, әсіресе, үйірлі шегіртке тәрізділерді анықтау тұрғысынан шекаралас аумақтарда бірлескен зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен және Өзбекстан Республикасымен халықаралық ынтымақтастық жүзеге асырылуда. Зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау үшін, оның ішінде оларды төтенше жағдайларда қолдану үшін пестицидтердің запасын жеткілікті деңгейде ұстап тұру жөніндегі шаралар қабылдануда.


ҚР аумағында фитосанитариялық саламаттылықты қамтамасыз ету ЖАО-мен өзара іс-қимыл жүргізу арқылы жүзеге асырылады, ол үшін аса қауіпті зиянды организмдерге, оның ішінде үйірлі шегіртке зиянкестеріне қарсы қорғау іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі бірлескен облыстық штабтар құрылады, жедел шаралар кезеңінде АШТӨ-ге дабылдық хабарламалар жолданады, ескі консервациядағы пестицидтер көмінділерінің және басқалардың жай-күйіне комиссиялық тексерулер жүргізіледі.

Осылайша республикада фитосанитариялық қауіпсіздік қанағаттанарлық деңгейде. Химиялық әдістерді қолданумен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерімен және ауруларымен күресте биологиялық әдістерді қолдану дамуда. Сонымен бірге карантиндік объектілердің жаңа түрлері (жеміс дақылдарының бактериалдық күйігі, оңтүстік америкалық

қызанақ күйесі) анықталды, олардың ошағы соңғы жылдары оқшау түрде ұлғайды. 2015 жылғы жағдай бойынша карантиндік объектілердің және аса қауіпті зиянды организмдердің таралу алаңы 14 588,6 мың гектарды, 2016 жылы 12 952,8 мың гектарды, 2017 жылы 10 667,4 мың гектарды құрады (осы Мемлекеттік бағдарламаға 28-қосымша).

АШТӨ жерлеріндегі карантиндік арамшөптерді қоспағанда, карантиндік объектілерге және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жүргізу жөніндегі іс-шаралар РБ есебінен қаржыландырылады. Зиянды организмдерге қарсы іс-шаралар жергілікті бюджет (бұдан әрі – ЖБ) есебінен қаржыландырылады. Карантиндік объектілермен және аса қауіпті зиянды организмдермен күресу фитосанитариялық саламаттылықты қамтамасыз ету процесіне АШТӨ-ні тікелей тарту жолымен жүзеге асырылады.

17-диаграмма. ҚР аумағында жекелеген карантиндік объектілердің таралу серпіні, га



Талдау көрсеткендей, іргелес мемлекеттермен шекаралас аумақтардағы фитосанитариялық бақылау бекеттеріндегі (бұдан әрі – ФББ) карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды тұрақты негізде жүргізу жөніндегі нормалар заңнамалық деңгейде көзделмеген.

Бұл ретте карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында шекаралас аумақтардағы ФББ-да фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмейтін карантинге жатқызылған өнімдерді әкелудің жолын кесу,

карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің әкелінуіне және таралуына жол бермеу үшін тұрақты түрде бақылау және қадағалау жүргізу қажет етіледі.

Сонымен бірге тексерілетін субъектілер (объектілер) қатарының белгісіз болуына байланысты тексерулер жүргізуді болжау да мүмкін емес. Кәсіпкерлік кодексінің нормалары жоғарыда көрсетілген қағидаттарды сақтай отырып, ФББ-да карантиндік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, өйткені тексерулер жоспарына қосу және құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органда тіркеу талап етіледі.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы кезіндегі, сараптама жүргізу үшін жете тексеруді және үлгілерді іріктеп алуды жүзеге асыруы кезіндегі қабылдайтын шешімдерінің айқындылығына, заңдылығына, әрекетінің дұрыстығына бақылау жүргізілмейді, бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болуына мүмкіндік туғызады.

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен ашық шекара жағдайында пестицидтердің өткізілуін фитосанитариялық бақылаудың жоқтығынан Қазақстан аумағына тіркелмеген тыйым салынған пестицидтердің енуі, сондай-ақ республика аумағында кездеспейтін карантиндік объектілер мен зиянды организмдердің аса қауіпті түрлерінің интродукциясы және одан әрі таралуы қатері бар.

Осыған байланысты биопрепараттарды қоса алғанда, жаңа пестицидтерді жасау мақсатында анықталған штамдарға және зиянды, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілер түрлеріне қарсы сынақтар жүргізу үшін осындай организмдерді сақтауға қою және олармен күрестің биологиялық тәсілдерін қолдану қажеттілігі бар.

Сонымен бірге, мынадай проблемалар бар:

1) өсімдіктер карантині саласындағы заңнамада тыйым салулар мен шектеулерді енгізу тетігінің, фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу жөніндегі нормалардың жоқтығы;

2) өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамада пестицидтерді қолданудың, сақтаудың және өткізудің техникалық регламенттерін сақтауға фитосанитарлық бақылаудың жоқтығы;

3) зиянды, аса қауіпті зиянды организмдермен күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды және карантиндік объектілерді оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша АШТӨ-нің фитосанитариялық сауаттылығы деңгейінің төмендігі;

4) ЕАЭО мен ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде сауда әріптестері саны мен сауда айналымының кеңеюіне байланысты ҚР-да бұрын тіркелмеген карантиндік объектілердің интродукциясы мен таралуы қатерінің артуы;

5) шекаралық ФББ санының жеткіліксіздігі;

6) қолданыстағы ФББ және зертханалардың нашар материалдық-техникалық жарақталуы;


7) зиянды, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік организмдердің таралу ошақтарының электрондық картаға түсірілмеуі;

8) өсімдіктерді қорғау және олардың карантині жөніндегі халықаралық ұйымдарға жеткілікті түрде белсенді қатыспау.

Ветеринариялық қауіпсіздік

2015 жылы жіті инфекциялық аурулардың 248 ошағы, 2016 жылы 149 ошағы, 2017 жылы 143 ошағы тіркелді, оның нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстары үшін мал шаруашылығы өнімдерінің экспортына тыйым салынған болатын (осы Мемлекеттік бағдарламаға 29 және 30-қосымшалар).

18-диаграмма. Жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық ахуал (оқиғалардың саны)



19-диаграмма. Жануарлардың созылмалы аурулары бойынша эпизоотиялық ахуал (оқиғалардың саны)



Проблемалар:

1) ветеринариялық бақылау және қадағалаудың және ҚР аумағының эпизоотиялық саламаттылығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесі жоқ;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы мен жергілікті атқарушы органдар арасында ветеринария саласындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажыратудың жетіспеушілігі;

3) жергілікті жерлерде карантинге жатқызылған объектілердің орнын ауыстыруды қоса алғанда, ветеринария саласындағы заңнаманың сақталуын ветеринариялық бақылаудың жетіспеушілігі;

4) ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалар нарығын бақылау рәсімдерін реттеудің тиісті деңгейде болмауы;

5) отандық вакцина өндірісі нашар дамыған;

6) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринар дәрігерлерін аттестаттауды жүзеге асырудың мүмкін еместігі;

7) ҚР аумағында алғаш рет анықталған жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болған кезде жедел және уақтылы ден қоюдың мүмкін еместігі, олардың таралуы эпизоотиялық ахуалдың нашарлауына алып келуі мүмкін.

Техникалық реттеу

Қазіргі уақытта АӨК саласында өнім қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклі процестеріне қойылатын талаптарды белгілейтін ЕАЭО-ның 17 техникалық

регламенті қолданылады. Бұдан басқа ЕАЭО-ның тағы 2 техникалық регламентін қабылдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар жетілдіру, халықаралық құжаттарға сәйкес келтіру мақсатында ЕАЭО-ның қолданыстағы техникалық регламенттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Тиісінше осыған ұқсас жұмыс ЕАЭО-ның техникалық регламенттеріне стандарттар тізбесін қайта қарау бойынша жүргізілуде.

Сонымен қатар ЕАЭО-ның техникалық регламенттерін бекіту ішкі нарықты қауіпті және бұрмаланған өнімнен қорғаудың тиісінше деңгейін қамтамасыз етпейді.

Қазақстан Аккредиттеу жөніндегі Тынық мұхиты ынтымақтастығы (РАС), Еуропалық аккредиттеу жөніндегі ұйым (ЕА), Халықаралық аккредиттеу форумы (IAF), Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ынтымақтастық (ILAC) сияқты аккредиттеу саласындағы халықаралық және өңірлік ұйымдардың қатысушысы болып табылады. Аталған ұйымдарға қатысу жүйелердің, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің, персоналдың және сәйкестікті бағалау жөніндегі басқа да бағдарламалардың сертификатталуын немесе тіркелуін халықаралық деңгейде тануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні әлемнің 70 елінің аккредиттеу жөніндегі 89 органы және 3 өңірлік топ, оның ішінде ЕО, Иран, ҚХР, Ресей және басқалары Өзара тану туралы келісімге қол қоюшылар болып табылады. Бұл қол қоюшылардың өз саласының шегінде аккредиттеу нәтижелерін өзара танитынын және тиісінше олар аккредиттеген субъектілердің сәйкестігін бағалау бойынша жұмыстардың нәтижелерін мойындай алатынын білдіреді. Бұл жұмыстарды тану жөніндегі соңғы шешімді аталған елдердің үкіметтері қабылдайды.

ҚР аккредиттеу жөніндегі органының (НСА) ILAC-қа мүшелік етуінің арқасында республиканың аккредиттелген зертханалары берілетін сынақ хаттамаларында біріктірілген ILAC-MRA зертханалық белгісін пайдалана алады. Мұндай хаттамалар ILAC-MRA-ны өзара тану туралы келісімге қол қойған елдерде импорттаушы елде регламенттелген жеке көрсеткіштер бойынша қосымша сынақтар жүргізу арқылы оларды жалпы немесе ішінара тану үшін негіз ретінде қарастырылады. Осылайша біріктірілген ILAC-MRA зертханалық белгісі бар сынақ хаттамаларын алу отандық экспорттаушылар үшін тауардың сәйкестігін растау жөніндегі қосымша рәсімдерге кететін шығыстар мен уақытты азайтуға ықпал етеді.

2017 жылдың есептік деректеріне сәйкес республиканың 198 зертханасы шартқа қол қойып, біріктірілген ILAC-MRA белгісін пайдалану құқығын алды.

Аталған зертханалар ҚР заңды тұлғаларына 113 073 сынақ хаттамасын, оның ішінде 2 079 сынақ хаттамасын ҚР-дан тысқары жерлерге берген. Хаттамалар балық, ет, сүт, астық өнімдеріне, сондай-ақ балға, табиғи, минералды емдік-асханалық суға, ұнға, күнбағысқа, қой жүніне, былғары шикізатына, ірі қара мал терісіне берілген.

Осылайша, бизнес-қоғамдастық Қырғызстанға, Тәжікстанға, Өзбекстанға, Ауғанстанға, Қытайға, Жапонияға, Иранға, Сербияға, Испанияға, Ресейге, Беларусьқа, Әзербайжанға, Грузияға, Польшаға экспортталған өнімді халықаралық деңгейде ILAC MRA белгісімен танылған сынақ хаттамаларымен сүйемелдеуге мүмкіндік алды.

Бұдан басқа ҰАО өнім бойынша Тану туралы көпжақты келісімнің (IAF MLA) қол қоюшысы болып табылады, бұл аккредиттелген органдарға сәйкестікті растау жөніндегі ISO/IEC 17065 стандарты бойынша өнімді, оның ішінде экспортқа сүйемелдейтін сәйкестік сертификаттарында біріктірілген IAF MRA белгісін қолдануға мүмкіндік береді. ҚР ИДМ Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 270-од бұйрығымен ағылшын тілінде сәйкестік сертификаттарына қосымшалардың нысандары бекітілген.

2017 жылғы жағдай бойынша 54 орган (оның ішінде 19 филиал) шартқа қол қойған және біріктірілген IAF MRA белгісін пайдалану құқығын алған және 10 008 сәйкестік сертификатын берген (оның ішінде 195 сертификат ҚР-дан тысқары жерлерге берілген).

2015 жылғы 29 мамырда ЕАЭО мен Вьетнам арасында еркін сауда аймағы туралы келісім жасалды. Аталған келісім элементтерінің бірі шамадан тыс кедергілерді жою, тауарлардың халықаралық саудаға шығуын және стандарттарды, техникалық регламенттерді әзірлеу, қабылдау және қолдану кезіндегі транспаренттілікті және сәйкестікті бағалау рәсімдерін жақсарту болып табылады.

2017 жылғы 28-30 қазан кезеңінде Ванкувер қаласында (Канада) ILAC/IAF Бас Ассамблеясының отырысы өтіп, онда Менеджмент жүйесін сертификаттау органдарын аккредиттеу жөніндегі IAF MRA келісіміне қол қойылды.

Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету

Қазақстанның АӨК-сінде ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен өтеусіз негізде мынадай мамандандырылған ұйымдар айналысты: "ҚазАгроМаркетинг" АҚ және ғылыми-зерттеу институттары (бұдан әрі – ҒЗИ) мен тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтар (бұдан әрі – ТӨШ) базасында құрылған білім тарату орталықтары. 2016 жылы аталған қызмет "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҚР ҰКП) қарамағына

берілген болатын. Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен жыл сайын барлығы 60 мыңнан астам АӨК субъектісі қамтылған.

Сондай-ақ "Атамекен" ҚР ҰКП көрмелерді өткізуге және экспортты ілгерілетуге арналған шығындардың бір бөлігін өтеу арқылы шет елдердегі көрмелерге отандық кәсіпорындардың қатысуын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетеді.

Бұдан басқа, өткізу, деректерді жинау және тарату мәселелерінде ақпараттық және маркетингтік қолдауды салалық кәсіпкерлер қауымдастықтары көрсетеді.

Проблемалар:

1) АӨК субъектілерінің ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдай туралы сапалы ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен жеткілікті түрде қамтылмауы;

2) экономиканың аграрлық секторында біліктілікті арттыру жүйелеріне, консультациялық ақпараттық және цифрлық көрсетілетін қызметтерге арналған инфрақұрылымның дамымағандығы;

3) телевизиялық контенттің, тақырыптық әлеуметтік парақтар мен имидждік жұмыстың жоқтығынан ауылдық өңірлердің ақпараттық сүйемелдеумен нашар қамтылуы.

3.6. Аграрлық ғылымды, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілері құзыреттерінің деңгейін дамыту

Ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету

ҚР-да АӨК саласындағы ғылыми зерттеулермен "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "ҰАҒББО" КЕАҚ) ҒЗИ-лары мен ТӨШ-терінің қызметкерлері, басқа да ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ЖОО) айналысады. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемі 2015 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 0,15 %-ын, 2016 жылы 0,11 %-ын, 2017 жылы 0,10 %-ын құрады, бұл орта есеппен технологиялық көшбасшы елдерге қарағанда шамамен 10 есеге төмен.

Қазіргі қаржыландыру тетігі жағдайында бизнес зерттеу тақырыптарын айқындауға қатыспайды және қаржыландырмайды, осы себептен ғылыми әзірлемелер ҚР АӨК агроқұралымдары сұранысына, рентабельділікті, кірістілікті арттыруға және бәсекелестік артықшылықтарын алуға нашар бағдарланған.

1-схема. Аграрлық ғылымды қаржыландыру тетігі



АӨК субъектілерінің озық ғылыми жетістіктер мен білімге тікелей қол жеткізуін қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді ауыл шаруашылығы өндірісіне тезірек енгізу мақсатында АШМ 2009 жылдан бастап білім тарату жүйесін құру жобасын жүзеге асыруда. Құрылып жатқан жүйенің негізі ретінде үздік әлемдік тәжірибе болып табылатын Extension жүйесі алынған, ол ауыл шаруашылығы дамыған көптеген шет елдерде бар.

АӨК-ні инновациялық-технологиялық дамытуда қысқа уақыт кезеңінде серпіліс жасаған елдердің тәжірибесі білім тарату орталықтары (бұдан әрі – БТО) қаншалықты көп болған сайын ғылымның әсері де, өндіріске жаңа технологияларды енгізу жылдамдығы да соншалықты жоғары болатынын көрсетті. Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған БТО саны (11) АӨК субъектілерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тым жеткіліксіз. Салыстыру үшін алсақ, Аргентинада 350 Extension орталық бар.

2-схема. Ғылыми ұйымдар схемасы

Кадр әлеуетіне жүргізілген талдау ғылыми қызметкерлердің қызметтік мансабы мен еңбекақы төлеудің қолда бар жүйесі, кадрлар таңдаудың тоқтатылуы дарынды жастар мен біліктілігі жоғары мамандар тарапынан қызығушылықтың қалыптасуына ықпал етпейтінін көрсетті. Ғылыми жұмыскер кәсібінің беделі деңгейінің төмен екені байқалады. 2015 жылы аграрлық ғылым жұмыскерінің орташа жалақысы 102 мың теңгені, 2016 жылы 110 мың теңгені, 2017 жылы 134,6 мың теңгені құрады. Кадрларды қалыптастыру мен іріктеудің бірыңғай жүйесі, қызметкерлерді ынталандыру, жұмысының сапасын бағалау тетіктері жоқ.

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің басымдықтары білімнің, ғылым мен өндірістің үштұғырлылығы, сондай-ақ университеттер мен бизнес-құрылымдардың интеграциясын күшейту болып табылады.

"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ның тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақ ұлттық аграрлық университеті (бұдан әрі – ҚазҰАУ) мен Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін (бұдан әрі – ҚазАТУ) зерттеу университеттеріне кезең-кезеңімен трансформациялау жүргізілуде. ҚазҰАУ және ҚазАТУ Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ИИДМБ) жобаларын іске асыру үшін кадрлар даярлауға 2015 жылдан бастап қатысуда.

Өңірлік қағидатты және аграрлық кадрлар даярлау саласындағы көп жылдық тәжірибесін, кәсіби ғылыми-педагогикалық әлеуетінің барын, сондай-ақ жетекші шетел университеттерімен және озық отандық агроқұралымдармен өзара тығыз іс-қимылын ескере отырып, үш жетекші аграрлық ЖОО-ның күш-жігері АӨК үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталады.

"Ауыл шаруашылығы ғылымдары, көрсетілетін қызметтер және ветеринария" мамандықтары бойынша жоғары білімі бар кадрлар даярлауды 23 ЖОО (оның ішінде 7 жеке меншік ЖОО) жүзеге асырады, оның ішінде:

1) ҚР-ның үш аграрлық ЖОО-сы. ҚазҰАУ-да – 14, ҚазАТУ-да – 13 және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде (бұдан әрі – БҚАТУ) 11 аграрлық мамандық бойынша даярлау жүргізіледі;

2) мамандандырылған аграрлық факультеттері бар тоғыз ЖОО;

3) аграрлық мамандықтар бойынша даярлау жүргізілетін бейіндік емес 11 ЖОО жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген ЖОО-лар халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің институционалды және мамандандырылған аккредиттеуінен өткенін айта кету қажет:

1) ҚазҰАУ:

институционалдық аккредиттеуден 2014 жылы өткен (БСҚТҚА агенттігі);

мамандандырылған аккредиттеуден 13 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы (ACQUIN және АРТА) және 3 білім беру бағдарламасы бойынша 2016 жылы (АРТА) өткен;

2) ҚазАТУ:

институционалдық аккредиттеуден 2014 жылы өткен (АРТА);

мамандандырылған аккредиттеуден 79 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы өткен (АРТА);

3) БҚАТУ:

институционалдық аккредиттеуден 2014 жылы өткен (БСҚТҚА агенттігі);

мамандандырылған аккредиттеуден 38 білім беру бағдарламасы бойынша 2014 жылы және 19 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы (БСҚТҚА) өткен.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы мамандығына гранттардың едәуір саны бөлінетіндігіне қарамастан, сала жоғары білімі бар кадрларға деген айтарлықтай тапшылықты сезініп отыр. 2015 – 2017 жылдары АӨК үшін мамандарға және ғылыми кадрларға деген жалпы қажеттілік 6922 адамды, оның ішінде 2015 жылы 2240 адамды, 2016 жылы 2345, 2017 жылы 2337 адамды құрады. Кадрлар тапшылығы негізінен агроном ғалымдар, ветеринар дәрігерлер, зооинженерлер, ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механиктері, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші инженер-технологтар, экономистер, бухгалтерлер және т.с.с. мамандықтар бойынша сезілуде. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша АӨК субъектілерінің шамамен 80 %-ы мамандарға деген қажеттілікті бастан кешіп отыр. 13 мыңнан астам АӨК субъектісі басшыларының ішінен тек 12 %-ның ғана аграрлық бейінді жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. ЖОО-ны ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша бітірген түлектердің тек 55 %-ы бейіні бойынша жұмысқа тұрған, оның ішінде 43 %-ы – ауылдық квотамен оқығандар, өйткені гранттық жоғары білім алуға түсудің қазіргі нысаны ауыл шаруашылығы кәсіптеріне кейін ауылдық жерлерге барып жұмыс істемейтін қалалық үміткерлердің қабылдануына алып келеді. Сонымен қатар аграрлық кәсіптер беделінің төмен болуы үлгерімі нашар талапкерлердің қабылдануына алып келуде. Нәтижесінде экономиканың аграрлық секторына ауыл шаруашылығы және оған жақын мамандықтар бойынша кадрлар жетіспеушілігі жалғасып келеді. Осындай жағдай жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде де қалыптасқан, мұнда шет тілі бойынша құзыреті жетіспегендіктен, ауылдық жерлерде тұратын жұмыс тәжірибесіне ие адамдардың түсуіне кедергілер бар.

Бұдан басқа 30 жасқа дейінгі жас мамандардың басқа салаларға көбірек баруы байқалады, егер 2012 жылы аграрлық ғылым саласында жұмыс істейтін олардың саны жалпы ғылыми қызметкерлер санының 30,4 %-ын құраса, 2017 жылы 21,95 %-ын құрайды.

Ауыл шаруашылығын кадрлармен жаппай қамтамасыз етуде техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) маңызды рөл атқарады. Қазақстанда табиғи-климаттық жағдайларды және өңірлердің қалыптасқан мамандануын ескерсек, 2015 жылғы 1 қазанға 807 колледж, оның ішінде 462 мемлекеттік

колледж жұмыс істейді. ТЖКБ шеңберінде АӨК үшін кадрлар даярлау 21 мамандық бойынша жүргізіледі. Орта арнайы білімі бар аграрлық бейінді кадрлар даярлауды Маңғыстау облысын қоспағанда, еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 62 колледж жүргізеді. Олардың бар-жоғы 20 %-ы ауылдық жерде орналасқан.

Жетекші елдерде ТЖКБ жүйесі жастар мен ересектердің сәтті әлеуметтік бейімделуі факторы болып табылады. Әлеуметтік әріптестік құралдарын пайдалану, дуальды оқыту, аграрлық біліктіліктерді қысқа мерзімде және орналасқан жерінен айырмай оқыту жастардың жұмыссыздығын төмендетудің және оларды ел экономикасына тартудың ең жақсы көрсеткіштерін қамтамасыз етуі тиіс.

ЭЫДҰ елдерінде ТЖКБ білім беру мен жұмыс берушілердің, мүдделі тараптардың ұжымдық жауапкершілігі негізінде дамып жатыр.

Алғашқы ауыл шаруашылығы кәсібін игерумен қатар, жастарға кәсіпкерлік дағдылар беру жүзеге асырылады.

Оқыту бағдарламаларының практикалық бағдарлану деңгейі кадрларды даярлаудың заманауи талаптарына сай келмейді, практикалық сағаттардың үлес салмағы шамамен 20-25 %-ды құрайды. Бұл ретте аграрлық мамандықтар бойынша кадрлар даярлайтын ТЖКБ мекемелерінің материалдық-техникалық базасы әлсіз екені байқалады. ЖОО мен ТЖКБ мекемелерінің озық шаруашылықтармен және кәсіпорындармен интеграциясының әлсіз және өзара іс-қимылының толыққанды емес екені байқалады. Ел халқының 22 %-ы ғана ТЖКБ-ны беделді санаса, ал Еуроодақ елдерінде жұмысшы мамандығын алу халықтың 71 %-ы үшін оң имиджге ие.

Сонымен қатар барлық АӨК субъектілерінің 80 %-ын бейінді мамандарға мұқтаж ұсақ шаруа және фермер қожалықтары құрайды. Бұл ретте өндірісте агрономдар, зоотехниктер, веттехниктер, реттеуші-шеберлер және тағы басқалар жетіспейді.

Бұдан бұрын әр ауданда кәсіби-техникалық училищелер (лицейлер, мектептер) жұмыс істейтін, олар ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинистері, ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларын реттеушілер, слесарь-жөндеушілер, машинамен сауу операторлары, жеміс-көкөніс өсірушілер, жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі операторлар, құс өсірушілер, жылқы өсірушілер, мал шаруашылығы кешенінің операторлары, балық өсірушілер және тағы басқалар сияқты бұқаралық жұмысшы кәсіптерін дайындайтын. Бұл ретте оқыту 10 айдан (орта білім базасында) 36 айға дейін (толық емес орта білім базасында – 8-9 сынып түлектері) жүргізілетін.

ЖОО қызметінің негізгі бағыттары бизнестің өндірістік проблемаларын шешуге және білім алушылардың практикалық дағдыларын баулуға нашар бағдарланған. АӨК субъектілерінің салалық бірлестіктерімен, ЖАО-мен бірлесіп кадрларға деген қажеттілікті мониторингтеу, "Дипломмен ауылға!" жобасы шеңберінде жас мамандарды тарту және ауыл жастарын әртүрлі қоғамдық жобаларға тарту жөніндегі жұмыс әлсіз жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы кәсіптерінің беделін арттыру жөніндегі жұмыс тиісінше жүргізілмейді.

Проблемалар:

- 1) ғылыми әзірлемелер АӨК агроқұралымдарының сұранысына, рентабельділікті арттыруға, кірістілікке және бәсекелестік артықшылықтарды алуға нашар бағдарланған;
- 2) ғылыми ұйымдар арасында ҒЗТҚЖ-ны, технологияларды және зияткерлік меншікті коммерцияландыру тәжірибесі мен оның тетіктерін түсінудің әлсіздігі;
- 3) ғылыми зерттеулерге қаржыландыру бөлу жүйесінің тиімсіздігі;
- 4) аграрлық ғылымның жеткіліксіз қаржыландырылуы;
- 5) экономиканың аграрлық секторында біліктілікті арттыру жүйелеріне, консультациялық және ақпараттық көрсетілетін қызметтерге арналған инфрақұрылымның дамымағандығы;
- 6) ғылыми нәтижелерді өндіріске беру тетіктерінің дамымағандығы;
- 7) бұқаралық жұмысшы мамандықтарды даярлау жүйесінің жоқтығы;
- 8) жоғары және арнайы орта білімі бар мамандарды даярлау сапасының өндіріс талаптарына сәйкес келмеуі;
- 9) аграрлық бейіндегі оқу орындары түлектерінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жұмысқа тұру үлесінің төмендігі;
- 10) көптеген оқу орындарының материалдық-техникалық базасының нашарлығы және ТЖКБ жүйесі тартымдылығы деңгейінің төмендігі;
- 11) жас мамандардың ауылға орнығуы үшін ынталандыру дәрежесінің төмендігі;
- 12) сәтті тәжірибені таныстыру және тарату үшін технологиялық полигондардың жоқтығы;
- 13) зерттеу институттарының мамандануды таңдаған кезде өңірлік қағидатты қолдануының әлсіздігі;
- 14) ҒЗТҚЖ ұйымдастыруда зерттеушілер командасын қалыптастыруда да, мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты бойынша сыртқы инвестициялардың айтарлықтай көлемін тарту арқылы қаржыландыруда да жобалық тәсілдеменің жоқтығы;

15) жаңа техника, жүргізілген тексеру кезеңдері және жаңа технологияларды енгізу бөлігінде ғылыми әзірлемелер кезеңдерін жоспарлау мен қаржыландырудың жоқтығы.

Тиімді шетелдік технологиялар трансферті

Қазіргі уақытта тиімді шетелдік технологиялар трансферті жекелеген инвестициялық жобалар шеңберінде бытыраңқы түрде жүзеге асырылады. Оңтайлы технологиялық шешімдерді іріктеудің, оларды байқаудан өткізу мен таратудың жүйелі тәсілдемесі жоқ.

Технологиялар трансферті саласындағы негізгі проблемалар мыналар болып табылады:

1) ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған талаптары салыстыруға келетін технологиялық көшбасшы елдердегі неғұрлым өзекті технологиялық міндеттер, технологиялар, оларды шешу тәсілдемелері туралы құрылымдалған, объективті ақпараттың жоқтығы;

2) шетелдік технологияларды жергілікті жағдайларға тиімді бейімдеу тетіктерінің жоқтығы;

3) ресурстарды перспективалық міндеттерге шоғырландыруға және қажетті құзыреттердің иесі болып табылатын шетелдік ұйымдармен әріптестікте оларды шешуге алдын ала кірісуге мүмкіндік беретін АӨК-дегі технологиялық болжамдаудың жүзеге асырылмауы.

3.7. АӨК-дегі өндірісті қарқындату деңгейі

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 152,0 мың бірлік трактордан, 42,0 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,5 мың бірлік егу кешендерінен, 86,1 мың бірлік тұқымсепкіштен, 15,6 мың бірлік дестелегіштен тұрады.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 152,6 мың бірлік трактордан, 41,5 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,6 мың бірлік егу кешендерінен, 85,5 мың бірлік тұқымсепкіштен, 15,6 мың бірлік дестелегіштен тұрады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркі 148,3 мың бірлік трактордан, 40,0 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,7 мың бірлік егу кешендерінен, 80,7 мың бірлік тұқымсепкіштен, 15,0 мың бірлік дестелегіштен тұрады, олардың ішінде пайдалану мерзімі 10 жылдан жоғары тракторлар – 86

%; комбайндар – 72 %; тұқымсепкіштер – 88 %-дан астам; дестелегіштер – 84 % (осы Мемлекеттік бағдарламаға 31-қосымша).

Ауыл шаруашылығы техникасының орташа амортизациялық мерзімдері 10-12 жылды құрайтынын ескерсек, техниканы пайдаланудың шынайы мерзімі нормативтік мерзімдерінен 3-10 жылға артық деген қорытынды жасауға болады.

Ауыл шаруашылығы техникасының (егу кешендерінен басқа) негізгі түрлері бойынша жаңарту қарқыны жаңартудың талап етілетін технологиялық деңгейі жағдайында жылына 10 – 12,5 %-ды: тракторлар бойынша – 1,2 %-ды; комбайндар бойынша – 2,8 %-ды; тұқымсепкіштер бойынша – 0,6 %-ды, дестелегіштер бойынша – 1,6 %-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың орташа жылдық көлемі 80 млрд. теңгені, оның ішінде отандық өндіріс 20,5 млрд. теңгені құрайды.

20-диаграмма. Ауыл шаруашылығы техникасы, бірлік



Ауыл шаруашылығы техникасының және жиынтық бөлшектерінің өндірісі бойынша жұмыс істейтін 30 кәсіпорын (зауыт) ішінде негізгі өндіруші 15 кәсіпорын (зауыт), оларда шамамен 2,1 мың адам жұмыс істейді.

Оларға: "Семаз" ЖШС (МТЗ тракторлары), "Вектор" комбайн зауыты" ЖШС (комбайндар), "Агромашхолдинг" АҚ (Есіл комбайндары), "Дафа" фирмасы" ЖШС (аспалы жабдық), "ДонМар" ЖШС (дестелегіштер), "КазКИОТИ" ЖШС (тракторлар) жатады.

Ауыл шаруашылығы техникасын отандық құрастыру өндірісінің жалпы көлемінің 93 %-ы тракторлар мен комбайндарды, 7 %-ы аспалы жабдықтарды құрастыруға тиесілі.

Құрылған бірлескен құрастыру өндірістері жеткілікті дәрежеде жүктелмеген. Көпшілік жағдайларда локализациялау деңгейі 35 %-дан төмен, бұл отандық техника бағасының импортталатын жиынтық бөлшектер құнына тікелей тәуелді болуына алып келеді.

Саланың техникалық жарақтандырылуы және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында мынадай проблемалар бар:

- 1) негізгі ауыл шаруашылығы техникасы түрлерінің тозу деңгейінің жоғарылығы;
- 2) ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынының жеткіліксіздігі;
- 3) сервистік қызмет көрсету жүйесінің дамымағандығы;
- 4) мал шаруашылығы фермаларын механикаландыру деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 5) нақты егіншілік жүйелерін қолдану деңгейінің төмендігі.

Агрохимия

Қазақстанда минералды тыңайтқыштар (фосфорлы және азотты тыңайтқыштар) өндірісімен негізінен "Қазфосфат" ЖШС (суперфосфат, аммофос) және "ҚазАзот" ЖШС (аммоний нитраты) айналысады.

Калийлі тыңайтқыштар өндірілмейді, алайда Қазақстанның батыс өңіріндегі калий шикізаты кен орнында геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілуде.

2017 жылы азотты тыңайтқыштарды тұтыну 498,3 мың тоннаны құрады, оның 264,5 мың тоннасы немесе 53 %-ы шетелде өндірілген тыңайтқыштар, бұл ретте олардың Қазақстанда 373,2 мың тоннасы өндірілді. Фосфорлы тыңайтқыштарды тұтыну 163,5 мың тоннаны құрады, оның 0,07 мың тоннасы немесе 0,04 %-ы шетелде өндірілген тыңайтқыштар. Бұл ретте Қазақстанда 165,5 мың тонна осы тыңайтқыш түрі өндірілді. 2017 жылы калийлі тыңайтқыштарды тұтыну 29,4 мың тоннаны құрады, оның бүкіл көлемі импортқа тиесілі болды.

ҚР-да кешенді тыңайтқыштар нарығы да толығымен импорттық өнімнен тұрады және жылына шамамен 30,6 мың тоннаны құрайды. Бұл ретте елдің отандық өндірістің минералды тыңайтқыштарымен қамтамасыз етілуі ғылыми-негізделген тұтынудың шамамен 35 %-ын құрайды.

Орта есеппен алғанда соңғы 5 жылда (2013 – 2017 жылдар) жыл сайын нақты салмақта шамамен 288,8 мың тонна әртүрлі минералды тыңайтқыштар түрлері әкелінді. Экспорт көлемі де артуда, орташа есеппен жылына шамамен 225,8 мың тонна экспортталады.

Агрохимия саласында мынадай проблемалар бар:

1) жыл сайын бағаның өсуі жағдайында минералды тыңайтқыштар құнының жоғарылығы;

2) екінші санаттағы рұқсаттар тізбесінде агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі рұқсат беру рәсімінің және ел аумағында агрохимикаттарды қолдану құқығына арналған рұқсат беру құжатының заңнамалық тұрғыда бекітіп берілмегендігі;

3) отандық кәсіпорындар шығаратын тыңайтқыштар ассортиментінің аз болуы;

4) дамыған көлік-логистика инфрақұрылымының жоқтығы (өңірлерде тыңайтқыштарды сақтау сыйымдылықтарының жеткіліксіздігі немесе сақтау қоймаларының жоқтығы және агротехникалық жұмыстар жүргізу науқанында бір сәтте тыңайтқыштардың көп көлеміне қажеттілік болған кезде зауыттар өндіретін тыңайтқыштардың жетіспеушілігі, теміржол көлігінің уақтылы берілмеуі).

3.8. Мемлекеттік қызметтер көрсету және IT-технологияларды дамыту жүйесі

Мемлекеттік басқару тиімділігінің түйінді көрсеткіші азаматтардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы болып табылады.

Ауыл шаруашылығы саласында 101 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, оның ішінде халыққа 38 мемлекеттік қызмет түрі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ арқылы көрсетіледі.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 52 мемлекеттік көрсетілетін қызмет түріне оңтайландыру жүргізілді. 73 мемлекеттік көрсетілетін қызмет "электрондық үкімет" порталы арқылы көрсетіледі. 2 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бәсекелес ортаға берілді.

ҚР ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру кезінде цифрлық технологияларды қолданатын АШТӨ үлесі болмашы ғана, бұл түсімділікті өсіруге және ауыл шаруашылығын жүргізу кезіндегі шығыстарды қысқартуға кері әсерін тигізеді.

Мемлекеттік саясаттың тиімділігі Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы "Аграрлық саясаттың ауыртпалығы" көрсеткіші бойынша позициясымен айқындалады. Анықтама ретінде: 2011 жылы – 49 орын; 2012 жылы – 48 орын; 2013 жылы – 40 орын, 2014 жылы – 57 орын, 2015 жылы – 70 орын.

Проблемалар:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсету кезіндегі әкімшілік және төрешілдік кедергілер;

2) ауыл шаруашылығы, жер және су қатынастары салаларындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер рәсімдерін оңтайландыру (құжаттар мен мерзімдерді қысқарту) және автоматтандыру қажеттігі;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейінің төмендігі;

4) субсидиялау және басқа да мемлекеттік қолдау шаралары процестерін автоматтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі;

5) ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу;

6) мал шаруашылығы өнімдерінің қадағалануы (ветеринария және тамақ қауіпсіздігі);

7) өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қадағалануы (фитосанитария және тамақ қауіпсіздікті);

8) балық өнімдерінің қадағалануы (балық өнімдерінің көлеңкелі айналымы, тамақ қауіпсіздігі);

9) жер ресурстарын мониторингтеу және басқару;

10) орман қорын мониторингтеу және есепке алу;

11) су ресурстарын мониторингтеу және есепке алу;

12) басқару шешімдерін қабылдау, міндеттер мен жобаларды басқару;

13) ішкі операциялық процестер;

14) АӨК-ні цифрландыру жөніндегі жобалардың іске асырылуын ұйымдастырудың жеткіліксіздігі;

15) жалақысы төмен және нарыққа сай келмейтіндіктен, ауыл шаруашылығы жөніндегі уәкілетті органда және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарында процестерді талдау мен автоматтандыру үшін ақпараттық технологиялар жөніндегі білікті мамандардың (IT-мамандардың) жоқтығы.

3.9. Ауылдық аумақтарды дамыту

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өзге салалардан айырмашылығы мен ерекшелігі, оның тек өндіріс саласы ғана емес, сонымен қатар ел халқының басым көпшілігінің тіршілік ету саласы болып табылуында.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6660 ауылдық елді мекен (бұдан әрі – АЕМ) бар, онда 7,7 млн. адам тұрады. Халқы 500 адамнан асатын ауылдар саны 3151 бірлікті (47 %) құрайды, онда бүкіл ауыл халқының 91 %-ы тұрады.

Соңғы үш жылда даму әлеуеті жоғары ауылдар саны 86 бірлікке ұлғайып, 1269 АЕМ-ні құрады, әлеуеті орташа ауылдар 131-ге қысқарып, 4892 АЕМ құрады, әлеуеті төмен ауылдар 6 бірлікке болмашы ұлғайып, 499 АЕМ құрады.

Қолданыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес АЕМ жалпы алғанда білім беру және денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілген. Айталық, 4841 АЕМ (жалпы ауылдар санының 73 %-ы) білім беру объектілерімен қамтамасыз

етілген. Денсаулық сақтау объектілерімен 5347 АЕМ (немесе жалпы ауылдар санының 80 %-ы) қамтылған. Мәдениет объектілері 3744 АЕМ-де, спорт объектілері 3545 АЕМ-де орналасқан.

Ауылдық елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілуі 2014 жылмен салыстырғанда 160 бірлікке ұлғайып, 3588 АЕМ-ні (54 %) құрады, оларда ауыл тұрғындарының 81 %-ы тұрады.

Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығының 25 %-ы (18 мың км) күрделі жөндеуді қажет етеді. АЕМ-нің электрмен және телефон байланысымен қамтамасыз етілуі 98 %-ды құрайды.

Ауылдық аумақтардағы қолда бар әлеуметтік және басқа да инженерлік инфрақұрылым деңгейі халықтың өмір сүру сапасының қазіргі заманғы стандарттарына сәйкес келмейді.

Ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін шешу түрлі бағдарламалық құжаттар шеңберінде көзделген, алайда алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін аталған бағытты іске асыру жөніндегі шараларды күшейту қажет. Әлеуметтік игіліктерге қолжетімділіктің шектеулі болуынан, жұмыстардың маусымдылығы мен еңбекақының төмендігінен, білікті мамандар аграрлық секторда жұмыс істеуге ынталы емес және әдетте, мүмкіндігінше бірден қалаға кетіп, жалақысы көбірек төленетін жұмысқа ауысады.

Аталған жағдай АӨК-ден білікті мамандардың жаппай кетуіне және олардың тапшылығына алып келуде. Бұл ретте ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілік бөлігі ауылдық елді мекендерде қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға және инфрақұрылымды ұстап тұруға айтарлықтай ресурс жұмсауға мәжбүр. Бұл тиісінше ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнында көрініс тауып, олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Осыған байланысты ауылдық аумақтарды дамытудың жалпы проблемаларын шешумен қатар, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету үшін ауылдық жерлерде экономикалық өсу орталықтарын кешенді дамыту қажет.

4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімін 5 жыл ішінде 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту қажет.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне жүргізілген талдауға, анықталған проблемалар мен оның жоғары тұрған құжаттарына сүйенсек, Бағдарламаның мақсаты еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға 2015 жылғы 1,2 млн. теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн. теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылы 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Р/ с №	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің индексі ²	%	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	100	109	112	118	196	228	267
	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі	%	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	100	105,6	108	113	154,2	170,5	190,2
	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлем индексі	%	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	100	149	159	185	304	395,3	516
	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда тамақ өнімдері өндірісіндегі негізгі капиталға салынатын	%	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	100	85	102	122	185,2	204,5	221,9

инвестициялардың нақты көлем индексі											
Азық-түлік тауарлары импортының көлемі	млн. АҚШ доллары	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	2 511	3 064	2 466	2 377	2 288	2 196	2 105	
Өнеркәсіптегі сумен жабдықтау жүйесіндегі судың көлемі:											
қайталама сумен жабдықтау	текше км	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, ИИДМ	0,69	0,69	0,7	0,71	0,73	0,75	0,77	
айналымды сумен жабдықтау				7,3	7,3	7,33	7,38	7,46	7,54	7,62	
Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі	млн. АҚШ доллары	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	945,1	978,2	1 081,0	1 150,0	1 270,0	1650,0	2 400,0	
Суаруға арналған су шығысы	текше м/га	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, АШМ, облыстардың әкімдіктері	9180	8673	8608	8223	7873	7548	7348	

4.1. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Аталған міндет АӨК-ні орнықты дамыту, ҚР-ның бүкіл аумағында азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету, еліміздің әрбір азаматы үшін белгіленген тұтыну нормаларына сәйкес келетін көлемдер мен ассортиментте қауіпсіз тамақ өнімдерімен азық-түліктің экономикалық қолжетімді болуы, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Азық-түлік тәуелсіздігі – басым бағыттар											
	Өңдеуге келіп түскен сүт шикізатының үлесі	%	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және	28	30	30	31	32	33	37

				Шымкент қалаларының әкімдіктері							
Құс етін өндіру көлемі	мың тонна	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	146,1	160	187	230	268	286	298	
Ұйымдастырылған шаруашылықтардағы акваөсіру өнімдерін өндіру көлемі	тонна	статдеректер	ЭГТРМ, АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	730	1878	2776	2850	2947	3954	5000	
Ұйымдастырылған шаруашылықтардағы жеміс-жидек дақылдарын және жүзім өндіру көлемі	мың тонна	статдеректер	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	156,7	198,1	202,0	205	210	215	220	
Қазақстанда өндірілген шикізаттан жасалған қант өндірісінің көлемі	мың тонна	статдеректер	АШМ, ИИДМ облыстар әкімдіктері	14,4	36,3	48,1	59	68	82	121	
Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі											
Ауылдық жерлерде тұратын халықтың ауызсу сапасына қанағаттану деңгейі	%	статдеректер	ИИДМ, ЭГТРМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктері	-	-	58,7	60	61	62	64	
Жеміс/көкөніс/картоп сақтау орындарының көбеюі	мың тонна	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	-	-	-	-	100	100	
Экономикалық қолжетімділігі											
Азық-түлік тауарлары көтерме саудасының нақты	%	статдеректер	АШМ, СИМ, облыстардың,	100	102	106	113	118	123	129	

көлем индексі			Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктері								
---------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4.2. АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету

АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру қаржыландыру көлемдерін ұлғайту, сондай-ақ инвестициялар тарту мақсатында тиімділігі аз субсидияларды неғұрлым тиімділеріне қайта бөлу есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұдан басқа, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның кредиттік саясаты қайта қаралатын болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемі**	млн. теңге	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	43 600	55 041	99 943	109 257	259 947	535 275	882 354
2.	Инвестициялық субсидиялар есебінен тартылған инвестициялар көлемі**	млн. теңге	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	20 385	116 281,6	298 314,6	350 060	340 806	570 002	751 286
3.	АӨК-ге тікелей шетелдік инвестицияларды тарту	млн. АҚШ доллары	ҰБ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері			27,5	12,1	13,9	40	50

4.3. Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Жер ресурстарының ұтымды пайдалану үшін мемлекеттік жер кадастрының жаңартылған деректермен қамтамасыз етілуі	тексерілуі тиіс алаңның %-ы, өспелі	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, облыстардың әкімдіктері	15,5	15,8	17,4	19,7	22,1	24,6	27,5
	Топырағын зерттеп-қараумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	2300	1650	4500	7000	7100	7200	7200
	Геоботаникалық зерттеп-қараумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	2500	1600	3800	7300	7300	7300	7300
	Бонитет балын айқындаумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	1300	780	3000	4081	5500	7500	7500
	Электрондық түрде жасалған топырақ карталарының ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	-	-	4500	7000	7100	7200	7200
	Электрондық түрде жасалған геоботаникалық карталардың ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	-	-	3800	7300	7300	7300	7300

Агрохимиялық зерттеп-қараумен қамтылған егістік жерлер ауданы	млн. га	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың әкімдіктері	3,7	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5
Аэротүсіріліммен қамтылған жерлер ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, "АШАІМИ" РМК (келісу бойынша)	4 139,4	7285,7	4869	4869	7752	2113	20189
Аэротүсірілімдер мен фотожоспарлардағы ауыл шаруашылығы контурлары мен объектілерінің шифрын ашумен қамтылған жерлер ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, "АШАІМИ" РМК (келісу бойынша)	16271,9	4447,9	3724	9137,2	17873	5801	8584,5
Аэротүсірілім негізінде жергілікті жердің фотобейнесі бар Қазақстан Республикасы аумағының цифрлық ауыл шаруашылығы карталарымен қамтылған жерлер ауданы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, "АШАІМИ" РМК (келісу бойынша)	2989,8	16 269,8	5859,2	5 859,2	5182	17873	5801
Сумен қамтамасыз етілген тұрақты суарылатын жерлер ауданы	мың га	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, АШМ облыстардың әкімдіктері	1350	1400	1415	1480	1604	1791	2010
Сумен қамтамасыз етілген көлтабандап суарылатын жерлер ауданы	мың га	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, АШМ, облыстардың әкімдіктері	229	229	239	239	304	412	597

4.4. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

Су ресурстарын тиімді пайдалану тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлерді ауыл шаруашылығын дамыту үшін қажетті суаратын сумен қамтамасыз етуде, мелиорациялық жай-күйді жақсарту мен ирригациялық инфрақұрылымды қалпына келтіруде көрініс табатын болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/ Нәтижелер	Өлш.	Ақпарат	Орындауға	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
--------------	------	---------	-----------	------	------	------	------	------	------	------

с №	көрсеткіштері	бірлігі	көздері	жауаптылар	(факт)	(факт)					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Тұрақты суару кезінде ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін жерүсті су ресурстарын алу көлемі	текше км	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, облыстардың әкімдіктері	12,2	11,62	12,18	12,17	12,63	13,52	14,77
2.	Көлтабандап суару кезінде ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін жерүсті су ресурстарын алу көлемі	текше км	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, облыстардың әкімдіктері	0,35	0,34	0,37	0,43	0,52	0,70	0,90
3.	Су үнемдеу технологиялары (тамшылатып суару, жаңбырлату) пайдаланылатын суармалы жерлер алаңы	мың га	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың әкімдіктері	-	-	60	202	221	240	258
4.	Ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін жерүсті су ресурстарын тасымалдау кезіндегі шығындар көлемі	текше км	ЭГТРМ есептік деректері	ЭГТРМ, АШМ, облыстардың әкімдіктері	5,10	4,24	4,39	4,02	3,79	3,65	3,69
5.	Азықтық дақылдар егілген алаңдар	мың га	статдеректер	АШМ, облыстардың әкімдіктері	3712,7	3485,2	3897,5	4026,8	4161,9	4339,1	4443,4

4.5. Өткізу нарықтарының қолжетімділігін қамтамасыз ету және экспортты дамыту

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін	млн. АҚШ	статдеректер	АШМ, ҰЭМ,	2026,8	2123,9	2388,5	2450,1	2650,1	3 135,3	3900

	экспорттау көлемі	долл.		облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктері							
2.	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ- ның қаржы құралдарын пайдалана отырып, қолдауға ие болған АӨК кәсіпорындарыны ң экспорттық пайдасының көлемі	млн. АҚШ доллар ы	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясыны ң есептік деректері	АШМ, СИМ , "Kazakh Export" экспорттық сақтандыру компаниясы " АҚ (келісу бойынша)			26,3	15,0	29,2	36,0	
3.	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басының үлесі	%	АШМ есептік деректері	АШМ	-	-	24,7	29,5	33,4	37,3	41,1

4.6. Аграрлық ғылымды, технологиялар трансферті және АӨК субъектілері құзыреттерінің деңгейін дамыту

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен жаңа технологияларды енгізудің жалпы көлеміндегі жеке қаржыландыру үлесі	%	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	-	-	0	2	4	6
2.	Қаржыландырудың жалпы көлемінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструктор-лық жұмыстар (бұдан әрі	%	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	-	-	2	4	6	10

	— ҒЗТҚЖ) бағдарламалары мен жобаларын бизнестің бірлесіп қаржыландыру үлесі										
3.	АӨК субъектілерін білім тарату жүйесінің көрсетілетін қызметтерімен қамту	%	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰҚП (келісу бойынша)	1,5	5,4	2,5	5	10	15	25
4.	Аграрлық технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу бойынша қолданыстағы лицензиялық шарттар саны	бірлік	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰҚП (келісу бойынша)	2	18	30	35	50	65	80
5.	Өзірленген үлгілік технологиялық жобалар саны	бірлік	АШМ есептік деректері	АШМ	-	-	-	-	-	4	4

4.7. АӨК-дегі өндірісті техникалық жарақтау және үдету деңгейін арттыру

АӨК-дегі техникалық жарақтану деңгейін жақсарту сатып алынатын техника санын ұлғайту және өндірісті оқшауландыру деңгейін біртіндеп арттыра отырып, отандық ауыл шаруашылығы машинасын жасауды дамыту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (факт)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Өнімді техниканы жаңарту деңгейі (2008 жылдан бастап сатып алынғанды ескере отырып)	%	АШМ есептік деректері	АШМ, ИИДМ, облыстардың әкімдіктері	-	-	-	10,9	14,7	17	18,2
	Ауыл шаруашылығы техникасын	бірлік	статдеректер	ИИДМ, АШМ, облыстардың	2371	2110	4200	4830	5413	6003	6613

(тракторлар, комбайндар, аспалы жабдық) жасау көлемі			әкімдіктері							
Ауыл шаруашылығы техникасын (тракторлар, комбайндар) жасау бойынша локализациялау деңгейі	%	ИИДМ есептік деректері	ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	25	31	32	35	37	41	43
Азотты тыңайтқыштар өндіру көлемі	мың тонна	статдеректер	ИИДМ, АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	311,4	317,4	323,4	325,0	370,0	400,0	400,0
Фосфорлы тыңайтқыштар өндіру көлемі				90,1	96,4	225,0	500,0	720,0	800,0	1000,0
Күрделі тыңайтқыштар өндіру көлемі				0	0	0	0	2,6	5,2	7,9

4.8. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру және АӨК-ге цифрлық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с№	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Автоматтандырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үлесі	%	АШМ есептік деректері	АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	-	-	55	60	80	90	100

4.9. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайына қанағаттануы деңгейін арттыру

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с№	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (факт)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Ауылдық жерлерде	%	статдеректер	облыстардың әкімдіктері,	-	-	58,2	59,2	61	62	64

тұратын халықтың өмір сүру жағдайларына қанағаттануы деңгейі			АШМ, ҰЭМ, ИИДМ, ЭГТРМ, ДСМ, БҒМ, МСМ, АҚДМ ЦДИАӨМ								
Құрылған жұмыс орындарының саны	орын	АШМ есептік деректері	АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	-	-	-	-	-	10 000	11 000

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, оның алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

АӨК-ні дамыту ұзақ мерзімді перспективаға стратегиялық жоспарлауды қажет етеді және осыған байланысты осы Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және оның төртінші бөлімінде көрсетілген 2017 – 2021 жылдарға арналған индикаторлар мен көрсеткіштерді орындауға арналған тиісті шаралар әзірленді.

Көзделген шараларды іске асыру еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген АӨК өнімдерінің экспортын ұлғайтуға бағытталған.

5.1. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Аталған міндетке қол жеткізу мынадай іс-шаралар кешенінің іске асырылуына негізделетін болады.

Бірінші бағыт: ҚР-ның азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Еңбек өнімділігін арттыру және өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету, оның ішінде:

1) облыс әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру мәселесі жөніндегі келісімге (меморандумға) қол қою арқылы рентабельділігі жоғары ауыл шаруашылығы дақылдарына көшуді көздейтін егіс алқаптарының құрылымын одан әрі әртараптандыруды жүргізуі;

2) аймақтар бойынша ғылыми негізделген ауыспалы егістерді енгізу және игеру;

3) табиғи-климаттық факторлар мен басқа да жағдайларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл

шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша Өңірлердің мамандану схемаларын әкімдіктердің сақтауын бақылау;

4) озық технологияларды, оның ішінде тамшылатып суаруды ынталандыру және белгіленген тапсырмалардың орындалуы үшін әкімдіктердің жауапкершілігін күшейту;

5) минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді арзандатуға көзделген қаражатты толық көлемде бөлу есебінен олардың қолжетімділігін, сондай-ақ лизингтік төлемдерді субсидиялау арқылы техниканың қолжетімділігін арттыру;

6) ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі жоғары сорттарының тұқымымен шаруашылықтарды қамтамасыз ету мақсатында тұқым шаруашылығын дамытуды ынталандыру;

7) оң байқаудан өткен, нақты нәтижеге бағдарланған бағдарламалар, оның ішінде базалық субсидиялау, көктемгі дала жұмыстарына жеңілдетілген кредит беру, пайыздық мөлшерлемені арзандату, негізгі құралдарды жаңарту мен дамытуға инвестициялық субсидиялар беру, қарыздарды кепілдендіру мен сақтандыру және тағы басқа практиканы жалғастыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің тиімді пайдаланылуын мониторингтеу, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдаланатын жалға алушыларға экономикалық әсер ету тетіктері күшейтілетін болады.

Ұйымдасқан шаруашылықтар кооперациясының екі тетігі – көлденең кооперация және тік (зәкірлік) кооперация өндіріс тиімділігін арттырудың түйінді құралы болып табылады. ЖҚШ кәсіпкерлік субъектілері ретінде ДҚ, ШҚ, ФШ нысандарында кооперацияға қатыса алады.

Көлденең кооперация ұсақ және орта АШТӨ-ге өзара бірігу арқылы өнім өндіру мен өткізу кезіндегі шығасыларды төмендету есебінен кірісті арттыруына мүмкіндік береді.

Тік (зәкірлік) кооперация АШТӨ-ге интеграцияны қамтамасыз етіп, бір жағынан өңдеуші кәсіпорындармен және басқа да өнім тұтынушыларымен, екінші жағынан өндіріс үшін қажетті ресурстарды жеткізушілермен өзара іс-қимыл жүргізудің экономикалық жағынан пайдалы жағдайларын туғызуға мүмкіндік береді.

Суармалы жерлердің тұздануы мен батпақтануына қарсы іс-қимылдар жүргізу бойынша іс-шаралар әзірленетін болады.

Жайылымды мал шаруашылығын дамыту және ет өндіруді ұлғайту мақсатында жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде

құбырлы және шахталы құдықтарды, сондай-ақ жайылымдарды суландыруға арналған шегендеу құрылысжайларын қалпына келтіру жоспарланып отыр.

Бұдан басқа трансшекаралық өзендердің ресурстарын пайдаланумен байланысты тәуекелдерді ескере отырып, су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірленетін болады.

Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау жөніндегі мемлекетаралық келісімдерді орындау мақсатында бекіре тұқымдас балық өсіретін зауыттың өндірістік базасын реконструкциялау (кеңейту) жүргізілетін болады.

Құнды балық түрлерінің шабақтарын қолдан өсіру үшін тұйық сумен жабдықтау циклі бар балық өсіру қондырғыларын енгізе отырып, балық питомнигі жаңғыртылатын болады.

АӨК саласында біліктілігі жоғары кадрлар даярлау мақсатында аграрлық ғылым мен білімді реформалау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Тамақтану мәдениетін арттыру және сапалы өнімдерге деген сұранысты кеңейту үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес халық арасында дұрыс тамақтануды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

Коммуникациялық қолжетімділікті ескере отырып, осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде іске асырылатын шаралар туралы азаматтарды уақтылы хабардар ету:

1) республикалық арналардың бірінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту туралы апта сайын бағдарлама шығару (репортаж түрінде);

2) республикалық арналардың бірінде ҚР АШМ, салалық қауымдастықтар, АШТӨ өкілдерінің қатысуымен студиялық бағдарлама шығару;

3) БАҚ өкілдеріне ҚР АШМ өткізетін саясатты түсіндіру бойынша семинар-тренингтер өткізу (баспасөз турларын, ауыл шаруашылығы объектілеріне блог-турларды өткізуді қоса алғанда);

4) республикалық БАҚ (ТВ, радио, баспа БАҚ, әлеуметтік желілер) арасында ауыл шаруашылығы туралы үздік материалға конкурс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Екінші бағыт: ҚР-да азық-түліктің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету.

ҚР-да азық-түліктің орнықты физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан халқының орталықтандырылған сумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін жақсартуға жағдайлар жасалатын

болады. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру жалғасады, онда:

1) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділікті ауылдық жерлерде 62 %, қалаларда 97 % қамтамасыз ету;

2) орталықтандырылған су бұруға қолжетімділікті ауылдық жерлерде 13 %, қалаларда 97 % қамтамасыз ету көзделген.

Транзиттік жүктер ағынының өсіп келе жатқанын ескере отырып, жүк қатынасының жылдамдығын 15-20 %-ға, ал негізгі халықаралық көлік дәліздері бойынша 20-30 %-ға арттыруды қамтамасыз ету қажет. Қазақстанның барлық өңірлеріне азық-түлікті уақтылы жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін республикалық автожолдар желісінің 89 %-ының және жергілікті автожолдар желісінің 78 %-ының жақсы және қанағаттанарлық жай-күйі қамтамасыз етілетін болады.

Өсіп келе жатқан тұтынуды қанағаттандыру және импортқа тәуелділікті азайту үшін қойма инфрақұрылымының қосымша объектілерін: кемінде 600 мың тонна жеміс-көкөніс өнімдерін сақтауға арналған көкөніс сақтау орындары, кемінде 350 мың тонна тамақ өнімдерін сақтауға арналған мұздатқыш камералармен жабдыкталған қоймалар салуға қолдау көрсетіліп, жағдайлар жасалатын болады.

Тауарды тұтынушыға дейін жеткізуді жеделдететін сауда-тарату және көлік-логистика буындары бар заманауи базар моделін құру бойынша шаралар қабылданатын болады, бұл түптеп келгенде ақша-тауар-ақша тізбегін қысқартады, жалпы экономика өсіміне оң әсер етеді және бағалардың құбылмалылығын азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының сауда саласындағы қолданыстағы заңнамасына көтерме-тарату орталықтарының айқындамасын енгізу және олардың қызметін реттеу бөлігінде өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

Қайта өңдеуге тапсырылған өнім үшін АШТӨ субсидиялау, қайта өңдеуші кәсіпорындардың тереңдете қайта өңдеу өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау, қайта өңдеуші кәсіпорындарды құруға және кеңейтуге арналған инвесторлардың шығындарын инвестициялық субсидиялау, қайта өңдеуші кәсіпорындардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жолымен қайта өңдеуші кәсіпорындардың қуаттарының жүктемесін ұлғайту арқылы импортты алмастыру және қосылған құны жоғары өнімді экспорттау шеңберінде АӨК-ні өндіріске қайта бағдарлау, негізгі және айналым қаражатын толықтыруға берілген қосылған құн салығын субсидиялау.

Суармалы жерлер алқаптарын кеңейтуді, тұқымдарды, минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алуды субсидиялауды, қайта өңдеуге тапсырылған қант қызылшасының көлемі үшін АШТӨ субсидиялауды, қант зауыттарын салуға және жаңғыртуға инвестициялық субсидиялауды, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды, негізгі және айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды, ілімдерді тарату бағдарламасы бойынша кадрлардың біліктілігін арттыруды қамтитын қант өнеркәсібін дамыту жөнінде жүйелі шаралар қабылданатын болады.

Үшінші бағыт: ҚР-да азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі.

ҚР-да азық-түліктің орнықты экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін төлем қабілетті сұранысты ұлғайтуға жағдай жасалады. Қазақстанның экономикалық дамуын, халық кірісі деңгейінің өсімін ескере отырып, тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы мен ассортиментін арттыру тұрғысынан азық-түлік себетінің құрамы қайта қаралатын болады.

Кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халықтың ең аз азық-түлік себетіне экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кедейлік шегінің шекті мәні азық-түлік себеті құнының деңгейіне дейін көтерілетін болады (тұтыну себеті құнының 40 %-ынан 60 %-ына дейін). Аталған іс-шара атаулы әлеуметтік көмекпен берілетін азық-түлік себетінің құнын өтеуге мүмкіндік береді.

Халық пен жас мамандардың жалпы жұмыспен қамтылуын қолдау жөніндегі шараларды іске асыру жалғасатын болады.

Төртінші бағыт: ҚР-дағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі.

ҚР-дағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық қауіпсіздікті, сондай-ақ техникалық реттеуді одан әрі дамыту бойынша шаралар қабылдау жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін мониторингтеу Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Өңдеуші кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жарақтануын арттыру мақсатында қаржы институттары оларды қаржыландыруды жүзеге асырады, бұл ретте сыйақы мөлшерлемесін мемлекет субсидиялайтын болады.

Бұдан басқа, инвестициялық субсидиялау арқылы өңдеуші кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған зауыттарды жаңғыртуға және жаңаларын салуға жұмсаған шығындарының бір бөлігі өтелетін болады. Аталған шара өз тиімділігін көрсетті, осылайша инвестициялық субсидиялау іске асырылған кезеңде (2014 жылдан бері) жаңа қуаттарды кеңейтуге жалпы соммасы 2 322,2 млн. теңгеге

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша 31 кәсіпорын, сондай-ақ 3 382,2 млн. теңге мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі 91 кәсіпорын инвестициялық субсидиялар алды.

5.2. АӨК субъектілері үшін қаржыландыру қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету

Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

АӨК субъектілерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру үшін бағаның түзілуін тікелей бұрмалайтын және ДСҰ әдістемесі бойынша "сары" себетке жататын тиімсіз субсидияларды кезең-кезеңмен қысқарту жоспарлануда. Ондайларға нарықты бұрмалайтын тауарлық-спецификалық субсидияларды (алаң бірлігіне, өнім бірлігіне арналған) жатқызу керек. Шамамен 94 млрд. теңге мөлшеріндегі босатылатын ЖБ қаражаты кредиттер, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарлары лизингі бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау; инвестициялық субсидиялау, сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау, кредиттік серіктестіктер мен қарыздарды кепілдендіру институттары жүйелерін дамыту сияқты қаржы құралдарына бағытталатын болады.

Субсидиялауды жетілдірудің жалпы шаралары. 2017 жылдан бастап субсидиялау жүйесіне мынадай өзгерістер енгізілетін болады:

1) салада технологиялық процестерді жүргізу мерзімдеріне сәйкес субсидиялар беру мерзімдерін қысқарту;

2) ішкі тұтынуды қамтамасыз ету көрсеткішіне қол жеткізілгеннен соң субсидиялау деңгейі қысқаратын болады.

Базалық бағыттар (минералды тыңайтқыштар, тұқым шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау құралдары, аналық мал басымен селекциялық асыл тұқымдық жұмыс жүргізу, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының асыл тұқымды төлін сатып алу, АШТӨ-ге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау) бойынша субсидиялау жалғасатын болады.

Бұдан әрі субсидиялау жүйесі мынадай түбегейлі өзгерістерге ұшырайды:

1) тауарлық-спецификалық субсидияларды 2019 жылдан бастап өсімдік шаруашылығында және 2020 жылдан бастап мал шаруашылығы мен балық шаруашылығында қысқарту;

2) субсидиялауға арналған барлық өтінімдерді қараудың, мониторинг жүргізудің және деректерді алушылар бойынша топтастырудың автоматтандырылған жүйесін кезең-кезеңмен енгізу.

Тауарлық-спецификалық субсидиялардың орнына кредит пен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені арзандатуға, сондай-ақ АӨК субъектілері

инвестициялық жобаларды іске асырған кезде шеккен шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялардың үлесі кеңейтілетін болады.

Ауыл шаруашылығында мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы да қамтамасыз етілетін болады.

Субсидиялаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында субсидиялауға арналған өтінімдердің жариялылық қағидаты енгізіледі.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін қамтамасыз ету үшін субсидиялауды, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ға және оның еншілес ұйымдарына кредит беруді қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін АӨК субъектілерінің қарсы міндеттемелерінің тізілімі енгізілетін болады.

Қарсы міндеттемелерге:

1) егіс алқаптарын әртараптандыру (егістік иелері үшін);

2) ауыл шаруашылығының жалпы өнімін ұлғайту (АШТӨ үшін);

3) жерді ұтымды пайдалану жөніндегі талаптарды орындау (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер иелері үшін);

4) еңбек өнімділігін ұлғайту жатқызылатын болады.

Мал азығының қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі, оның ішінде шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтары үшін:

1) базалық шаруашылықтардың (ЖШС, Ш/Қ және т. б.) мал азығын дайындауы, сондай-ақ өткізуі үшін ЖАО-ның ЖҚШ және фермерлік шаруашылықтарға шөп, сабан және дәнді мал азығын бөлуі;

2) егіс алқаптарын әртараптандыру бойынша субсидия алушылардың қарсы міндеттемелерін белгілеу жолымен шешіледі.

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау негізгі құралдарды, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер, оның ішінде жаңа ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың лизингі/кредиті бойынша жүзеге асырылатын болады. Субсидиялау қарыздардың қолданылу мерзімінің соңына дейін жүзеге асырылады. Сондай-ақ "Агробизнес-2017" бағдарламасының талаптарына сәйкес субсидиялауға мақұлданған қарыз және қаржылық лизинг шарттары бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жалғасатын болады.

Негізгі құралдарды сатып алуға арналған кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау субсидияланатын бөлігін шегере отырып, соңғы қарыз алушы жылдық 4 %-дан төмен емес мөлшерде төлейтін сыйақы мөлшерлемесін белгілей отырып жүзеге асырылатын болады.

Айналым қаражатын толықтыруға, оның ішінде көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы

мөлшерлемесін субсидиялау субсидияланатын бөлігін шегере отырып, соңғы қарыз алушы жылдық 5 %-дан төмен емес мөлшерде төлейтін сыйақы мөлшерлемесін белгілей отырып жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2 %-дан төмен емес сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға жол беріледі.

Ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ облигациялары бойынша купондық сыйақыларды субсидиялау енгізілетін болады.

Инвестициялық бағдарламаларға (етті мал шаруашылығын, қарқынды мал шаруашылығын, қарқынды бақ шаруашылығын дамыту және т.б.) қатысушылар үшін кредиттер мен лизингтің сыйақы мөлшерлемесі теңгемен жылдық 4 %-дан аспайды және кредит беру мерзімдері 15 жылға дейін ұзартылатын болады. Бұл ретте бағдарламаларға қатысушылар жеңілдетілген кредит беру сәтінен бастап тауарлық-спецификалық субсидиялар алмайтын болады.

Кредиттік ресурстарды пайдалану, оның ішінде айналым қаражатын толықтыру мақсаттары мен лизингке пайдалану "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен кооперативтер, микроқаржы ұйымдары, сондай-ақ "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ іске асыратын қолдау бағдарламалары арқылы мүмкін болады.

Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын одан әрі жетілдіру шеңберінде мемлекеттік қолдау неғұрлым тиімді даму бағыттарына, сондай-ақ инвестициялық шығындарды арзандату және инвестициялық салымдар 25-тен 50 %-ға дейінгі мөлшерде болғанда АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жолымен инвестициялық жобалардың өтелу мерзімін төмендету жолымен ауыл шаруашылығының басым міндеттерін шешуге бағдарланатын болады.

Дайындаушы ұйымдар жүйесін одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қосылған құн салығын субсидиялауды тоқсан қорытындылары бойынша АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Жоғарыда тізбеленген өзгерістерді іске асыру дайындаушы ұйымдарға және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне айналым қаражатының ұзақ уақыт кезеңіне оқшаулануын болдырмауға мүмкіндік береді, дайындау қызметінің дамуына, шикізат өндірушілердің өз өнімін өндіру мен өткізуді өсіруге мүдделі болуына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімінің және оның өңделген өнімдерінің ішкі тұтынудағы импорты үлесін азайтуға ықпал ететін болады.

Сондай-ақ АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға ҚҚС-ны субсидиялау бойынша қажетті кең ауқымды түсіндіру жұмысы жүргізілетін болады.

Агробизнес үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Дүниежүзілік банк 62 елде 12 тақырыптық сала бойынша жүргізетін "Ауыл шаруашылығындағы бизнесті дамытуға жәрдемдесу" халықаралық рейтингіндегі Қазақстанның позицияларын жақсарту бойынша шаралар қабылданатын болады. Зерттеу тұқым шаруашылығын, тыңайтқыштарды, ауыл шаруашылығы техникасын, қаржылық көрсетілетін қызметтерді, нарықтарды, көлікті, су ресурстарын және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) құқықтық реттеу жөніндегі сандық көрсеткіштерді пайдаланады. Гендер мен экологиялық орнықтылық жан-жақты және орнықты әдістердің көтермеленуін қамтамасыз ету үшін аталған есепке қосылған. Биыл рейтинг алғаш рет "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер" тақырыбына қолданылды.

Қазақстанның осы рейтингтегі позицияларын жақсарту үшін Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, рейтингтің барлық тақырыптық салалары бойынша өкілдер кіретін жұмыс тобы құрылатын болады. Жұмыс тобы Қазақстанның позицияларын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлейтін болады. Өз кезегінде Қазақстанның осы жобадағы позицияларының жақсаруы Қазақстанда агробизнес үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын растайды.

Ауыл шаруашылығының нарыққа бағдарланып өсуін қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік банк 5 жылдық кезеңге арналған мал шаруашылығын орнықты дамыту жобасын (бұдан әрі – Жоба) әзірлейтін болады.

Жоба ауыл шаруашылығын субсидиялауды, қаржыландыруға, ветеринариялық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті жақсартуды қоса алғанда, шағын фермерлерге қызмет көрсететін институттарды нығайтуға, сондай-ақ жайылымдық жерлерді басқаруды жетілдіруге және парниктік газдардың шығарылуын есепке алуға бағытталатын болады.

Жобаны іске асыру кезінде қаржы құралын – Дүниежүзілік банктің қарызын нәтижеге бағдарланған бағдарлама форматында (ЖҰЖ немесе PforR) қолдану жоспарланып отыр.

Жобаны дайындау мен іске асыруда тиісті сапаны қамтамасыз ету мақсатында мал шаруашылығы мен ветеринария саласындағы мүдделі мемлекеттік органдар, қаржы және ғылыми институттар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылатын болады.

Ветеринариялық қызмет көрсету және жануарларды есепке алу жүйесін жетілдіру, орталығында фермер болатын модельді дәріптеу, ет индустриясы үшін тиімді агроэкологиялық саясат жобаның түйінді нәтижелері болмақ.

Жобаны іске асыру ет бағытындағы мал шаруашылығының экспортқа бағдарланған секторын қоршаған ортаға әсерді өсірмей дамытуға және ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Іске асырудың бірінші кезеңі осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Жобада көзделген міндеттерге қол жеткізу үшін ЖҰЖ немесе PforR АӨК дамытудың келесі Мемлекеттік бағдарламасын бекіту шеңберінде көрсетілетін болады.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі АӨК субъектілерінің қарсы міндеттемелерді орындау нәтижелері бойынша бағаланатын болады.

АӨК-ні мемлекеттік қолдау шаралары жыныстық тиістілігіне қарамастан барлық АӨК субъектілері үшін тең жағдайда қолжетімді болады.

Қарыздарды кепілдендіру жүйесін жетілдіру

Әлеуетті және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлердегі мүліктің қаржы ұйымдары үшін құндылығы төмен. Сондықтан АӨК субъектілерін қаржыландыру қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралардың бірі кредиттерді кепілдендіру болып табылады, олардың негізгі міндеттері:

1) жеткілікті кепіл базасы жоқ АӨК субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін ұлғайту;

2) ісін енді бастаған кәсіпкерлерді АӨК-ге тарту;

3) АӨК-дегі жалпы кредит беру көлемінде жеке қаржы ұйымдарының кредит беру үлесін арттыру болып табылады.

Кепілдендіру институты кепіл базасының болуына АШТӨ-нің тәуелділігін төмендету есебінен оның кредит қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жеке қаржы ұйымдарының АШТӨ қарыздарын кепілдендіруге қызығушылығының төмен болуына байланысты жүйеге "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ (бұдан әрі – АШҚҚҚ) тартылатын болады. Мемлекет қатысатын компанияның нарықта жұмыс істеуі осы құралдың қажеттігі мен әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді.

АШҚҚҚ базасында мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қарыздарды кепілдендіру бойынша өтемақы жүйесі құрылатын болады.

Берілген АШҚҚҚ кепілдіктері бойынша талаптарды бірінші кезекте қамтамасыз ету мақсатында қарыздарды кепілдендіру жөніндегі өтем қорының қаражаты жоғары өтімді қаржы активтеріне (ҚР аумағында жұмыс істейтін сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілген ақша, екінші

деңгейдегі банктердегі депозиттер, мемлекеттік бағалы қағаздар және бағалы қағаздар) тұрақты негізде орналастырылатын болады.

Бүгінгі күні астық және мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру бойынша көрсетілетін қызметтердің талап етілмеуіне байланысты "ҚазАгроКепіл" АҚ астық және мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесінен шығады. Аталған қызметтерді көрсету үшін бұрын бөлінген қаражат "ҚазАгроКепіл" АҚ АШҚҚҚ-ға қосылғаннан кейін АШҚҚҚ жалғыз акционерінің шешімімен АӨК субъектілерін қолдаудың өзге шараларын ұсынуға қайта бағытталатын болады.

АШТӨ үшін кепілдендіру құралының қолжетімділігін арттыру үшін қарыздарды кепілдендіру шеңберіндегі мемлекеттік қолдау шарасы жетілдірілетін болады. Атап айтқанда субсидиялар алу схемасы жеңілдетіледі және оңтайландырылады және нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізіледі.

Аграрлық қолхаттарды енгізу

Өнімді әділ баға бойынша өткізу проблемасын шешу үшін жаңа қаржы құралы – аграрлық қолхат енгізілетін болады, ол инвесторларға/кредиторларға егінді ол нақты жиналғанға дейін сату есебінен (болашақ егін кепілімен) ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте өнім мен оның құны бойынша соңғы 3-5 жылдағы статистикалық деректерге негізделген шектеу тетіктері көзделетін болады. Аталған құралды енгізу үшін жаңа заңнамалық акт әзірленетін болады.

Электрондық аграрлық қолхаттарды іске қосу АӨК субъектілері үшін жаңа қаржы құралы болады және фермерлердің құжаттамасыз эмиссиялық емес борыштық құнды қағаздар шығарып, кейіннен оларды ауыл шаруашылығы өнімін жеткізумен немесе борышты төлеумен өтеуге арналған заңнамалық құқығын болжайды. Бұл фермерлерге өзінің өнімін алдын ала сатуға және қаржы институттарынан да, басқа көздерден де неғұрлым "арзан" ақша тартуға мүмкіндік береді. Аграрлық қолхаттарды енгізу ИТ-технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық практикаға жүргізілген талдауға сәйкес қаржы құралы – аграрлық қолхаттар мемлекет тарапынан қолдау болған жағдайда жеткілікті түрде тез дамып, тиімді жұмыс істейді.

АӨК-ге кредит беруге жеке қаржы институттарын тарту

АӨК-ге кредит беруге КС, микроқаржы ұйымдарын (бұдан әрі – МҚҰ), ЕДБ, лизингтік компанияларды қоса алғанда, жеке қаржы институттарын тарту жөніндегі кешенді жұмысты "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ (бұдан әрі – АНК) жүзеге асыратын болады.

АНК базасында Германияның тәжірибесі қолданылатын болады, онда мемлекеттік "Рентенбанк" үкіметтің қолдауымен капитал нарықтарынан қаражат тартады және кейіннен АӨК-ге кредит беруі үшін жеке қаржы институттарын қорландырады. Бұл ретте "Рентенбанк" тікелей кредит бермейді, осылайша фермерлерге бір мемлекеттік ұйымға тәуелді болмай, көрсетілетін қызметтердің ұсынылатын сапасы мен талаптарына қарай қаржыландырудың түрлі көздерінен таңдау мүмкіндігін бере отырып, ауылдағы кредит беру нарығындағы бәсекелестікті ынталандырады.

Бұл ретте АНК қаржы институттарын тартуды түрлі құралдар арқылы жүзеге асыратын болады, оның ішінде:

1) кейіннен жобаның инвестициялық бөлігіне кредит беруі үшін ЕДБ-ны қорландыру. Бұл ретте айналым капиталын ЕДБ-ның өзі қаржыландыратын болады;

2) бірлесіп қаржыландыру (синдикатталған қарыз), бұл ретте ЕДБ мен АНК бірлесіп қаржыландырады және жоба бойынша тәуекелдерді бөліседі;

3) АНК мен ЕДБ арасындағы ЕДБ-ның АНК айқындаған талаптарды ескере отырып, АНК-ның қаржыландыруы үшін жобаларды іріктеуді және талдауды жүзеге асыратыны туралы агенттік келісім;

4) АНК қаржыландырған ЕДБ жобаларын сату, бұл АНК-ге жаңа жобаларды қаржыландыру үшін іске асырылған жобалар бойынша қаражатты мерзімінен бұрын жинақтауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру құралдарын кеңейту жеке қаржы институттарын АӨК-ге кредит беруге ынталандырады, бұл АӨК-нің несие қоржынындағы жеке инвестициялар үлесін өсіруге ықпалын тигізетін болады.

АНК ішкі және сыртқы капитал нарықтарынан, сондай-ақ соңғы қарыз алушылар – АӨК субъектілері үшін қарыз/лизинг бойынша валюта тәуекелдерін хеджерлеудің қолжетімді құралдары болған жағдайда, халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан қорландыру тартатын болады. АӨК-ні дамытуға қаржыландыру тарту үшін ҚР Үкіметі мен МҚҰ-ның халықаралық бағдарламаларын кеңейту мәселесі пысықталатын болады.

Ауылды қаржыландыруға бәсекелестікті ынталандыру және жеке қаржы институттарын тарту үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобы тарапынан тікелей кредит беруді біртіндеп қысқарту жүзеге асырылатын болады.

Агросактандыруды дамыту

Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруда бірқатар проблемалардың болуы және мал шаруашылығы саласында сақтандыру жүйесінің болмауы ауыл шаруашылығы мен ветеринариялық тәуекелдерді сақтандыру саласындағы

халықаралық тәжірибені қолдана отырып, агросақтандыру жүйесін реформалауды қажет етеді.

АӨК-дегі сақтандыру нарығында проблемалардың болуы сақтандыру жүйесінің барлық қатысушыларының – АШТӨ-нің, мемлекет пен сақтандыру ұйымдарының мүдделеріне жауап беретін, оның ішінде:

1) заманауи агротехнологияларды пайдаланатын тиімді АШТӨ-ні кешенді мемлекеттік қолдауды (субсидиялау, жеңілдікпен кредит беру және басқалар), сондай-ақ АӨК-дегі тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

2) тәуекелдерді талдау және бағалау (андеррайтинг) жүйесін жеңілдету;

3) шығындарды реттеуді әкімшілендіру және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тетіктерін жеңілдету;

4) тәуекелдерді орналастыру жөніндегі электрондық алаңдарды (биржалар) пайдалану және электрондық сақтандыру полистерін сатып алу арқылы АШТӨ-нің сақтандыруға қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, ел өңірлері бөлінісінде егіс алаңдары, ауыл шаруашылығы дақылдары мен жануарларын сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқор (электрондық карта) құру;

5) сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін қайта қарау/облыстар бойынша ғылыми және практикалық түрде негізделген ауыл шаруашылығы дақылдарының мамандану картасын әзірлеу;

6) сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдерін реттеу ашықтығы мен тиімділігін арттыруы және мерзімдерін қысқартуы;

7) ауыспалы егісті жүргізу және агротехнологияларды пайдалану тиімділігін мониторингтеудің заманауи әдістерін қолдану, оның ішінде ғарыштық мониторингтеу мен аэротүсірілім құралдарын пайдалана отырып қолдану;

8) негізделген және ашық сақтандыру тарифтерін белгілеу жолымен жауап беретін заңнаманы тұжырымдамалық жетілдіру бойынша шаралар қабылдауды қажет етеді.

Ауыл шаруашылығындағы сақтандыруды ынталандыру үшін сақтандыру сыйақыларының бір бөлігін мемлекет субсидиялайтын болады. Бұл АШТӨ үшін сақтандыру полисінің құнын арзандатуға, осылайша сақтандырудың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыруды электрондық форматқа көшіру жүзеге асырылатын болады, ол арқылы барлық бизнес-процестер жүзеге асырылады.

Жүйе электрондық дерекқорлармен, сондай-ақ жерді қашықтықтан зондтау көздерімен интеграцияланатын болады.

Онлайн-сақтандыру сақтандыру жүйесін ашық етуге және АШТӨ тарапынан құралға деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Кредиттік серіктестіктер жүйесін жетілдіру

Кредиттік кооперацияны дамыту үшін Орталық бірлестік құру (екінші деңгейдегі банк түрінде болуы мүмкін) жолымен КС қаражатын шоғырландыру мүмкіндігін қоса алғанда, лимиттейтін факторларды шешуге бағытталған заңнаманы жетілдіру жолымен кредиттік кооперация институттары қызметінің сәтті шетелдік тәжірибесі негізіндегі модельді енгізу жоспарланып отыр.

Ұсынылатын модель:

1) қатысушылардың қаражатын өңірлердің экономикалық айналымына тартуға және осылайша кредиттік кооперация институттарын өз қорландыру көздерімен қамтамасыз етуге;

2) халықтың бүгінгі күні қаржылық көрсетілетін қызметтердің жеткілікті көлемін алмайтын топтары үшін қолжетімдікті кеңейтуге;

3) АӨК саласындағы мемлекеттік саясат құралдарының бірі ретінде КС жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ қызметін жетілдіру

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ және оның еншілес компаниялары Мемлекеттік бағдарламаның міндеттерін іске асыратын, АӨК-ні дамытудың түйінді институттары болып табылады.

ҚазАгро" ҰБХ" АҚ АӨК-дегі экономикалық өсудің жаңа моделін құруда белсенді рөл атқаратын болады. "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ қызметі АӨК-ні әртараптандыруға, цифрлық және технологиялық жаңғыртуға жұмылдырылатын болады. Бұл ретте "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны тиімділігі жоғары, ықшам және корпоративтік басқару деңгейі жоғары кәсіби институтқа айналдыру процесі аяқталады.

Қаржылық ресурстардың шектеулілігі жағдайында "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес компанияларының кредиттік саясаттары инвестициялық бағдарламалардың іске асырылуын қаржыландыруға шоғырланатын болады. "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ үшін инвестициялық бағдарламалардың негізгі өндірістік индикативтерін ҚР АШМ-ның ұсынымдары негізінде "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның Директорлар кеңесі холдинг қызметінің ресурспен қамтамасыз етілуін ескере отырып бекітетін болады.

Тиімділікті арттыру мақсатында "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес компанияларының қызметі мақсаттар мен міндеттер бойынша құрылымдалатын болады.

АНК АӨК-ге кредит беруге жеке қаржы ұйымдарын тартуды ынталандыру арқылы АӨК субъектілері үшін қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру міндеттерін іске асыруға ден қояды. 2025 жылға қарай АНК тікелей кредит беруді толықтай тоқтатады, бұл АӨК-ні қаржыландыруға жеке қаржы ұйымдарының көптеп қатысуын қосымша ынталандырады.

АНК жыл сайынғы бюджеттік кредит қаражаты есебінен АӨК субъектілерін, оның ішінде көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландырады. АӨК субъектілеріне кредит беру тікелей және қаржы ұйымдарын қорын молайту арқылы жүзеге асырылатын болады.

2021 жылдан бастап көктемгі дала және егін жинау жұмыстарына АНК арқылы бюджеттік кредит беру мерзімі қысқа мерзімдіден негізгі борыш сомасы мерзім соңында өтелетін орта мерзімдіге дейін ұзартылатын болады.

АШҚҚҚ ауылдық жерлерде шағын бизнесті дамытудың басым бағыттары шеңберінде шағын кредит беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ қаржы ұйымдарының қарыздарына кепілдік беру жүйесіне және АӨК-дегі салалық тәуекелдерді сақтандыру жүйесіне қатысатын болады.

"ҚазАгроҚаржы" АҚ лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-дегі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесетін болады.

Шетелдік инвестицияларды тарту үшін жаңа инвестициялық қорлар құру мәселелері пысықталатын болады.

"Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" ҰК" АҚ қызметі:

1) астық дақылдарын және олардың өңделген өнімдерін сатып алуды, сақтауды және ішкі және сыртқы нарықтарда өткізуді ұйымдастыру жолымен АШТӨ-ні қолдауды көздейтін астық нарығындағы тұрақтандыру функциясын іске асыруға;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде елді азық-түліктік астықпен кепілдендірілген түрде қамтамасыз ету мақсатында астықтың резервтік қорын ұстап тұруға;

3) қажет болған жағдайда, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде агенттік функцияларды іске асыруға;

4) АӨК өнімдері нарығын мониторингтеуге бағытталатын болады.

"Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін және олардың өңделген өнімдерін жеткізуді, оның ішінде сыртқы нарықтардан жеткізуді жүзеге асыра алады.

Сыртқы нарықтарға өнімдерін ілгерілету кезінде отандық АШТӨ-ге қосымша қолдау көрсету үшін "Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" ҰК" АҚ экспортты ілгерілету жөніндегі уәкілетті органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және ҚР-ның шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерімен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып:

1) басым экспорттық бағыттар бойынша АӨК өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарының ұзақ және орта мерзімді перспективада даму үрдістерін талдауды;

2) қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің сыртқы нарықтарға кедергісіз қол жеткізуін жүзеге асыру үшін отандық экспорттаушыларға ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетуді (АӨК өнімдерінің экспорты жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерді, ауыл шаруашылығы өнімдерін шет мемлекеттерге әкелу шарттары туралы ақпараттық материалдар әзірлеуді, саудадағы тарифтік және тарифтік емес кедергілер мен басқа да шектеулер бойынша ақпараттық база қалыптастыруды және т. б. қоса алғанда) жүзеге асыратын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына қосылған еншілес және үлестес ұйымдарын бәсекелес ортаға беру және "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобын оңтайландыру ықшам холдинг қалыптастыруға алып келеді.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес компаниялары ұсынатын қызметтердің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру үшін "Е-Kazagro" цифрландыру жобасы дамытылатын болады, ол "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес компанияларының онлайн режимде АӨК субъектілерінің кредит пен лизинг алуға арналған өтінімдерін қабылдауы процесін автоматтандыруды, қарыздар бойынша және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу бойынша кепілдік алуға арналған көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды көздейді.

"Е-Kazagro" жобасының іске асырылуы өтінімдерді қабылдау мен өңдеу процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар жүйелеріне қосылу есебінен көрсетілетін қызметтерді алу уақытын қысқартуға, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес компаниялары көрсететін қызметтер сапасын жақсартуға, АӨК субъектілерінің өтінім беру шығындарын қысқартуға, қаржыландыру көлемін арттыруға және "бір терезе" қағидаты бойынша электрондық форматта қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ мен оның еншілес компанияларының ішкі бизнес-процестерін цифрландыру жүзеге асырылатын болады, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша шаралар қабылданады, бұл холдингтің бүкіл компаниялары тобы бойынша қызмет тиімділігін оңтайландыруға және арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрландыру жөніндегі жобалар, ең алдымен, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге теңестірілген барлық мемлекеттік қолдау шараларын 2021 жылға

қарай 100 % автоматтандыруға бағытталатын болады. Ақпараттық жүйелерді дамыту мен интеграциялау қызмет көрсетудің баламалы нұсқаларын жоққа шығару мақсатында барлық жұмыстарды 2021 жылғы желтоқсанға қарай аяқтау мерзімімен автоматтандыру жоспарын міндетті түрде әзірлей отырып, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес компанияларының электрондық форматтағы кредиттік өнімдерінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Қарыз алушылар үшін қолайлылықты арттыру мақсатында "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес компанияларының кредиттік өнімдері желісін оңтайландыру жұмысы жүргізілетін болады.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның 2013 – 2015 жылдары АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағдарламасын іске асыру үшін сыртқы капитал нарықтарынан валюта қаражатын тартуы және кейіннен Қазақстанның теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы саясатына көшуі холдингтің теріс қаржылық нәтижесінің қалыптасуына алып келді.

Мемлекеттік бағдарламаның басым бағыттарын іске асыру, қаржылық орнықтылықты ұстап тұру және қабылданған міндеттемелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданған міндеттемелер бойынша ковенанттың сақталуын қамтамасыз ету, кірістілікті өсіру, қаржы ағындарын қайта бөлу, түрлі көздерден қорландыру тарту және тағы басқалар жөніндегі шараларды көздейтін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету бағдарламасы қабылданатын болады.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобының қызметін жетілдіру және ұзақ мерзімді міндеттерін айқындау жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның жаңа Даму стратегиясы қабылданады, оның іске асырылуы жобалық басқару стандарттарын қолдана отырып жүзеге асырылатын болады.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны қаржыландыру Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2018 жылғы 26 ақпандағы хаттамасымен мақұлданған бюджеттік қаражат көлеміне сәйкес қамтамасыз етілетін болады.

АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимін қамтамасыз ету

Мәселелердің пайда болуына қарай АӨК-ге салық салуды жетілдіру жөніндегі нормалар әзірленетін болады. Бұл ретте бірыңғай аграрлық салықты енгізу жөніндегі мәселелер қаралатын болады.

5.3. Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

Ескерту. 5.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Жер ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалану үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

1) 33 млн. гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңында топырақтық іздестіру жүргізу;

2) 33 млн. гектар жайылым алқаптары алаңында геоботаникалық іздестіру жүргізу;

3) 27,6 млн. гектар алаңдағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде топырақ бонитетін анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

4) қалалар мен ауылдық елді мекендер жерлеріндегі 675 есептік орамға арналған электрондық жер-кадастрлық карталар дайындау;

5) 66 млн. гектар алаңға арналған электрондық топырақтық және геоботаникалық карталар дайындау;

6) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің цифрлық карталарын жасау жолымен ауыл шаруашылығындағы басты өндіріс құралы ретінде пайдаланылатын табиғи ресурс ретіндегі ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы дұрыс объективті ақпарат алу;

7) мемлекеттік меншікке алып қойылған, пайдаланылмай жатқан жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту;

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, төрешілдікті азайту және сауда-саттық өткізудің ашықтығын арттыру мақсатында мемлекеттік мүлік тізбесінің веб-порталы арқылы жер учаскелерін сату мен жалдау құқығы бойынша сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізу;

9) сауда-саттыққа оның барлық әлеуетті қатысушыларының теңдей қолжетімділігін және оны жүргізу ашықтығын қамтамасыз ету;

10) ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау институтын сақтап қалу және жетілдіру;

11) жоспарлық және/немесе жоспардан тыс тексерулер, жеке/заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ аталған ақпараттық жүйелердің мониторингі (жерді қашықтықтан зондтау, аэрофототүсірілімдер және басқалар) негізінде анықталған ұтымсыз пайдаланылып жатқан барлық ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне арналған жер салығының базалық мөлшерлемелерін он еселенген мөлшерге ұлғайту;

12) жасалған жер учаскелерін жалға алу шарттары бойынша олардың талаптарын орындау және жерлерді, оның ішінде жайылымдарды ұтымды пайдалану тұрғысынан ауыл шаруашылығы жерлерін тұрақты цифрлық мониторингтеу (жалға алудың алғашқы 5 жылында – жыл сайын, кейінгі

кезеңдерде суармалы егістікте әрбір 3 жыл сайын, тәлімі жерлерде – әрбір 5 жыл сайын)

13) халықты мал жаюға арналған жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету;

14) мал шаруашылығымен айналысатын АШТӨ үшін жайылымдар бөлу;

15) суаратын су көзінен бастап түпкілікті АШТӨ-нің су бөлу шекарасына дейін тұрақты суарылатын жерлердің ирригациялық және дренаждық жүйесін, меншік нысанына қарамастан, бірыңғай теңгерім ұстаушыға беру;

16) тұрақты суарылатын жерлерді қалпына келтіру үшін су шаруашылығы құрылысжайларын республикалық меншікке беру;

17) су шығынын азайту мақсатында, оның ішінде заманауи технологияларды қолдану жолымен тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлер жүйелерінің су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру және реконструкциялау.

Бұдан басқа жер қорын дұрыс сандық есепке алу мақсатында жерлерге, жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушыларға тексеру жүргізілетін болады, сондай-ақ жердің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау кезінде оған ақы төлеудің базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін қолдану үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапалық сипаттамалары туралы өзекті деректер алынатын болады.

Сондай-ақ жерді су және жел эрозиясынан қорғау, микроклимат құру, топырақтың құнарлылығын жақсарту, қар мен ылғал ұстап қалу мақсатында ағаш-бұта екпелерін егу жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

5.4. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

Ескерту. 5.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Су ресурстарын басқару саласындағы даму ұзақ мерзімді перспективаға арналған стратегиялық жоспарлауды қажет етеді, осыған байланысты 2040 жылға дейінгі болжамды мақсаттар, оның ішінде 2021 жылға арналған аралық индикаторлар мен көрсеткіштер әзірленді.

Осыған байланысты, тұрақты және көлтабандап суарылатын сұранысқа ие жерлерді суаратын сумен қамтамасыз ету үшін ирригациялық және дренажды желілерді қалпына келтіру, суарылатын жерлердің мелиорациялық жай-күйін жақсарту, судың халыққа, қоршаған ортаға және экономикаға зиянды әсерінің залалын төмендету, табиғи объектілердің суға деген жыл сайынғы қажеттілігін қанағаттандыру, өнеркәсіптегі суды тұтыну тиімділігін арттыру басымдықтар болып табылады.

Бұл үшін су шаруашылығы саласына арналған инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты бойынша қаржыландыру схемасын белсенді пайдалану жоспарлануда. Инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында жаңа тәсілдеме үшін экономикалық тұрғыдан негізделген тарифтік саясат құру жоспарланып отыр.

Су ресурстарын мониторингтеу, оларды болжамдау және тиісінше бақылауды қамтамасыз ете отырып басқару және суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін және мелиорациялық іс-шаралардың орындалуын мониторингтеу жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Инфрақұрылымды тиісінше жұмысқа жарамды жай-күйде ұстап тұру тұрғысынан оны пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

- 1) пайдаланушы су шаруашылығы ұйымдарын дамыту;
- 2) инфрақұрылымды қауіпсіз пайдалануды, су ресурстарының тиісінше сапасы мен қажетті мөлшерін қамтамасыз ету үшін оны жаңғырту;
- 3) су берумен байланысты емес республикалық маңызы бар трансшекаралық су шаруашылығы құрылысжайларын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- 4) жаңа су шаруашылығы объектілерін салу және авариялық су шаруашылығы объектілерін реконструкциялау;
- 5) су шаруашылығы объектілерін көп факторлы зерттеп-қарау;
- 6) суару үшін коллекторлық-дренажды суларды пайдалану;
- 7) су өлшеу аспаптарын орнату, суды есепке алуды автоматтандыру және диспетчерлеу;
- 8) бөгеттер қауіпсіздігінің декларациясын әзірлеу және сараптау.

Су ресурстары тапшылығын ұлттық та, өңірлік те деңгейде қысқарту үшін трансшекаралық су ресурстары суларын бөлу, жерасты суларын пайдалану, жаңа инфрақұрылым салу, су объектілерінің су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайту және табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүзеге асыру, сондай-ақ су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын нақтылау және жаңарту бойынша шаралар қабылданатын болады.

ҚР-ның су ресурстары көлемінің ағымдағы болжамына сәйкес трансшекаралық сулар су теңгерімінің ең осал компоненті болып табылады. Бұл саладағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс мынадай шараларды іске асыру жолымен күшейтілетін болады:

- 1) шектес мемлекеттерден келетін су ресурстарының көлемі мен сапасын мониторингтеу бойынша, оның ішінде олармен бірлесіп, олардың аумағында инфрақұрылым құру;

2) егжей-тегжейлі компьютерлік модельдер негізінде болжамдар әзірлеу және трансшекаралық су құйылу өзгерісінің ықтимал сценарийлерін талдау;

3) келіссөз топтарын күшейту және су шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу институттарының сарапшыларын және су шаруашылығы саласындағы біліктілігі жоғары мамандарды тарту жолымен олардың тұрақты құрамын қамтамасыз ету және халықаралық келісімдерді дайындау мен жасасу үшін шектес мемлекеттермен трансшекаралық су бөлу жөніндегі келіссөздер процесін күшейту;

4) жиналған талдамалық ақпаратқа негізделген және халықаралық тәжірибені ескеретін кешенді келіссөздер стратегияларын әзірлеу;

5) Орталық Азия өңірінің су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі келісімді әзірлеу және оған қол қою;

6) трансшекаралық өзендердің суын бөлу жөніндегі ұзақ мерзімді келісімдерді пысықтау және оларды орындау бойынша тетіктер құру;

7) Халықаралық су бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету.

Жерасты суларымен қамтамасыз ету мақсатында мыналар іске асырылатын болады:

1) ауыл шаруашылығы мұқтаждықтарына арналған жерасты суларын пайдалану әлеуетін зерделеу және су көздерінің электрондық карталарын әзірлеу;

2) жерасты суларының кен орындарын жете барлау және қайта бағалау, су тапшылығы бар өңірлерден бастап ҚР аумағындағы елді мекендерді, оның ішінде сумен жабдықтаудың баламалы көздері ретінде жерасты су қорларымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу.

Су шаруашылығы және гидромелиорациялық инфрақұрылымды дамыту үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

1) экологиялық ахуалға және суға деген қажеттілікке сүйене отырып, инфрақұрылымдық жобалардың басымдықтарын айқындау;

2) су ағынын бассейнаралық бұру есебінен орналасатын су ресурстарының ұлғаюын пысықтау;

3) жаңа су қоймаларын және оларды қолдануға арналған ирригациялық жүйелерді құру.

Өнеркәсіпте су тұтынудың тиімділігін арттыру үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

1) өнеркәсіптік кәсіпорындардың озық су үнемдегіш технологияларды енгізуі;

2) өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолжетімді технологиялар мен олардың экономикалық тиімділігі туралы ақпараттандыру.

Су объектілерін тиісінше жай-күйде ұстап тұру үшін су қоры жерлерінің іргелес аумақтарының ормандылығы ұлғайтылатын болады.

Павлодар облысындағы Шідерті өзенінің төменгі сағаларындағы тозу мен шөлейттену процестерін жою, Қызылорда облысының көлдері жүйесін және Ақмола облысындағы Қорғалжын мемлекеттік қорығының Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесін толтыру, оларға су беру үшін табиғат қорғау мақсатындағы өтемдік су жіберу жүргізіледі.

Сондай-ақ биологиялық өнімділікті және санитариялық саламаттылықты ұстап тұру үшін табиғи режимге жақын режимді қамтамасыз ететін экологиялық су жіберу жүзеге асырылатын болады.

Өзендер бассейндері бойынша су ресурстары теңгерімінің ұзақ мерзімді болжамын құру су саясатының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қолжетімді су ресурстары көлемін өзгерту үрдісін ескеретін егжей-тегжейлі бассейндік схемалар және тұтыну болжамдары инфрақұрылымды дамытуды ұзақ мерзімді жоспарлау негізіне алынады. Тұрақты негізде бассейндік схемаларды әзірлеу және оларды жаңарту жөніндегі, бастапқы материалдарды жинау жүйесін жетілдіру және оларды өңдеу, оның ішінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып өңдеу жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

Су ресурстарын басқару саласында жаңа технологияларды енгізуді барынша жеделдету үшін барлық әлеуетті пайдаланушылар үшін бастапқы деректердің қолжетімділігі қамтамасыз етілетін болады. ҚР мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен жиналған деректер ашық қолжетімділікте орналастырылатын болады.

Алға қойылған нысаналы индикаторлар мен міндеттерді ескере отырып, тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қолда бар су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіруге және жаңасын салуға инвестициялар тарту қажет етіледі.

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларын қалпына келтіру жөніндегі капиталды көп қажет ететін жобаларды қаржыландыру және саланың өзін-өзі ақтауына және инвестициялық тартымдылығына біртіндеп көшу жөніндегі шараларды іске асыру үшін бюджет мүмкіндіктері болмағандықтан, олардың өзін-өзі ақтауын ескере отырып, қолайлы талаптармен қайтарымды негізде МҚҰ қаражаты тартылатын болады және мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында жеке инвестициялар (ірі АШТӨ, басқа ұйымдар) тарту мүмкіндігі зерделенетін болады.

Сондай-ақ пайдалану шығыстарының өзін-өзі ақтауына және су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларын ұстауға және үздіксіз жұмыс істетуге арналған ұзақ мерзімді перспективадағы тарифтердің инвестициялық тартымдылығына қол жеткізу, шетелдік тәжірибені ескере отырып, ауыл шаруашылығына арналған тарифтерді ұстап тұрудан біртіндеп кету жөніндегі шаралар пысықталатын болады.

Тарифтердің инвестициялық тартымдылығын ескере отырып, олардың шекті деңгейлері бекітілгеннен кейін суармалы жерлердің ирригациялық инфрақұрылымы толықтай қалпына келтірілген жағдайда, бюджет жүктемесін азайту мақсатында қалпына келтірілген ирригациялық инфрақұрылымды ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жалға және/немесе сенімгерлік басқаруға беру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Су ресурстарын реттеумен байланысты төтенше жағдайларды болдырмау үшін су тежегіш және су реттегіш құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негізі жасалатын болады.

Су шаруашылығы объектілерін қауіпсіз пайдалану қамтамасыз етілетін болады және автоматтандырудың, хабардар етудің, диспетчерлеудің, су ресурстары мен су шаруашылығы объектілерін басқарудың және оларды пайдаланудың заманауи жүйелері енгізілетін болады.

Сумен қамтамасыз етудің су аздық циклы елдің экономикасына, әсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісіне айтарлықтай залал келтіреді. Мұндай құбылыстардың зардаптарын жұмсарту бойынша шаралар көзделетін болады.

Халықты және экономиканы тасқын судан (қар суынан) қорғау бойынша жыл сайын ұйымдастырушылық-техникалық шаралар көзделеді. Тасқын суға қарсы қорғау дамбаларын салуды және жөндеуді, жағалауды нығайтуды, өзен арналары мен гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялауды көздейтін инженерлік-қорғаныс шаралары жүзеге асырылатын болады.

Су объектілерінің өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында түп және жағалау нығайту жұмыстарын жүргізу үшін өзендердің табиғи гидрологиялық режиміне зерттеп-қарау жүргізу көзделеді.

Су тұтыну мәдениеті саясатының дағдылары мен білімдерін қалыптастыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру үшін елдің және әлемнің жетекші институттарын тарта отырып, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды ғылыми сүйемелдеу қамтамасыз етілетін болады.

Білім беру саласында:

1) болжамды қажеттілікке сәйкес су шаруашылығы секторы үшін білікті кадрлар даярлау және жұмыскерлердің біліктілігін арттыру, "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде су мамандықтары бойынша тиісті стипендиялар санын ұлғайту қамтамасыз етілетін болады;

2) барлық инженерлік мамандықтар бойынша оқу қоршаған ортаны қорғауға және ресурстардың өнімділігіне арналған пәндерді зерделеуді қамтитын болады (мәселен, ЭБДҰ-ның көпшілік елдеріндегі сияқты).

5.5. Өткізу нарықтарына қолжетімділікті қамтамасыз ету және экспортты дамыту

Ескерту. 5.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Экспортты қолдау жүйесін құру және отандық өндірушілер үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ қазақстандық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын өнім өткізудің жаңа нарықтарына қайта бағыттау үшін:

1) цифрлық портал базасында АӨК өнімдерінің экспорты кезінде экспорттық нарықтардың, өнімдердің және импорттаушы елдер талаптарының тізілімі құрылады;

2) кедергілерді алып тастау және сыртқы нарықтарды, оның ішінде ЕАЭО, ЕО, Қытай, Иран, Орталық, Орта және Оңтүстік-Шығыс Азия, Парсы шығанағы елдері нарықтарын ашу жөніндегі жұмыс жалғасады;

3) өңдеуші өндірістерді жаңғырту/салу, қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін және олардың өңделген өнімдерін белгілі брендтермен ілгерілету, өндіріс, менеджмент пен маркетинг процестеріне қазіргі заманғы технологияларды тарту үшін трансұлттық компаниялар мен зәкірлік инвесторларды тарту жөніндегі жұмыс жалғасады. Бұл жұмыс өңірлер әкімдіктерімен, инвестициялар тарту және экспортты дамыту саласындағы мамандандырылған ұйымдармен (KazakhInvest, KazakhExport) бірлесіп жүргізілуде;

4) мемлекеттік қолдау, шикізат базасымен, білікті кадрлармен, инфрақұрылыммен және т. б. қамтамасыз ету бөлігінде тартымды инвестициялық орта әзірленіп, енгізіледі;

5) көлік-логистикалық мәселелерді шешу үшін негізгі экспортқа бағдарланған бағыттарда жұмыс істеп тұрған және салынуы қажет терминалдар мен хабтарды айқындау бойынша жұмыс жүргізіледі;

6) органикалық өнім өндіру мен ілгерілетуді ынталандыру, оның ішінде көрмелер мен таныстырылымдар өткізу, органикалық өнім брендин әзірлеу бойынша шаралар қабылданады;

7) маңыздылығы басым елдердегі (Қытай, Еуропа елдері, Аустралия, Оңтүстік және Солтүстік Америка және Парсы шығанағы елдері) Қазақстанның

дипломатиялық мекемелерінде АӨК мәселелері бойынша өкілдер институтын құру жөніндегі жұмыс жалғасады;

8) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізу бастамасы көтеріледі.

Сауда-логистика инфрақұрылымы

Ауыл шаруашылығы өнімдері мен өңделген өнімдерді өткізу жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейту үшін жұмыс екі бағытта жүргізілетін болады.

Бірінші – ірі азық-түлік партияларын қалыптастыру және оларды ішкі нарық пен экспортқа тарату үшін көтерме-тарату орталықтары (бұдан әрі – КТО) желісін құру. КТО-ның құрылуы өндірушілер кірісінің өсуіне және өндіруші мен тұтынушы арасындағы делдалдар тізбегінің қысқаруына алып келеді және тауарлардың тұтынушылардың көлем, номенклатура және тағы басқалар жөніндегі талаптарына сәйкес өндірілуіне мүмкіндік береді. КТО жеке инвесторлардың, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қаражаты есебінен құрылатын болады, оларды тарту үшін жер учаскелерін бөлу, инфрақұрылым жүргізу секілді және тағы басқа қолайлы жағдайлар жасалатын болады. КТО түрлерін, олардың функциялары мен орналасатын жерлерін айқындау үшін КТО құру тұжырымдамасы әзірленеді. Тұжырымдаманы іске асыру өңірлердегі АӨК-ні дамыту бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Екінші – АӨК өнімдері үшін электрондық сауда жүйесін құру. Цифрландыруды дамыту дәуірінде АӨК өнімдерін тиімді өткізу цифрлық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Цифрлық технологияларды енгізу мысалы АӨК өнімдерінің саудасына арналған электрондық алаңның құрылуы бола алады, ол географиялық шектеулерді еңсеруге, сауда алаңдарын ұстауға жұмсалатын шығындарды азайтуға және тағы басқаларға мүмкіндік береді. Аталған міндетті іске асыру үшін халықаралық сарапшыларды тарта отырып, тұжырымдама әзірленетін болады. Тұжырымдаманы іске асыру АӨК-мен аралас кіші бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ электрондық сауданың дамуы кейбір нормативтік құқықтық актілерге АӨК өнімдерін биржалық тауарлар тізбесінен алып тастау және тауарлық биржалар арқылы өткізілетін ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Бұдан басқа дәнді дақылдар мен олардың өңделген өнімдерін экспорттау кезінде тасымалдау қуаттылықтарының тапшылығы жөніндегі проблеманы шешу үшін АӨК логистикасы картасын және терминалдарды, ауыстырып-тиеу қоймаларын салу және мамандандырылған техника паркін жаңарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу жоспарланып отыр.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау, техникалық реттеу

Фитосанитариялық қауіпсіздік

Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында АШТӨ-ні карантиндік фитосанитариялық талаптар, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, карантиндік объектілермен, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен күресу әдістері мен тәсілдемелері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен қолайлы фитосанитариялық жағдайды сақтап қалуға ынталандыру жөніндегі кешенді шаралар әзірленетін болады.

Жедел фитосанитариялық шаралар қабылдау мақсатында тиісті аумақтарда ЖАО-ның карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеуі және оны алып тастауы мерзімдерін регламенттеу, фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу қағидаларының уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларын енгізу және алып тастау рәсімдерін регламенттеу көзделетін болады. Сондай-ақ жедел фитосанитариялық шараларды қабылдау үшін зиянды, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілердің таралу ошақтарын электрондық картаға түсіруді енгізу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

АШТӨ-ні ынталандыру мақсатында ҚР заңнамасына күресу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен күресу, саны экономикалық зияндылық шегінен жоғары шегіртке тектес зиянкестердің үйірлі және саяқ түрлерін қоспағанда, карантиндік объектілерді, фитосанитариялық қатері жоғары карантиндік объектілерді оқшаулау және жою үшін АШТӨ-нің пестицидтер мен биопрепараттар (биоагенттер) сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялады, сондай-ақ АШТӨ-ні өз аумағында саламатты фитосанитариялық жағдайды қамтамасыз етуге ынталандыру мақсатында жойылған жеміс ағаштары үшін бақтар иелерінің шығындарын өтеуді көздейтін өзгерістер енгізу қамтамасыз етілетін болады.

Қолайлы фитосанитариялық жағдайды қамтамасыз ету үшін ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылықтар және жер қатынастары жөніндегі заңнамасына заңнама талаптарын орындамағаны үшін АШТӨ-нің жауапкершілігін қатандату бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар, ҚР-ның өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы заңнамасына АШТӨ жерінде фитосанитариялық жағдай нашарлаған кездегі өңдеу тетігін енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмейтін карантинге жатқызылған өнімдерді әкелудің, карантиндік объектілер мен бөтен тектес түрлерді әкелу мен таратудың жолын кесу мақсатында іргелес мемлекеттермен шекаралас аумақтарда бақылау мен қадағалау жүргізу бойынша шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ өсімдіктер карантині жөніндегі халықаралық

ұйымдарға белсенді қатысу мақсатында қазақстандық өнімдерді импорттаушы елдермен өсімдіктер карантині саласындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Мемлекеттік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау рәсімдерінің ашықтығын, заңдылығын және дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында карантиндік зертханалардың, фитосанитариялық бақылау бекеттерінің және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың материалдық-техникалық жарақталуын халықаралық талаптар деңгейіне дейін жеткізу, оның ішінде өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларды бейнежазу құралдарымен (бейнежетондармен) жарақтандыру қамтамасыз етілетін болады, өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі шаралардың, оның ішінде карантиндік объектілердің, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ошақтарын анықтау, республика аумағына әкелінетін тұқым және отырғызу материалына қатысты фитосанитариялық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі зерттеп-қарау іс-шараларының уақтылы жүргізілуін бақылау күшейтілетін болады.

Ветеринариялық қауіпсіздік

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымы (бұдан әрі – ХЭБ) ұсынымдары мен стандарттарының, ДСҰ-ның, ЕАЭО-ның және халықаралық сарапшыларды қоса алғанда, ветеринария мәселелерімен айналысатын басқа да халықаралық ұйымдардың санитариялық және фитосанитариялық шараларының негізгі ережелерін ескере отырып, ветеринария жүйесінің қызметін күшейту және оның тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ветеринариялық қауіпсіздік ел аумағының аймақтарға бөлінуін ескере отырып, тәуекелдерді талдау, бағалау және басқару қағидаттарында жүйелі диагностикалық, профилактикалық және жою іс-шараларын жүргізу; халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ветеринариялық диагностикалық және иммундық-профилактикалық препараттарды пайдалануды ұлғайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Аса қауіпті аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу үшін ауру қатеріне ұшыраған ауыл шаруашылығы жануарлары иммундық-профилактикалық іс-шаралармен қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған, иммундық-профилактикалық іс-шаралар кезінде қолданылатын аса қауіпті ауруларға қарсы ветеринариялық препараттардың үлесі 70 %-дан төмен болмайды, диагностикалық зерттеулер үшін пайдаланылатын ветеринариялық препараттардың үлесі 80 %-дан төмен болмайды. Бұдан басқа ветеринарияда

пайдаланылатын микроорганизмдердің штамдарын сақтауға қою рәсімі реттеледі, ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға тіркеуге арналған сынақтар жүргізу, оларды байқаудан өткізу рәсімі түзетілетін болады.

Зертханалық жүйеде диагностикалық зерттеулер аудан деңгейінде, жарақталу дәрежесі мен қызметкерлердің біліктілігіне қарай, ХЭБ ұсынған зерттеу әдістеріне көше отырып жүргізіледі.

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңнамасына ЖАО-ның ветеринария саласындағы мәселелер бойынша тиімділігін арттыру жөніндегі нысаналы индикаторлардың жоспарлық мәндерін белгілеу және оларды есептеу әдістемесін айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Бұдан басқа ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қойылатын ветеринариялық талаптар айқындалады; ветеринариялық заңнама ХЭБ-тің ұсынымдарын, стандарттары мен ЕАЭО-ның құжаттарын, ғылыми ұсынымдарды және практикалық қызмет проблемаларын талдауды ескере отырып үндестіріледі; мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің мониторингі, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орын ауыстыруын (тасымалдануын) бақылау күшейтілетін болады. Ветеринариялық-санитариялық бақылау жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндіру объектілеріндегі, мал шаруашылығы объектілеріндегі тәуекелдердің анықталуы ескеріле отырып жүргізіледі.

Ведомствоға бақылау-қадағалау функцияларын және ЖАО-ға іске асыру функцияларын шоғырландыру жолымен уәкілетті орган ведомствосы мен ЖАО арасындағы ветеринария саласындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажырату бойынша; ЖАО-ның ветеринариялық қызметі вертикалін құру; іргелес мемлекеттермен шекаралас аумақтағы белгіленген саламатты аймақтар арасында, еркін экономикалық аймақтарда тауарлардың орын ауыстыруына (тасылуына) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау жүргізу; жануарлардың алғаш рет және жаңадан анықталған аса қауіпті аурулары бойынша ветеринариялық шаралар қабылдаудың ерекше тәртібін айқындау; ветеринария саласында бірқатар тексеру жүргізу тәртібін өзгерту бойынша шаралар қабылдау жоспарлануда.

Ақпараттық жүйелер енгізілгеннен бастап ветеринариядағы процестерді тиімді басқару, өнімдерді "фермадан үстелге дейін" қағидаты бойынша бақылау және қадағалау мүмкіндігі туады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды ақпараттық жүйелермен (ветеринариялық құжаттар беру, зертханалық зерттеулер және тағы басқалар жөніндегі жүйе) интеграциялауды қоса алғанда, оны жетілдіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің электрондық тәсілдерін (радиожилікті белгісі бар биркалар, болюстар, чиптер және ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізу үшін пайдаланылатын басқа да бұйымдар (құралдар), электрондық есептегіш құрылғылар пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесі түзетілетін болады.

Сондай-ақ ҚР-ның ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қатаңдату бойынша шаралар қабылдау жоспарлануда.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын объектілердің орын ауыстыруы, зооантропоознозды аурулардың пайда болуы мен іргелес мемлекеттерде эпизоотиялық ахуалдың нашарлауы туралы уақтылы ақпараттандыруды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру күшейтілетін болады.

Бұдан басқа аусылды, нодулярлы дерматитті бақылау күшейтіледі, өңірлік деңгейде аусылмен күресу бойынша бірыңғай тәсілдемелер мен стратегиялар әзірленеді, ХЭБ-тің өңірлік және арнайы комиссияларымен бірлесіп, Орталық Азия өңірінің аусылмен күресу жөніндегі ветеринариялық қызметтерінің күш-жігерін біріктіру күшейтіледі.

Техникалық реттеу

Техникалық реттеу саласы шеңберінде дамудың заманауи деңгейіне көшуді және ЕАЭО шеңберінде оларды үндестіруді қамтамасыз ететін стандарттар әзірленетін болады, бұрмаланған өнімдерден нарықты қорғау үшін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы күшейтіледі, сондай-ақ бұрмаланған өнімдерді анықтауға арналған қолда бар бақылау әдістері (әдістемелер мен стандарттар) жетілдіріледі немесе жаңа заманауи бақылау әдістері (әдістемелер мен стандарттар) әзірленеді.

Ішкі нарықты қорғау мақсатында техникалық регламенттердің орындалуын бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жалғасады.

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін "фермадан үстелге дейін" әр кезеңде қамтамасыз ету үшін ФАО стандарттарына, ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісіміне, Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымының (ХЭБ) ұсынымдарына және Саудадағы техникалық кедергілер туралы келісімге енгізілген, жануарлардан да,

өсімдіктерден де алынатын тамақ өнімдерін қадағалаудың кешенді бірыңғай жүйесін қалыптастыру жүргізілетін болады.

Аталған мақсатқа қол жеткізуді институционалдық және зертханалық әлеуетті өсіру, сектораралық өзара іс-қимылды жетілдіру, тамақ өнімдерін қадағалау жүйесін техникалық жаңғырту, өнімдердің сәйкестігін растау (бағалау) дұрыстығы рәсімдерін жетілдіру жолымен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Отандық тауар өндірушілердің әлеуетті нарықтарға қол жеткізуін жеңілдету мақсатында шет елдер қоятын техникалық реттеу саласындағы талаптарға талдау жүргізілетін болады, оның қорытындылары бойынша тиісті ақпарат барлық өндірушілердің назарына жеткізіледі және кедергілерді ықтимал алып тастау бойынша шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда, қолданыстағы стандарттар жетілдіріліп, жаңалары әзірленетін болады.

ЕАЭО мен жекелеген елдер арасында келісімдер жасасу бойынша келіссөздер жүргізу кезінде саудадағы артық техникалық кедергілерді жою және стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуде, қабылдауда және қолдануда транспаренттілікті қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру жоспарлануда.

Органикалық және "халал" тамақ өнімдерін өндіру және олардың айналымы

Органикалық және "халал" тамақ өнімдерінің өндірісі мен нарығын одан әрі дамыту органикалық ауыл шаруашылығын дамытудың жол карталары, сондай-ақ "халал" тамақ өнімдерінің өндірісі шеңберінде жүзеге асырылатын болады, олармен мынадай мәселелерді шешу болжанып отыр:

- 1) басым елдер нарығына қол жеткізу талаптары мен шарттарын зерделеу;
- 2) басым өткізу нарықтарының талаптарына сәйкес аккредиттеу және сертификаттау жүйесін құру;
- 3) халал-индустрия мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- 4) "халал" тамақ өнімдерінің өндірісі мен айналымын құру және реттеу жөніндегі жүйелік құжаттарды әзірлеу;
- 5) органикалық өнім және мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесі мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- 6) кадрлар мен мамандарды, АӨК субъектілері мен халықты даярлау және білім деңгейін арттыру;
- 7) басым импорттаушы елдермен бірге аккредиттеу мен сертификаттау жүйелерін және сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды өзара тану;
- 8) халықаралық ынтымақтастық және сыртқы нарықтарға ілгерілету;
- 9) органикалық өнім өндірісін ғылыми зерттеу және сүйемелдеу;

10) ақпараттық сүйемелдеу.

5.6. Аграрлық ғылымды, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілері құзыреттерінің деңгейін дамытуды қамтамасыз ету

Ескерту. 5.6-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Қазақстан АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндірістік шығындарды төмендету, дақылдардың түсімділігін және жануарлардың өнімділігін ұлғайту, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу, өндіріс құралдарын жаңғырту үшін білімнің, ғылым мен өндірістің тығыз интеграциясы, отандық ғылыми зерттеулерді әзірлеу және енгізу, шетелдік тиімді технологиялар трансферті, кадрларды даярлау және қайта даярлау, еліміздің аграрлық нарығында сұранысқа ие жетекші отандық, шетелдік мамандар мен ғалымдарды тарту негізінде АӨК-ні жедел инновациялық дамытуды қамтамасыз ету қажет.

АӨК ғылыми және кадрлық қамтамасыз етуді интеграциялау:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және білім беру қызметін жүзеге асыру және консалтингтік қызметтер көрсету үшін барлық университеттердің, ҒЗИ-дің, АШТС мен ТӨШ-тің кадрлық, мүлктік, қаржылық, зияткерлік әлеуетін барынша тиімді пайдалануға;

2) аграрлық білім берудің үздіксіз жүйесін құруға;

3) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу мерзімдерін қысқартуға;

4) салалық ҒЗИ үшін ғылыми кадрлар даярлауды қамтамасыз етуге;

5) ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру проблемасын шешуге;

6) ҒЗИ-дің, ЖОО-ның, АШТС мен ТӨШ-тің ғимараттар, құрылысжайлар, жер, мал басы, зияткерлік меншік және т.с.с. түріндегі материалдық және материалдық емес активтерін пайдалану тиімділігін арттыруға;

7) ғылыми әзірлемелер енгізуге, отандық және шетелдік технологияларды байқаудан өткізуге және бейімдеуге, студенттердің өндірістік практикалардан өтуіне, БТО-ның жұмыс істеуіне арналған базалар ретінде ҒЗИ, ЖОО, АШТС және ТӨШ мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Басқарушы персоналдың құзырет деңгейін сапалы арттыру үшін ірілендіру есебінен ғылыми ұйымдардың санын оңтайландыру жүргізілетін болады. Кейбір бейінді ұйымдарды қосу жолымен оңтайландыру жобасында "ҰАҒББО" КеАҚ-ның еншілес ұйымдарының санын қысқарту көзделген. Сондай-ақ, кейбір ҒЗИ-ді ғылыми-өндірістік орталықтар мен ауыл шаруашылығы тәжірибелік станцияларына айналдыру жоспарланып отыр.

Оңтайландыру:

1) басқару мен әдістемелік басшылықтың нақты вертикалін қамтамасыз етуге;

2) ғылыми-кадрлық әлеуетті арттыруға;

3) білімнің, ғылым мен өндірістің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

4) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға;

5) технологиялар трансфертін және олардың бейімделуін қамтамасыз етуге;

6) бизнес-құрылымдардың тапсырыстарына бағдарлануды қамтамасыз етуге;

7) активтер мен зертханалық жабдықтарды пайдалану тиімділігін арттыруға;

8) ҚР АӨК субъектілерінің еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2018 жылы:

1) "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС базасында нақты егіншіліктің эксперименттік-технологиялық платформасын;

2) "Заречное" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС базасында нақты егіншіліктің эксперименттік-технологиялық платформасын;

3) "Қаскелең ТШ" ЖШС базасында "Ж. Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты" ЖШС-да нақты егіншілікті дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды іске асыруға арналған инновациялық агротехнологиялық парк;

4) "С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ базасында АӨК-ні цифрландыру саласындағы технологиялық құзырет орталығын құру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады.

Одан кейінгі жылдары:

1) Жәңгір хан атындағы БҚАТУ базасындағы "ақылды фермаларды" дамыту орталығы;

2) ҚазҰАУ базасындағы сүтті мал шаруашылығын, көкөніс шаруашылығы мен жеміс шаруашылығын дамыту орталығы;

3) "ҰАҒББО" КЕАҚ-ның, ҚР БҒМ Ғылым комитеті жанындағы "Ұлттық биотехнологиялар орталығы" РМК-ның және "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС-ның қатысуымен "Халықаралық зерттеу орталығы" консорциумын құру;

4) шетелдік ғалымдар мен мамандарды тарта отырып, бірлескен жобаларды іске асыру;

5) ҚР АӨК-сіне технологиялар енгізуге бағытталған жобалар секілді жобаларды іске асыру үшін компаниялардың жарғылық капиталын толтыру жоспарлануда.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарында, одан кейінгі жылдары ҚР-ның қалған өңірлерінде нақты егіншілікті енгізу жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыруға, шаруа және фермер қожалықтарына "ақылды технологияларды" енгізуге, сондай-ақ қажетті дағдылары және екі білім беру деңгейі: магистратура мен докторантураның құзыреттері бар, практикаға бағдарланған 600-ден астам АӨК маманын даярлауға мүмкіндік береді.

Ғылым, білім және өндіріс интеграциясын қамтамасыз ету, саланы кадрлық қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ҒЗИ мен ЖОО-ны қаржыландырудан тек конкурстық негізде басым түрде шығармашылық ұжымдарды қаржыландыруға көшу іске асырылатын болады, аграрлық өндірістің нақты сұраныстарын шешуге және практикалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған зерттеулерді басымдықпен қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

4-схема. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру схемасы



Сондай-ақ кейіннен АӨК субъектілері базасына енгізе және демонстрациялық учаскелер ұйымдастыра отырып, жоспарланатын нәтижелер тұтынушылары – АӨК субъектілерінің және/немесе салалық қауымдастықтардың қолданбалы ҒЗТКЖ-ны міндетті бірлесіп қаржыландыруы туралы талаптар белгіленетін болады. Бұл үшін ҚР заңнамасына өзгерістер енгізіледі.

2030 жылы аграрлық ғылымды қаржыландыру жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 1 %-на дейін, оның ішінде 2021 жылы 0,5 %-ына дейін жеткізілетін болады.

Бұл:

1) "ҰАҒББО" КЕАҚ еншілес ұйымдарының ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары паркін жаңартуға;

2) сәтті тәжірибені таныстыру мен таратуға арналған технологиялық полигондарды құруға және дамытуға;

3) аграрлық ғылым жүйесінің беделін арттыруға және жас кадрларды тартуға;

4) отандық аграрлық ғылымды дамыту үшін сапалы мамандар даярлауға;

5) танымал шетелдік ғылыми ұйымдармен өзара іс-қимылдардың жаңа деңгейіне шығуға;

6) тиімді шетелдік технологияларды трансферттеу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы қаласындағы ҚазҰАУ (агротехнологиялық хаб нысанында) және Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚазАТУ базасында АӨК саласындағы екі зерттеу университетін құруды заңнамалық қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Білімнің, ғылым мен өндірістің интеграциялануын қамтамасыз ету үшін екі аграрлық ЖОО-ға "Назарбаев Университеті" ДБҰ үлгісі бойынша дербестікті және ғылыми зерттеулер, шетелдік технологияларды трансферттеу мен бейімдеу және білім тарату бағытындағы функционалды кеңейтуді көздейтін зерттеу мәртебесін беру мәселесі пысықталатын болады.

Университеттерді реформалау білім беру бағдарламаларын жаңғырту және оқыту үшін шетелдік профессорларды шақыра отырып, әлемдегі жетекші аграрлық бейінді зерттеу университеттерімен (Дэвистегі Калифорния университеті (UC Davis, АҚШ), Вагеннинген университеті (Голландия), ғылыми және академиялық мәселелер бойынша Agreenium корпорациясының өкілдерімен AgroParisTech институты (Франция), Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті (ҚХР) және басқалар) әріптестікте жүзеге асырылатын болады, мәселен:

1) ҚазАТУ барлық өңірлер үшін АӨК-ні цифрландыру және мал шаруашылығын дамыту орталығына айналады;

2) ҚазҰАУ суармалы жерлердің, жеміс шаруашылығы мен картоп шаруашылығының, ауыл шаруашылығы кооперациясының тиімділігін арттыруға және мал шаруашылығын дамытуға маманданатын болады;

3) БҚАТУ мал шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту орталығына айналады.

Әділ бәсекелес орта құру және ресурстарды тиімді бөлу мақсатында ЖОО-дан кейінгі бағдарламаларға арналған гранттарды қай университетте білім алатындығын өз бетінше таңдау мүмкіндігін бере отырып, тікелей оқуға түсетіндердің өздеріне беруге көшу мәселелері пысықталатын болады.

Бұл үшін әр университетті, ҒЗИ-ді және ТӨШ-ті реформалау бағдарламаларын әзірлей және іске асыра отырып, университеттердің, ҒЗИ-дің және ТӨШ-тің академиялық, әкімшілік және қаржылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту жүзеге асырылатын болады.

Оқыту мерзімі орта мектеп бітірушілері үшін 10 ай және орта мектептің 9-сыныбын бітірушілер үшін 2-3 жыл болатын ТжКБ бағдарламалары бойынша бұқаралық кәсіптегі жұмысшы кадрлар даярлау қалпына келтірілетін болады және аграрлық бейіндегі ТжКБ бар кадрлар даярлау үшін колледждердегі оқу орындарының саны кеңейтіледі.

Ветеринариялық мамандықтар бойынша гранттар құны техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтарына ұқсас барлық жоғары оқу орындарында ұлттық университеттер гранттары деңгейіне дейін артатын болады.

Аграрлық сектор жұмыскерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру, озық шаруашылықтар, ТӨШ, ҒЗИ және университеттер базасында білім тарату орталықтарын, консультациялық орталықтарды және барлық мүдделі АӨК субъектілерінің қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, алдыңғы қатарлы технологияларды қолдану практикасы бойынша көрсету алаңдарын, сондай-ақ шикізат жеткізушілер мен өңдеушілер арасында вертикалды кооперация қалыптастыру үшін өңдеуші кәсіпорындар базасында білім тарату орталықтарын құру ұйымдастырылатын болады.

Тұтас алғанда, бұл шаралар ғылым, білім және өндірісті тығыз интеграциялау, отандық ғылыми әзірлемелерді әзірлеу, шетелдік серпінді инновациялық жобаларды трансферттеу және оларды өндіріске жеделдетіп енгізу, елдің аграрлық нарығында сұранысқа ие кадрларды даярлау және қайта даярлау сапасын арттыру жолымен аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Шетелдік технологиялар трансфертін қолдаудың тиімді жүйесін құру үшін жұмыс істеп тұрған Агротехнологияларды трансферттеу және коммерцияландыру орталығының (бұдан әрі – АТКО) базасында технологиялық міндеттерді мониторингтеу, болжамдау және технологияларды АӨК-ге трансферттеуді ұйымдастыру жөніндегі функционал ашылатын болады.

Бұдан басқа "ҰАҒББО" КеАҚ қызметі мынадай қосымша бағыттарды қамтитын болады:

- 1) АӨК-дегі технологиялық сипаттағы перспективалық міндеттерді болжамдау және қолданыстағыларын мониторингтеу бөлігіндегі талдамалық зерттеулер;

2) АӨК-дегі қолданыстағы және перспективалық міндеттердің оңтайлы технологиялық шешімдерін жедел іздеу;

3) АӨК саласындағы үздік әлемдік технологиялардың дерекқорын қалыптастыру және ҒЗИ, ТӨШ және басқа да нарық қатысушылары арқылы енгізу;

4) келіссөздер ұйымдастыру, инвесторлар тарту жолымен оңтайлы технологиялық шешімдерді трансферттеуге жәрдемдесу, капиталға бірлесіп қатысу жолымен және басқа да әдістермен жобаларды іске асыру;

5) қолда бар ҒЗИ, ТӨШ өнімдерін коммерцияландыруға жәрдемдесу.

Қолданыстағы міндеттерді мониторингтеу және перспективалық міндеттерді болжамдау нәтижелерін АШМ ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру кезінде ғылыми зерттеулердің және АӨК-ні жаңғыртуға бағытталған басқа да іс-шаралардың басым бағыттары ретінде пайдаланатын болады.

ҚР-ның шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерімен, ҚР-дағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктермен, отандық және шетелдік трансферттеу офистерімен және технологияларды коммерцияландыру офистерімен бірге жұмыс жүргізілетін болады.

Білім тарату және ақпараттық-консультациялық қызметті кеңейту жөніндегі қызметтерді өтеусіз негізде көрсету үшін бюджеттік бағдарламада көзделген ақпараттық көрсетілетін қызметтер тізбесіне оңтайлы техникалық шешімдер іздеу және трансферттеуді ұйымдастыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болады.

Білімді тиімді тарату үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

1) агробизнес қажеттілігін ескере отырып, АӨК субъектілерін оқытуды ұйымдастыру;

2) АӨК субъектілерін ақпараттық-консультациялық көрсетілетін қызметтермен қамтуды ұлғайту мақсатында ақпараттық-талдамалық интернет-портал мен Call-орталықты ілгерілету жолымен білім беру құралдарын дамыту;

3) бейнероликтер, анимациялық фильмдер, ақпараттық-графикалық материалдар жасау (тәжірибені капиталдандыру) жолымен АӨК бағыттары бойынша білім базасын құру, жаңарту және толықтыру;

4) ауыл шаруашылығын қаржылық емес қолдау және ақпараттық - консультациялық көрсетілетін қызметтерді дамыту саласында бәсекелес ортаны дамыту.

Осылайша, жоспарланып отырған іс-шаралар кешенін іске асыру кезінде аграрлық ғылымның, білім мен өндірістің өзара іс-қимылы, үздік шетелдік

әріптестермен мынадай мәселелер бойынша ынтымақтастық қамтамасыз етілетін болады:

1) ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында экономиканың аграрлық секторының озық технологияларға деген қажеттіліктерін зерделеу;

2) кадрлар даярлау және қайта даярлау кезінде АӨК субъектілерінің сұраныстарын есепке алу;

3) ғылыми және білім беру бағдарламаларын ҒЗИ, университеттер, колледждер мен АӨК субъектілері күшімен бірлесіп әзірлеу;

4) бизнес-құрылымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында зерттеулер жүргізу немесе технологияларды трансферттеу үшін әлеуетті әріптестер іздеу;

5) зерттеулер нәтижелерін тікелей өндіріске енгізуді және технологиялар трансфертін ұйымдастыру.

Мемлекеттік құралдардың тиімді пайдаланылуын және өз қарыз алушыларының қызметі тұрақтылығын арттыру мақсатында АНК қаржылық емес қолдау шаралары шеңберінде АӨК субъектілері мен қаржы институттарына қаржы институттары мен АӨК субъектілерінің институционалдық жетілуін арттыру шараларының бір бөлігі ретінде ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау және білім берумен қолдау көрсетеді.

АНК қаржылық және технологиялық әріптестермен, инвесторлармен, білім беру мекемелерімен, халықаралық даму институттарымен, қауымдастықтармен, кәсіпкерлікті қолдау ұйымдарымен ынтымақтаса отырып, АНК филиалдары қызметінің бір бөлігін аграрлық бизнесті қолдау орталықтары форматына кезең-кезеңмен қайта бағдарлауды жүргізеді.

Атап айтқанда, АНК "ҰАҒББО" КЕАҚ-мен, салалық қауымдастықтармен, мүдделі АӨК субъектілерімен бірлесіп, құрылатын "ақылды фермалар" базасында АӨК субъектілерін оқыту бағдарламаларын енгізетін болады.

Аграрлық бизнесті қолдау орталығының қызметі:

1) АӨК-дегі еңбек өнімділігі мен қарқынын, қаржылық сауаттылықты, кредиттік тәртіптілікті, АНК мен қаржылық әріптес-институттардың көрсететін қызметтері туралы хабардар болуын арттыруға ықпал ететін АӨК субъектілерінің салалық және қаржылық құзыреттерін (агротехнологиялар, ауыл шаруашылығын жүргізудің тиімді әдістері, қаржыландыру мүмкіндіктері) арттыруға;

2) қаржы институттары мамандарының ауыл шаруашылығы жобалары мен қарыз алушылардың кредиттік тәуекелдерін бағалау жөніндегі салалық

құзыреттерін арттыру, ақпараттық (АӨК субъектілеріне кредит беру жөніндегі қажеттілік және сала үрдістері бойынша талдама), әдіснамалық және консультациялық қолдауға бағытталатын болады.

5.7. АӨК-дегі өндірісті техникалық жарақтау және қарқындату деңгейін арттыру

АӨК-дегі техникалық жарақтану деңгейін жақсарту инвестициялық субсидиялау және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға арналған кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау арқылы АШТӨ-нің жаңа техникаға қолжетімділігін қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылатын болады.

Техникалық жаңарту отандық кәсіпорындарда өндірілген техниканы сатып алуды ынталандыру жолымен де жүргізілетін болады. Осыған байланысты, ҚР аумағында әлемдік брендтердің жаңа өндірістері ашылады.

Жаңа өндірістермен АШТӨ-нің астық жинайтын комбайндарға, орташа қуатты тракторларға және ауыл шаруашылығы өндірісінде қолданылатын басқа да ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарына деген қажеттілігі қамтамасыз етілетін болады.

Отандық өндірістерді қолдау машина жиынтықтарын әкелу және өндірілген техниканы одан әрі өткізу кезінде ҚҚС бойынша жеңілдіктер беру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Өндірілген өнімді өткізу пайыздық мөлшерлемелерді төмендету және инвестициялық субсидиялар түріндегі мемлекеттік қолдаумен бір уақытта қаржы институттарының кредиттік өнімдері арқылы жүзеге асырылатын болады. Жеке қаржы институттарын "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның қорландыруы олардың тартылуына ықпал етеді.

Бұдан басқа отандық өндірістердегі локализациялауға қойылатын талаптарды қайта қарау қажет. Локализация техника сапасын төмендетпеуі тиіс. Күрделі тораптар мен агрегаттар (қозғалтқыш, трансмиссия, электроника), тірек тораптар белгіленген стандарттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Өндіріс деңгейін ұлғайту және ауыл шаруашылығы өндірісінде тыңайтқыштар мен гербицидтерді қолдану үшін шығарылған еліне қарамастан, абсолюттік мәнде субсидиялау нормаларын белгілеу жолымен оларды субсидиялау жалғасатын болады. Бұдан басқа тек гербицидтерді ғана емес, инсектицидтер, фунгицидтер және басқа да пестицид түрлерін субсидиялау үшін заңнамалық негіз құрылатын болады. Теңгемен абсолюттік нормативке көшу бағаның негізсіз жоғарылау тәуекелін төмендетуге, қолданылатын тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алуды және олардың ассортиментін кеңейтуді ынталандыруға мүмкіндік береді.

Агротехнологиялармен белгіленген мерзімдерде АШТӨ-ні тыңайтқыштармен және пестицидтермен уақтылы және толықтай жарақтандыру аграрлық бейіндегі кәсіпкерлік субъектілерін, отандық өндіруші зауыттар мен жеткізушілерді тарта отырып, орталықтандырылған өңірлік химиялық сақтау базаларын құру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, агрохимиялық өнімдерді өндіру (оның ішінде отандық тыңайтқыштар өндірушілердің күрделі тыңайтқыштарды, сұйық тыңайтқыштарды, микротыңайтқыштарды өндіру есебінен тыңайтқыштар ассортиментін кеңейтуі) басым сектор ретінде шетелдік инвесторларды тартуды, қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғыртуды және озық агрохимиялық технологияларды игеру мақсатында ҒЗТҚЖ-ны жандандыруды қоса алғанда, ИИДМБ аясындағы жүйелі және атаулы мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін болады.

5.8. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және АӨК-ге цифрлық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету

Ескерту. 5.8-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру

Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық және жер ресурстары, аңшылық шаруашылықтары саласындағы мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету тиімділігін арттыру үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

- 1) мемлекеттік қызметтер көрсетудің нормативтік реттелуін жетілдіру;
- 2) ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін оңтайландыру;
- 3) ауыл шаруашылығы, орман, балық және жер ресурстары, аңшылық шаруашылықтары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және оларды электрондық форматқа көшіру;
- 4) IT-компанияларды мемлекеттік сатып алу тетіктері, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, ақпараттандырудың сервистік моделі және тағы басқалар бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру процесіне кеңінен тарту.

Көрсетілген шаралардың арқасында:

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алудың жеңілдеуі;
- 2) мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ашықтығы мен жеделдігінің артуы;
- 3) өнімді экспорттау кезінде әкімшілік кедергілердің азаюы қамтамасыз етілетін болады.

АӨК-ні цифрландыру

Ауыл шаруашылығы саласында ақпараттық технологияларды енгізу және цифрландыру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Процестерді автоматтандыру

Автоматтандырумен мынадай процестер қамтылатын болады:

- 1) субсидиялау және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары;
- 2) мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қадағалануы;
- 3) АӨК-дегі сауда;
- 4) балық және балық өнімдерінің айналымын мониторингтеу;
- 5) су ресурстарын мониторингтеу және есепке алу;
- 6) ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу;
- 7) орман қорын, аңшылық шаруашылықтарын мониторингтеу және есепке алу;
- 8) жер ресурстарын мониторингтеу және есепке алу;
- 9) астық қолхаттарын есепке алу;
- 10) АШТӨ-ге кредит беру;
- 11) АШТӨ-ні сақтандыру.

"Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қадағалануы" мен "АӨК-дегі сауда" бағыттары "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасында көзделген.

ЕАЭО-ның цифрлық күн тәртібі және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялану шеңберіндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Процестерді автоматтандыруды қаржыландыру мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері, ақпараттандырудың сервистік моделі, мемлекеттік сатып алу және тағы басқалар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Көрсетілген шаралардың арқасында:

- 1) ауыл шаруашылығы саласындағы процестердің ашықтығы;
- 2) өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау үшін алғышарттардың жасалуы қамтамасыз етілетін болады.

Нақты егіншілік элементтерін және SMART-фермаларды (ақылды фермаларды) енгізу

ҚР-ның барлық өңірлерінде нақты егіншілік элементтері мен SMART-фермаларды енгізу бойынша жұмыс жалғасатын болады, олардың жекелеген элементтері қазірдің өзінде кейбір шаруашылықтар базасында енгізілуде.

АШТӨ нақты уақыт режимінде келіп түсетін егістердің, ылғалдың, қоректік элементтердің, азоттың, калийдің, фосфордың, зиянкестердің жай-күйі, жауын-шашынның ықтималдығы туралы деректер массиві негізінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік алады. Бұл ретте нақты егіншілік элементтерін енгізу жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алумен, агротехнологияларды

орындаумен қатар және фермерлердің дайын болуына қарай жүзеге асырылатын болады. Мұндай элементтерге танаптардың электрондық карталары, нақты метеодеректер, сенсорлар мен датчиктер, ғарыштық мониторинг және тағы басқалар жатады.

SMART-фермалардың енгізілуі секторда түсімділік пен еңбек өнімділігін арттыру үшін жануарлар басының мониторингін және табынды басқаруды жүзеге асыруға, жылыжайлардың дербес басқарылуын қамтамасыз етуге, шығыстарды есепке алу мен талдауды онлайн жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған жобаларды қаржыландыруды АӨК субъектілері, инвесторлар және қажет болған жағдайда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі, ақпараттандырудың сервистік моделі, мемлекеттік сатып алу және тағы басқалар шеңберінде мемлекет жүзеге асыратын болады.

Метеорологиялық станцияларды қолдануды қоса алғанда, "нақты егіншілік" элементтерін бірқатар фермерлік шаруашылықтарға енгізу жөніндегі іс-шара "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасында көзделген.

Көрсетілген міндеттер шеңберінде ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасында көзделген іс-шараларға сәйкес АШТӨ-ні байланыспен және Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Көрсетілген шаралардың арқасында:

1) еңбек өнімділігінің, түсімділіктің артуы және өнімдердің өзіндік құнының төмендеуі;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау үшін алғышарттардың жасалуы қамтамасыз етілетін болады.

Жобаларды енгізуді ұйымдастыру

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, процестерді автоматтандыруды ұйымдастыру және нақты егіншілік элементтері мен SMART-фермаларды енгізу үшін басқарушы кеңестен, сараптамалық кеңестен, цифрландыру офисінен және ахуал орталығынан тұратын "Е-АӨК" жобалық инфрақұрылымын қалыптастыра отырып, жобалық тәсілдеме қолданылатын болады.

Басқарушы комитеттің отырысында талдау нәтижелері қарастырылады және АӨК-ні цифрландыру жөніндегі жобалар қорғау үшін шығарылатын болады.

Сараптамалық кеңес IT-ұйымдардың ("Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" АҚ, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ, IT-бизнес және басқалар) өкілдері мен техникалық мамандарынан тұратын жобалардың орындылығына сараптамалық және техникалық бағалау жүргізетін болады.

Цифрландыру саласындағы жобаларды басқару цифрландыру офісі арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілген офіске процестер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, сондай-ақ АӨК-ні цифрландыру жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін ІТ-бизнес тартылатын болады.

Жоғары деңгейдегі құзыретті қамтамасыз ету мақсатында жобалық офіске консалтингтік және консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жолымен консультанттар мен сарапшылар тартылатын болады.

Бұл ретте цифрлық шешімдерді іске асыру үшін ІТ-талдамашылар, ІТ-шешімдер жөніндегі сарапшылар мен әзірлеушілер де тартылады.

Бұл мақсаттар үшін ауыл шаруашылығындағы уәкілетті органның әрбір ведомстволық бағынысты мекемесінде, кәсіпорындары мен еншілес және бағынысты ұйымдарында ақпараттық технологиялар жөніндегі бөлімшелер ашылады, оларға процестер өзгерген сайын ішкі процестерді тұрақты негізде талдау және автоматтандыру үшін ІТ-талдамашылар мен әзірлеушілер қабылданатын болады. Бұл ретте нарықтық еңбекақы көзделетін болады.

Жобаларды мониторингтеу мен басқаруды ұйымдастыру үшін тиісті жүйеге қол жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу жолымен аутсорсингке арналған жобаларды басқару жөніндегі бағдарламалық қамтылым пайдаланылатын болады.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін құрылып жатқан Ахуал орталығына АӨК-ні цифрландыру саласындағы барлық іске асырылып жатқан және енгізіліп жатқан жобалар бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттің және АӨК-ні цифрландыруға қатысатын ІТ-бизнестің ақпараттық жүйелерінен алынатын ақпарат беріліп отыратын болады.

5.9. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайына қанағаттануы деңгейін арттыру

Ескерту. 5.9-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Ауылдық аумақтардың толыққанды және тиімді жұмыс істеуі үшін міндетті талап:

- 1) тиісті инженерлік коммуникациялар;
- 2) тиісті әлеуметтік-тұрмыстық көрсетілетін қызметтер объектілерінің болуы;
- 3) көлік байланысы үшін пункттердің жақындығы;
- 4) электр энергиясы, газбен жабдықтау және басқалар болып табылады.

Осылайша, ауылдық аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету кешенді проблема болып табылады. Оның шешілуі мынадай міндеттер орындалған жағдайда мүмкін болады:

- 1) ауылдық жерлерде экономикалық қызметті, оның ішінде ауыл шаруашылығына қатысы жоқ бизнесті дамыту;
- 2) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым салу, оны жөндеу және реконструкциялау;
- 3) тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу, жеңілдетілген ипотека;
- 4) ауылдық аумақтарды басқаруда ведомствоаралық бытыраңқылықты еңсеру және орталық атқарушы және ЖАО, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнестің арасындағы үйлесімді күшейту;
- 5) азаматтардың еңбек күші көп өңірлерден еңбек күші тапшы өңірлерге еркін қоныстануына жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарының аумақтық мобильділігін ынталандыру;
- 6) биоресурстарды сақтау және орнықты пайдалану үшін жағдайлар жасау.

Ауылдық жерлерде экономикалық өсу орталықтарын дамыту үшін мемлекеттік қолдау ең алдымен тірек АЕМ мен әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдарға тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға бағытталатын болады.

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік, инженерлік және басқа да инфрақұрылымын дамыту жөніндегі, сондай-ақ жеңілдетілген ипотека беру жөніндегі шаралар қолданыстағы мынадай бағдарламалық құжаттар аясында көзделетін болады:

- 1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы";
- 2) Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;
- 3) "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы;
- 4) "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы;
- 5) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы;
- 6) Өңірлерді дамыту бағдарламалары және басқалар.

Жоғарыда көрсетілген шараларға қол жеткізу жөніндегі негізгі тәсілдемелер жобалық басқару қағидаттарына сәйкес құзыретіне сай орталық мемлекеттік органдар әзірлейтін және басқарушы кеңес бекітетін АӨК-мен аралас кіші бағдарламалар шеңберінде пысықталатын болады.

Бұл ретте АӨК-мен аралас кіші бағдарламалар бағыттары бойынша шешімдердің мерзімдерін басқарушы кеңес бекітетін болады және олар Мемлекеттік бағдарламаны басқару жоспарында көрініс табады.

Ауылдық аумақтарды дамытудағы кешенді тәсілдеме ауыл мен қала халқының өмір сүру деңгейін арттыруға және өмір сүру сапасындағы алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, ауыл шаруашылығы өндірісіне жас, біліктілігі жоғары кадрларды тарту және АӨК-дегі еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасалатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын басқару

Қазіргі жағдайда мемлекеттік органдардың мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындауы иерархиялық құрылымдар мен ағымдағы функциялар аясында жүзеге асырылады, бұл бағдарламалардың іске асырылу тиімділігінің жеткіліксіз болуына алып келеді.

Мемлекет басшысы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында "менеждменттің жаңа құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу қажет" екендігін атап өтті.

Осыған байланысты Мемлекеттік бағдарлама нәтижелеріне қол жеткізу үшін АӨК-нің басым салалары бойынша ISO 21500 стандартына сәйкес жобалық тәсілдеме қолданылатын болады. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды басқаруға жобалық тәсілдеме енгізу пилоттық болып табылады.

Бұл үшін осы Мемлекеттік бағдарламаға қосылған түйінді көрсеткіштер мен іс-шаралар негізінде 2021 жылға дейінгі кезеңде бірізді декомпозициялау жолымен жобалық басқару стандарттарына сәйкес мыналар әзірленетін болады:

1) іске асыру кезеңі 10 және одан да көп жыл болатын инвестициялық бағдарламалар (іске асырудың бірінші кезеңі ретінде) (етті және сүтті мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, суармалы егіншілікті дамыту, қарқынды бақ шаруашылығы, қант саласы және басқалар);

2) АӨК-мен аралас кіші бағдарламалар (агрохимия, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, цифрландыру, салық салу, техникалық реттеу, экспортты қолдау, энергетика, көлік және логистика, білім беруді, денсаулық сақтауды, мәдениет пен спортты, туризмді, экологияны, байланыс пен коммуникацияларды қоса алғанда, ауылдық аумақтарды дамыту және ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің оң имиджін қалыптастыру және тағы басқалар);

3) тиісті өңір ерекшелігін ескере отырып, инвестициялық бағдарламаларда және АӨК-мен аралас кіші бағдарламаларда көзделген міндеттер мен іс-шараларды қамтитын өңірлердегі АӨК-ні дамыту бағдарламалары.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың жобалық тәсілдемесі республикалық деңгейде Мемлекеттік бағдарламаның басқарушы кеңесінен, Мемлекеттік бағдарламаның сараптамалық кеңесінен, Мемлекеттік бағдарламаны басқару офисінен және ахуал орталығынан, сондай-ақ өңірлік деңгейде өңірлік АӨК бағдарламаларының басқарушы комитеттерінен, өңірлік сараптамалық кеңестерден тұратын жобалық инфрақұрылым қалыптастыруды көздейді.

Жобалық басқару стандарттарына сәйкес басқарушы құжаттар – бағдарлама/кіші бағдарлама жарғысы, бағдарламаны/кіші бағдарламаны басқару жоспары әзірленуде.

Мемлекеттік бағдарламаны басқару офисі мемлекеттік органдардағы жұмыс істеп тұрған жобалық тәсілдемені енгізу штабтарымен және облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктеріндегі өңірлік енгізу штабтарымен үндес болады.

21-диаграмма. Жобалық басқару жүйесі



Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары басқаратын Мемлекеттік бағдарламаның басқарушы кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) құрылатын болады. Кеңес құрамына мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың бірінші басшылары кіретін болады.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын басқаруды АШМ-ның Мемлекеттік бағдарламаны басқару офисі жүзеге асыратын болады.

Кеңес шешімдер қабылдау процесінің сараптамалық және консультациялық-әдістемелік сүйемелденуін қамтамасыз ету үшін сараптамалық кеңес құрады.

Мемлекеттік бағдарламаның жобалық персоналын әдіснамалық сүйемелдеу мен оқыту қамтамасыз етілетін болады.

6. Қажетті ресурстар, млн. теңге

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Басқа көздер
2017 ж.	372 770	232 492	140 277	0
2018 ж.	454 439	261 938	150 134	42 367
2019 ж.	507 630	290 621	156 743	60 266
2020 ж.	745 559	468 733	200 596	76 530
2021 ж.	866 750	576 006	202 113	88 631
Жиыны:	2 947 148	1 829 491	849 863	267 794

Қазақстан Республикасының
агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың
2017 – 2021 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.01.2020 № 1 қаулысымен.

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Оның ішінде жылдар бойынша, млн. теңге						Қаржыландыру көздері	Бюджеттік бағдарлама коды
						2017	2018	2019	2020	2021	Барлығы		

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
<p>Мақсаты:</p> <p>Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруда АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімі экспортын 5 жыл ішінде 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту.</p> <p>Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға шаққанда еңбек өнімділігін 2015 жылғы 1,2 млн теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылға қарай 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.</p>													
Нысаналы индикаторлар													
1	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің индексі	%			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	112	118	196	228	267			
2	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі	%			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	108	113	154,2	170,5	190,2			
3	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлем индексі	%			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	159	185	304	395,3	516			
4	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда тамақ өнімдері өндірісіндегі негізгі	%			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және	102	122	185,2	204,5	221,9			

	капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлем индексі				Шымкент қалаларының әкімдіктері								
5	Азық-түлік тауарлары импортының көлемі	млн. АҚШ долл.			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	2 466	2 377	2 288	2 196	2 105			
6	Өнеркәсіптегі сумен жабдықтау жүйелеріндегі судың көлемі:				ЭГТРМ, ИИДМ								
6.1	қайта сумен жабдықтау	текше км				0,70	0,71	0,73	0,75	0,77			
6.2	айналымды сумен жабдықтау	текше км				7,33	7,38	7,46	7,54	7,62			
7.	Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі	млн. АҚШ долл.			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	1 081,0	1 150,0	1 270,0	1 650,0	2 400,0			
8	Суаруға арналған су шығысы	текше м/га			ЭГТРМ, АШМ, облыстардың әкімдіктері	8 608	8 223	7 873	7 548	7 348			
1-міндет: Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету													
Нәтижелер көрсеткіштері													
Азық-түлік қауіпсіздігі – басым бағыттар													
1	Өндеуге келіп түскен сүт шикізатының көлемі	%			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент	30	31	32	33	37			

					қалаларын ың әкімдіктері								
2	Құс етін өндіру көлемі	мың тонна			АШМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	187	230	268	286	298			
3	Ұйымдастыры лған шаруашылықта рдағы акваөсіру өнімдерін өндіру көлемі	тонна			ЭГТРМ, АШМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	2 776	2 290	2 947	3 954	5 000			
4	Ұйымдастыры лған шаруашылықта рдағы жеміс- жидек дақылдарын және жүзім өндіру көлемі	мың тонна			АШМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	202,5	205	210	215	220			
5	Қазақстанда өндірілген шикізаттан өндірілген қант өндірісінің көлемі	мың тонна			АШМ, ИИДМ, облыстард ың әкімдіктері	48,1	59	78	97	121			
Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі													
6	Ауылдық жерлерде тұратын халықтың ауыз су сапасына қанағаттану деңгейі	%			ИИДМ, ЭГТРМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың	58,7	60	61	62	64			

					әкімдіктері								
7	Жеміс/көкөніс/ картоп қоймаларының көбеюі	мың тонна			АШМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері			100	100				
Экономикалық қолжетімділік													
8	Азық-түлік тауарлары көтерме саудасының нақты көлем индексі	%			АШМ, СИМ, облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	106	113	118	123	129			
Іс-шаралар													
1.	Ауыл шаруашылығы саласы туралы хронометражы кемінде 30 минут, 30 шығарылым болатын телевизиялық циклдік ток- шоу/бағдарлам а әзірлеп және шығарып, кейіннен республикалық телеарналарды ң біріне орналастыру	млн. теңге	эфирлік анықтама	жыл сайын, 2019 – 2021 жыл дары сәуір- қараша	АШМ, АҚДМ			138		138	РБ*	001	
2.	Рейтингі жоғары интернет порталдарда екі аптада бір рет жариялай отырып, жеке айдар форматында	млн. теңге	есеп	жыл сайын, 2019 – 2021 жыл дары сәуір- қараша	АШМ, АҚДМ			65		65	РБ*	001	

	ауыл шаруашылығы тақырыбына арнайы жобаларды әзірлеу және енгізу (3 арнайы жоба, 15 жарияланымнан)											
3.	АӨК-ні дамыту бағдарламасы шеңберінде Facebook, Instagram, Youtube әлеуметтік желілерінде бірыңғай имидждік жобаның парақшаларын ашу және ілгерілету. Бірегей фото, бейне, мәтіндік контент жасау және парақшаларға жарнама жасау арқылы ілгерілету	млн. теңге	SMM стратегия, контент жоспар, нысаналы көрсеткіштер бойынша жарияланымдар және статистиканы көрсеті отырып, есеп беру	жыл сайын, 2019 – 2021 жылдары сәуір-қараша	АШМ, АҚДМ		35			35	РБ*	001
4.	АӨК-ні дамыту бағдарламасы шеңберінде бастамаларды интернет желісінде жарнама жасау арқылы ілгерілету (контекстік жарнама, әлеуметтік желілердегі жарнама, playable ads, баннерлік жарнама)	млн. теңге	жарнамалық - медиастратегия, орналастыру медиа-жоспары, түйінді көрсеткіштер бойынша орналастыру мысалдарын және статистиканы көрсеті отырып, есеп беру	жыл сайын, 2019 – 2021 жылдары сәуір-қараша	АШМ, АҚДМ		46			46	РБ*	001

5.	Республикалық және өңірлік телеарналарда бейнеконтентті (жарнамалық роликтер, бейне дайджесттер, инфографика, жаңалықтар сюжеттері) орналастыруды қамтамасыз ету (40 бейне материал, 1-1,5 минут, прайм таймда 20 рет)	млн. теңге	эфирлік анықтама	жыл сайын, 2019 – 2021 жылдары сәуір-қараша	АШМ, АҚДМ			150			150	РБ*	001
6.	АӨК-ні дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды ақпараттандыру және PR ілгерілету	млн. теңге	ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызы	АШМ, АҚДМ			297	313	610	РБ*	001	
7.	АШМ мен облыстар әкімдіктері арасында ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасасу		келісімдер (меморандумдар)	жыл сайын, 2020 – 2021 жылдары мамыр	АШМ, облыстардың әкімдіктері	талап етілмейді							

2-міндет: АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету

Нәтижелер көрсеткіштері

1	Кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі	млн. теңге			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы	99 943	109 257	259 947	535 275	882 354		
---	---	------------	--	--	--------------------------------------	--------	---------	---------	---------	---------	--	--

	шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемі**				және Шымкент қалаларының әкімдіктері								
2	Инвестициялық субсидиялар есебінен тартылған инвестициялар көлемі**	млн. теңге			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	298 314,6	350 060	340 806	570 002	751 286			
3	АӨК-ге тікелей шетелдік инвестицияларды тарту	млн. АҚШ долл.			АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	27,5	12,1	13,9	40	50			

Іс-шаралар

8.	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау		Қазақстан Республикасының Заңы	2019 жылғы желтоқсан	АШМ, мүдделі МО, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді							
9.	Акваөсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды		АШМ бұйрығы	2017 жылғы шілде	АШМ, облыстардың әкімдіктері,	талап етілмейді							

	субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту				"Атамекен " ҰКП (келісу бойынша)								
10.	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	17 374	10 3 28	52 6 61	70 416	72 402	223 181	ЖБ*	020
11.	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіруге жұмсалатын шығындардың құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, қаласының әкімдіктері	2 156					2 156	ЖБ	048
12.	Жеміс-жидек дақылдары ("Апорт" сортты алма ағашы) мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындардың құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары ның және Алматы қаласының әкімдіктері	339	383				722	ЖБ	016
13.	Минералды тыңайтқыштар дың (органикалық тыңайтқыштар ды қоспағанда) құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстард ың, Нұр- Сұлтан және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	17 549	16 9 60				34 509	ЖБ	047
14.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, қоса алғанда	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы	26 271	18 9 52				45 223	ЖБ	041
									2	2	4	ЦТТ	из

	саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантиндік объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің , биоагенттердің (энтомофагтар дың) құнын арзандату			31 желтоқса нға дейін	және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері				049	049	098	РБ	106
15.	Жеке және занды тұлғаларға дәнді дақылдардың бактериялық күйігімен залалданған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызуға және өсіруге жұмсаған шығындарын өтеу	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, қоса алғанда 31 желтоқса нға дейін	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері				147	147	293	ЦТТ РБ	из 255- 113
16.	Мақта талшығының, шитті мақтаның сапасына сараптама жасауға жұмсалатын шығындар құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	Түркістан облысыны ң әкімдігі	72	72				144	ЖБ	017
17.	Тұқым шаруашылығы н қолдауды субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі	облыстард ың, Нұр- Сұлтан және Шымкент	8 504	13 763				22 267	ЖБ	002

				жылдың 15 ақпаны	қалаларын ың әкімдіктері									
18.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері				1 649	1 610	3 259	ЖБ	014	
19.	АӨК субъектілеріне көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге кредит беру	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "АНК" АҚ (келісу бойынша)	60 000	60 000	60 000	70 000	70 000	320 000	РБ	262	
20.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы н дамытуға және мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға жұмсалатын шығындар құнын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстардың әкімдіктері	65 107	68 998	73 139	94 653,1	96 573,6	398 471	ЖБ*	255-053	
21.	Акваөсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	0			553,9	576,5	1 130,4	ЖБ		
22.	АӨК саласындағы дайындау ұйымдарына есептелген ҚҚС шегінде бюджетке	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын	1 253	766	2 000	1 499	1 499	6 238	РБ*-данНАТ	265-100	

	төленген ҚҚС сомасын субсидиялау			ақпаны	ың әкімдіктері								
23.	Өңдеуші кәсіпорындардың оның ішінде құрғақ сүт, сары май және ірімшік өндіру үшін шикізат сатып алуға жұмсалатын шығындарын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстардың әкімдіктері	2 870	3 131	3 035	6 650,5	6 799,2	22 486	ЖБ*	057
24.	"Аграрлық қолхаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу		Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы және оны ВАК-қа шығару	2019 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							
25.	Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктерді дамыту саласындағы заңнамасын жетілдіру		Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы және оны ВАК-қа шығару	2019 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰБ (келісу бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							
26.	Қазақстан Республикасының агросактандыру саласындағы заңнамасын жетілдіру		Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы және оны ВАК-қа шығару	2019 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							
27.	Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың	АШМ, "АШҚҚҚ" АҚ (келісу бойынша)				4 920	5 365	10 285	РБ	250-108

				15 ақпаны										
28.	"Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/339 бұйрығына толықтыру енгізу		АШМ бұйрығы	2020 жылғы желтоқсан	АШМ, ИИДМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Ақпараттық-есептеу орталығы" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді								
29.	"Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын		АШМ бұйрығы	2018 жылғы шілде	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді								

	бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу						
30.	"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	АШМ бұйрығы	2018 жылғы қараша	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді		
31.	"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл	АШМ бұйрығы	2018 жылғы шілде	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді		

	шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 48 бұйрығына өзгерістер енгізу												
32.	Мемлекеттік бағдарламаның басым мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	млн. теңге	РБК шешімі	2018 жылғы шілде	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)		52 880	64 000	74 000	96 000	228 800	РБ*	258
33.	Жаңа инвестициялық қорларды құру және қолданыстағылар арына инвесторларды тарту мәселесін пысықтау		АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, 20 желтоқсан	"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							
34.	Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектілері шеккен шығыстардың бөлігін өтеу бойынша субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	76 225	75 676	66 531	134 728	186 157	539 317	РБ*-данНАТ	250-102
							17 188	27 608	26 362	23 830	94 988	ЖБ*	050-015
35.	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын	14 003	15 077	10 465	7 701	5 017	52 263	РБ*-данНАТ	250

	бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау			ақпаны	ың әкімдіктері								
36.	Агроөнеркәсіп тік кешен субъектілеріне кредит беру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасын және технологиялық жабдықты сатып алуға арналған лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемеле рін субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	15 609	21 3 06	43 1 20	66 072	9751 4	243 621	РБ*- данНАТ	250
37.	Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	Нұр- Сұлтан қаласының әкімдігі				33 169	33 169	66 338	ЦТТ из РБ*	250
38.	АӨК субъектілеріні ң қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялау	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпаны	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын ың әкімдіктері	0	0	450	806	1074	2 330	РБ*- данНАТ	250
39.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері нің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы	млн. теңге	АШМ-ге ақпарат	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15	облыстард ың, Нұр- Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын	27	287	301	311	322	1 248	ЖБ*	59

	кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау			ақпаны	ың әкімдіктері								
40.	"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу		АШМ бұйрығы	2020 жылғы наурыз	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							
41.	"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарын ың және		АШМ бұйрығы	2019 жылғы наурыз	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП" АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді							

	көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу						
42.	Субсидиялаудың кейбір түрлері бойынша еліміздің барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында дамыған инфрақұрылым мен филиалдық желісі бар жүйе құраушы ұйым атынан бірыңғай	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2018 жылғы қараша	АШМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП" (келісу бойынша	талап етілмейді		

	оператор құру мәселесін пысықтау												
43.	Базалық шаруашылықтардың (ЖШС, Ш/Қ және т. б.) мал азығын дайындауы, сондай-ақ өткізуі үшін ЖАО-ның ЖҚШ және фермерлік шаруашылықтарға шөп, сабан және дәнді мал азығын бөлу мәселесін пысықтау		АШМ-ге акпарат	2020 – 2021 жылдары маусым	облыстардың әкімдіктері	талап етілмейді							
44.	Мал шаруашылығын орнықты дамыту бағдарламасын іске асыру туралы келісім жобасын ілгерілету		қарыз туралы ратификацияланған келісім	2020 жылғы желтоқсан	АШМ, Қаржымині	талап етілмейді							
45.	Бірыңғай аграрлық салықты енгізу бөлігінде салық кодексіне өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені пысықтау		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2019 жылғы екінші жартыжылдық	ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, "Атамекен" ҰКП" (келісу бойынша)	талап етілмейді							

3-міндет: Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру

Нәтижелер көрсеткіштері

1	Жер ресурстарын ұтымды пайдалану үшін мемлекеттік жер кадастрының жаңартылған	зерттеп-қарауға жататын алаңның %-ы өсу			АШМ, ЦДИАӨМ, облыстардың әкімдіктері	17,4	19,7	22,1	24,6	27,5				
---	---	---	--	--	--------------------------------------	------	------	------	------	------	--	--	--	--

	деректерімен қамтамасыз етілу	ретімен											
2	Топырақтық зерттеп-қараумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	4 500	7 000	7 100	7 200	7 200			
3	Геоботаникалық зерттеп-қараумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	3 800	7 300	7 300	7 300	7 300			
4	Бонитет балындаумен қамтылған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы	мың гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	3 000	4 081	5 500	7 500	7 500			
5	Электрондық түрде жасалған топырақтық карталардың ауданы	мың гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	4 500	7 000	7 100	7 200	7 200			
6	Электрондық түрде жасалған геоботаникалық карталардың ауданы	мың гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	3 800	7 300	7 300	7 300	7 300			
7	Агрохимиялық зерттеп-қараумен	млн. гектар			АШМ, ЦДИАӨМ, "Азаматтар	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5			

	қамтылған жыртылған жерлер ауданы				ға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)								
8	Аэротүсірілім ен қамтылған жерлердің ауданы	мың гектар			АШМ, "АШАІМИ " РМК (келісу бойынша)	4 869	4 869	7 752	2 113	20 189			
9	Аэросуреттер мен сурет жоспарларынд ағы ауыл шаруашылығы контурлары мен объектілерін дешифрлаумен қамтылған жерлердің ауданы	мың гектар			АШМ, "АШАІМИ " РМК (келісу бойынша)	3 724	9 137	17 873	5 801	85 8 4,5			
